

Қазақстан
КОММУНИСТ

1-3

ЯНВАРЬ

1960

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

911

МАЗМҰНЫ

Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы. КПСС Орталық Комитетінің қаулысы	3
БАС МАҚАЛА — Ауыл шаруашылығын үздік өркендете берудің айқын программасы	19
М. ЕСЕНОВ — Қатаң үнемділік, ұқыптылық керек	27
Р. ҚУАТОВ — Колхоздарда өнімнің түсер құнын кеміту мүмкіндіктері	33
Ы. ДҮЙСЕНБАЕВ — Қоркем сөздің асқан шебері	39

ЛЕКЦИЯ ЖӘНЕ КОНСУЛЬТАЦИЯ

Қ. ШӘЙМЕРДЕНОВ — Бейбіт қатар өмір сүру — өмірдің ең күшті талабы	45
---	----

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

К. ТРЕТЬЯКОВ — Еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға күнделікті көңіл бөліңсін	51
С. ХАЙДАРОВ — Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау күрметті міндет	57
М. НҮРҒОЖАЕВ — Бұқаралық саяси жұмыс нақты, пәрменді болсын	64

ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

Ә. НҮРМАҒАМБЕТОВ — Алдыңғы шепте	69
----------------------------------	----

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

М. БУРАБАЕВ, Д. КІШІБЕКОВ, Т. СҰЛТАНБЕКОВ — Марксистік философия негіздері туралы кітап қазақ тілінде	73
Партия тұрмысының хабарлары	79
Үгітші, дәптеріңе жазып ал!	80

СОДЕРЖАНИЕ

О задачах партийной пропаганды в современных условиях Постановление Центрального Комитета КПСС	3
ПЕРЕДОВАЯ — Боевая программа дальнейшего подъема сельского хозяйства	19
М. ЕСЕНОВ — Экономия и бережливость — важнейшее условие роста производства	27
Р. КУАТОВ — Резервы снижения себестоимости сельскохозяйственной продукции в колхозах	33
И. ДУЙСЕНБАЕВ — Великий русский писатель А. П. Чехов	39

ЛЕКЦИЯ И КОНСУЛЬТАЦИЯ

К. ШАЙМЕРДЕНОВ — Мирное сосуществование — властное требо- вание жизни	45
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ


К. ТРЕТЬЯКОВ — Вопросы о быте трудящихся в центр внимания пар- тийных организаций	51
С. ХАЙДАРОВ — Досрочное выполнение семилетки почетная зада- ча (на Западно-Казахстанской областной партийной конференции)	57
М. НУРГОЖАЕВ — За конкретную действенную агитмассовую работу	64

ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

А. НУРМАГАМБЕТОВ — Письмо из Рязани	69
---	----

КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ

М. БУРАБАЕВ, Д. КИШИБЕКОВ, Т. СУЛТАНБЕКОВ — Основы марксистской философии на казахском языке	73
ПАРТИЙНАЯ ХРОНИКА	79
В блокнот агитатора	80



Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы

КПСС Орталық Комитетінің қаулысы

Елімізде коммунистік қоғам орнатуды кең өрістетудің дәуірінде партияның идеологиялық жұмысының, әсіресе оның шешуші саласы — партия насихатының өте зор маңызы бар. Дүниеге коммунистік көзқарасқа дағдылану, марксизм-ленинизм негіздерін меңгеріп, партияның саясатын жете түсіну әрбір совет адамы үшін өмірлік қажетіне айналып келеді. Мұның өзі мынаған байланысты:

біріншіден, коммунистік құрылыстың программасын ойдағыдай жүзеге асырып, коммунизмнің материалдық-техникалық негізін жасау, СССР-дің экономикалық күш-қуатын онан әрі нығайтып, материалдық игіліктердің молшылығына жету еңбекшілердің саналылық дәрежесін арттыруға тікелей байланысты болып отыр;

екіншіден, социалистік демократия онан әрі дамытылып, социалистік мемлекеттік коммунистік қоғамның өзін-өзі басқаруына бірте-бірте ұласқан сайын бұқараны көзін жеткізе тәрбиелеу советтік қоғамның өмірін реттеп отырудың негізгі әдісіне бұрынғыдан көбірек айнала бастайды;

үшіншіден, коммунистік мінезі, коммунистік дағдысы мен моралі бар жаңа адамды қалыптастырып, адамдардың санасындағы капитализмнің сарқыншақтарын жою кәзіргі уақытта практикалық басты міндеттердің бірі болып табылады;

төртіншіден, қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі идеологиялық күресті бәсеңдетпейді. Біздің партиямыз кәзіргі заманның нағыз прогрестік және шын мәнісіндегі ғылыми идеология — коммунистік идеология үшін ымырасыз күрес жүргізіп келді және жүргізе береді де.

Идеологиялық жұмысты ойдағыдай жүргізу үшін кәзіргі уақытта ерекше қолайлы жағдай жасалып отыр.

Партияның XX және XXI съездерінің, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының тарихи қаулылары елімізді коммунизмге жету жолымен дамыту программасын белгілеп берді. Партия аса бай лениндік мұраға сүйене отырып, экономикалық, саяси, идеологиялық салалардағы және халықаралық қарым-қатынас саласындағы аса маңызды шараларды белгілеп, жүзеге асырып келеді, ол коммунистік құрылыстың барлық салаларында аса үздік жеңістерге жетті.

Біздің Отанымыз жаңадан қарыштап өрге басуда, жетіжылдық жоспардың тапсырмалары ойдағыдай орындалып, капиталистік елдермен экономикалық жарыстағы қарқын сеніммен күшейтіліп келеді. Советтік социалистік құрылыс бұрынғыдан да бекем нығайып, күшейе түсті, партия мен халықтың бірлігі, жұмысшылар мен шаруалардың одағы, еліміздің халықтарының достығы, барлық совет адамдарының өзара жолдастық көмегі мен топтасқан ынтымағы нығая түсті. Еңбекшілердің әл-ауқаты онан әрі жақсарып, олардың жалпы білім, мәдени және саяси дәрежесі едәуір артты. Коммунистік қоғам орнатуда халық бұқарасының творчестволық белсенділігі бұрынғыдан анағұрлым күшейді.

Коммунистік идеология кәзіргі уақытта жүздеген миллион адамдардың ойын билеп, бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күрестің пәрменді факторына айналып, үсті-үстіне жаңа жеңістерге жетіп отырғанын өмірдің өзі күн сайын айқын көрсетуде. Коммунистік идеологияның тартымды, революциялық қайта жанартушы зор күшінен дұшпандардың үрейі ұшып қалтырауда. Кәзіргі заманның озық идеялары марксизм-ленинизмде, КПСС-тің, туысқан коммунистік және жұмысшы партиялардың шешімдерінде бейнеленген.

Біздің партиямыз коммунизмнің жеңісі жолындағы күресте маркстік-лениндік ілімді жаңа идеялармен байытып, социализмнің коммунизмге ұласуының, коммунистік қоғамның материалдық-техникалық негізін қалап, социалистік демократияны дамытудың заңдылықтары туралы, социализмнің дүниежүзілік системасын дамытудың заңдылықтары туралы, қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі туралы мәселелерді жанжақты терең талдап шешті. Партия бейбітшілік пен соғыс мәселелерін кәзіргі жағдайда жаңаша қойып отыр.

Соңғы жылдары дүниежүзілік көлемдегі күштердің арасалмағы социализмнің пайдасына түбегейлі өзгерді. СССР-де социализм толық жеңіп қана қойған жоқ, сонымен бірге түпкілікті жеңіп шықты да. Еліміздің және барлық социалистік мемлекеттердің халықаралық беделі, олардың дүниежүзілік тарихтың барысына, бүкіл адамзаттың тағдырына жасап отырған ықпалы өлшеусіз арта түсті. Совет Одағы мен басқа да социалистік елдердің, барлық бейбітшіл халықтардың белсенді және дәйекті күрес жүргізуі нәтижесінде халықаралық шиеленіс бәсеңдетіле бастады, әлеуметтік-экономикалық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі нақты іске айналып, жер жүзінде баянды бейбітшілікке жету жолдары ашылды.

Еліміздің қол жеткен бүкіл дүниежүзілік тарихи табыстары және оның бұдан да тамаша болашаққа қарай қадам басуы совет адамдарын жігерлендіріп, бүкіл халқымызға коммунистік тәрбие беру ісін өрге бастыруға жаңа мүмкіндіктер тудырып отыр.

Москва мен Ленинградтағы, Украина, Белорусс, Қазақ, Грузия, Өзбек ССР-леріндегі, РСФСР-дің Свердлов, Саратов, Ульянов және кейбір басқа облыстарындағы идеологиялық жұмыстың жайын зерттеу партия ұйымдарының соңғы жылдарда партия насихатын мықтап қайта құрғанын көрсетуде. Жеке адамға табынушылықтың салдарынан кен өріс алып, идеялық-тәрбие жұмысына едәуір нұқсан келтірген негізгі кемшілікті — догматтық пен жаттаушылық элементтерін жою жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Насихат, көбінесе, өткен дәуірге бағыттталып, тек «ВКП(б) тарихының қысқаша курсы» төңірегінде ғана жүргізілген, соның өзінде партияның дамуындағы революцияға дейінгі дәуір талай жылдар бойы оқылып келген қолайсыз жағдай негізінен жойылды. Ал мұндай қолайсыз жағдайдың бәрі совет халқының социализм жеңісіне жету жолындағы күрес тәжірибесін терең зерттеп білуге бағытталмай, партиямыздың теориясы мен саясатының бүгінгі таңдағы маңызды мәселелерін айқын түсінуге нашар көмектесіп келген болатын.

КПСС XX және XXI съездерінен кейін еліміздегі идеялық өмір едәуір күшейіп, жаңа сатыға көтерілді. Коммунистік идеологияны насихаттау неғұрлым нақтылы және алуан түрлі сипатта өрістетіліп, оның пәрменділігі, ұйымдастырушы және жұмылдырушы ролі арта түсті. К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің шығармалары, КПСС съездері мен Орталық Комитет Пленумдарының шешімдері неғұрлым терең оқылып, кеңінен насихаттала бастады. Социалистік құрылыстың практикалық қорытатын бірқатар кітаптар, сондай-ақ марксизм-ленинизм

жөнінде пайдалы оқу құралдары шығарылды; газеттер мен журналдар партияның теориясы мен саясатын насихаттауды жақсартты.

Партия ұйымдары жұмыстың жаңа формаларын қолданып, кадрлардың экономикалық білім дәрежесін айтарлықтай арттырды, мұның өзі кәсіпорындардың, құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың жұмысына басшылықты жақсартуға пайдалы әсерін тигізді. КПСС тарихын, әсіресе Октябрьден кейінгі дәуірді, сондай-ақ марксистік философияны, партияның ішкі және сыртқы саясатын, халықтық демократиялық елдерде социализм орнатудың, дүниежүзілік коммунистік жұмысшы, демократиялық және ұлт-азаттық қозғалыстың аса маңызды мәселелерін оқып үйренуге баса көңіл бөлінетін болды. Буржуазиялық идеология мен кәзіргі замандағы ревизионизм неғұрлым белсене және терең талдау негізінде сынала бастады. Идеологиялық жұмыстың әр салалы тәжірибесі жинақталып, насихатшы кадрлар өсіп жетілді, олардың теориялық және методикалық даярлығы жақсарып, партия насихатының материалдық негізі едәуір нығая түсті.

Мұнымен бірге, КПСС Орталық Комитеті ауызша және баспасөздік насихатта осы уақытқа дейін зор кемшіліктер болып келеді деп санайды.

Партия насихатындағы басты кемшілік өмірден, коммунизм құрылысының практикасынан қол үзушіліктің әлі де болса толық жойылмай келе жатқандығы болып табылады.

Насихат жұмысының негізгі мәні — коммунистік құрылыстың белгілі бір салаларындағы нақты нәтижелерден көрінетін оның әсерлілігінде екенін, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, материалдық және рухани байлық молшылығын жасау жолындағы, өндірістің ұйымдастырылуын неғұрлым жоғары дәрежеге жеткізу жолындағы күрес идеология жұмысының мүшелі саласы болып табылатынын көптеген партия ұйымдарының естен шығаратыны жиі кездеседі. Идеялық-тәрбие жұмысының табысты болуының өзі қоғамның материалдық базасының дамытылуына байланысты екенін келешектегі коммунистік қоғамның адамын практикалық міндеттерді орындау жолындағы күрестің барысында ғана тәрбиелеуге болатынын естен шығаруға болмайды.

Ауызша және баспасөздік насихатта, әлетте, нақтылылық және мақсаттылық әлі де жеткіліксіз, көп уақытта бірыңғай ағартушылық сипат алып жүр, жалпылама үндеулермен және ұрандармен шектеледі, халық бұқарасын толқытатын көкейтесті мәселелерден аулақтайды. Көбіне коммунизмнің пәрменді идеялары бұқараның санасына айқын, нақтылы міндеттер түрінде емес, тұрлаусыз түрде жеткізіледі, марксизм-ленинизм теориясының мәнісін творчестволықпен ұғынып, коммунистік идеалдарды жүзеге асыру жолындағы күреске негіздеудің орнына, кітаптағы тұжырымдарды жаттап, есте қалдыруға баса көңіл бөлінеді. Еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу, «еңбек етпеген ішіп-жемейді» дейтін принципті кәзіргі жағдайда нақтылы жүзеге асыру үшін күресу, қоғамға ешнәрсе бермей, оның есебінен өмір сүргісі келетін жалқауларға және арамтамақ элементтердің қалдықтарына қарсы күресу насихат жұмысында тиісті орын алмай келеді.

Ауызша және баспасөздік насихатта партияның соңғы жылдарда жүзеге асырған шараларының терең теориялық және практикалық мәні жеткілікті ашылмайды; қоғамымыздың өміріндегі жаңа, коммунистік істер нашар қорытылып, нашар насихатталады; өнеркәсіп және ауылшаруашылық өндірісінің озық тәжірибесі нашар таратылады. Насихат жұмысы көп уақытта жергілікті жағдайларды, сол сияқты халықтың әртүрлі топтарының жасы, кәсібі, білімі, ұлттық және басқа ерекшеліктері есепке алынбай, жалпылама жүргізіледі.

Идеялық-тәрбие жұмысында социализмнің артықшылықтары нашар кейде олақ түсіндіріледі. Отанымыздың қоғам өмірінің барлық салаларындағы үздік жетістіктері совет адамдарын советтік Отаншылдық және ұлттық мақтан рухында тәрбиелеу мақсатына жеткіліксіз пайдаланылады. Әсіресе, социализмнің жаулары капиталистік тұрмыс салтын, реакциялық космополитизм идеологиясын насихаттауды күшейтіп отырғанда, мұның өзі жұмыстағы үлкен олқылық болып табылады. Кейбір партия ұйымдарында еңбекшілерді социалистік интернационализм рухында, халықтардың үнемі нығайып отырған мызғымас достығы рухында тәрбиелеп, буржуазиялық ұлтшылдықтың қалдықтарына қарсы, «ұлттық дәстүрлерді» бетке ұстап, артта қалған, реакциялық әдет-ғұрыптарды қайта орнатуға және қолдан тугызуға, жалған түсінілген жергілікті «мүдделерді» совет халқының коммунизм жолындағы күресінің ортақ мүдделеріне қарсы қою әрекетінің қандайына болса да ымырасыздық рухында тәрбиелеу мәселелеріне тиісінше маңыз берілмей келеді.

КПСС Орталық Комитеті жаттампаздықты және идеология жұмысының практикалық міндеттерден қол үзуін қатты айыптай отырып, мұнымен бірге теорияның жете бағаланбауына жол беруге болмайтындығына, шаруашылық құрылысы, нақты экономика, ағымдағы саясат мәселелерінің творчестволықпен жете түсіндірілмей, үстірт, терең теориялық талдап, қорытындылар шығарылмай баяндалу фактілеріне партия ұйымдарының назарын аударады, мұндай жағдайдың өзі еңбекшілердің дүниеге коммунистік көзқарасының қалыптасуына нұқсан келтіруі ықтимал екенін еске салады.

Партия насихатындағы екінші бір елеулі кемшілік — оның әсер ету өрісінің тарлығында, бұқаралығының жеткіліксіздігінде және кей кездерде түсінікті баяндалмайтындығында.

Қазіргі уақытта партия насихатының шеңберін кеңейтіп, оны әрбір жұмысшыға, колхозшыға, интеллигентке, әрбір совет адамына жеткізу үшін не керекті жағдайлардың бәрі жасалды. Алайда, партия ұйымдары бұл жағдайларды жеткіліксіз пайдаланып келеді. Ауызша және баспасөздік насихаттағы негізгі бағыт (партия оқуы, лекциялар, саяси әдебиет шығару, мерзімді баспасөздің едәуір бөлегі) бұрынғысынша көбінесе партия мүшелерін және мүшелікке кандидаттарды, партияда жоқ активті, интеллигенцияны қамтиды. Халықтың кейбір топтары әдетте күнбе-күнгі идеялық-саяси ықпалдан тыс қалып жүр. Партия ұйымдары еңбекшілер қалың бұқарасы арасындағы идеялық-тәрбие жұмысы жүйесінің жанжақты, икемді болуымен және қазіргі жағдайларға толық сай келуімен әлі аз шұғылданады.

Еңбекшілердің қалың топтарына арналған бұқаралық жұмыстар: лекциялар мен баяндамалар, сұрақ пен жауап кештері, творчестволық айтыстар, теориялық конференциялар, жолдастық әңгімелер, белгілі тақырыпқа арналған кештер, жексенбілік оқулар және басқалары сирек, көп ретте төмен дәрежеде өткізіледі. Идеялық-тәрбие жұмысында баспасөз, радио, телевидение, кино, клуб, кітапхана және басқа мәдени-ағарту мекемелері сияқты, насихат құралдары сондай-ақ әдебиет пен өнердің таңдаулы шығармалары толық пайдаланылмайды.

Лекциялардың, әңгімелердің, баяндамалардың, мақалалардың, кітапшалардың, саяси сабақтардың, түсінікті, ұғымды болуына тиісінше және үнемі көңіл бөлініп отырмайды. Бірсыпыра партия ұйымдары өз ісін сүйетін шебер насихатшыларды тәрбиелеп өсіруге, олардың теориялық дәрежесі мен методистік шеберлігін арттыруға әлі де қамқорлық жасамай келеді. Сондықтан насихатшылардың сөздері кейде сүреңсіз, жалаң және тартымсыз болады, тыңдаушылар мен оқушыларға әсер етпейді.

КПСС Орталық Комитеті маркстік-лениндік теорияны талдап, таратуда, совет адамдарына идеялық-тәрбие беруде қоғамдық ғылымдармен олардың кадрларының зор маңызы бар екенін және пайдалы роль атқаратынын көрсете келіп, мұнымен бірге, партия насихатының мазмұнындағы көптеген кемшіліктер қоғамдық ғылымдар қызметкерлерінің коммунистік құрылыс практикасынан және идеология жұмысының міндеттерінен белгілі дәрежеде артта қалып қоюынан болып отыр деп есептейді. Көптеген экономистер, философтар, тарихшылар және басқа ғылыми қызметкерлер догматизмнің элементтерін жеңіп болған жоқ, олар өмірге, бұқараның күресінің тәжірибесіне творчестволықпен батыл қарамайды, маңызды теориялық және практикалық мәселелерді нашар шешеді, көп ретте ескірген және берекесіз проблемашылдықтың шырмауында болып келеді.

СССР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар институттары, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты және оның филиалдары, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы және Жоғары партия мектебі, теориялық журналдар, жоғары оқу орындарының көптеген қоғамдық ғылымдар кафедралары партия ұйымдарының өмірімен әлі де тығыз байланысты емес, идеология жұмысын жүргізуге әрдайым творчестволықпен белсене көмек көрсетпейді.

КПСС Орталық Комитеті, кейбір одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің, өлкелік және облыстық партия комитеттерінің, сондай-ақ идеология жұмысының мәселелерімен шұғылданушы ведомстволар мен мекемелердің партия жұмысының бұл аса маңызды саласына нашар басшылық етуі партия насихатындағы кемшіліктердің негізгі себебі болып отыр деп есептейді.

Партия комитеттері, олардың насихат және үгіт бөлімдері көп ретте насихаттың сырт көрінісімен әуестеніп, насихат жұмысын, көбінесе, оның нәтижелеріне қарай, оның бұқараның еңбектегі және қоғамдық-саяси белсенділігін, коммунистік саналылығын арттыруды қалай қамтамасыз ететіндігіне қарай бағаламай, жүргізілген шаралардың санына қарай бағалайды.

Партия, совет және шаруашылық басшылары облыстың, ауданның, кәсіпорынның, колхоздың экономикалық жұмысының көрсеткіштері жалпы қанағаттанарлық екеніне мәз болып, бірсыпыра жағдайда еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне қажетті дәрежеде көңіл бөлмейді. Кейбір партия ұйымдарының басшылары жат идеологияға қарсы табанды күрес жүргізбейді, ұлтшылдықтың, космополитизмнің және бисаясаттылықтың көріністеріне тиісінше тойтарыс беріп отырмайды, марксизм-ленинизмге өшпенді идеалистік, діни идеология жөнінде кейде ең жар, жалтақ позиция ұстайды, еңбек тәртібін және коммунистік мораль принциптерін өрескел бұзушылыққа қарсы батыл күреспейді және мұндай жағдайға тым кеш назар аударады, совет адамдарының санасындағы ескінің сарқыншақтарына ымырашылдық жасайды.

Басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлерінің едәуір бөлігі насихат жұмысына әлі де тікелей қатыспай келеді, өзінің идеялық-теориялық білімін көтеру үшін қажырлылықпен жұмыс істеу, адамдармен күн сайын тығыз қарым-қатынас жасап отыру, бұқараға марксизм-ленинизмнің ұлы идеяларын белсенділікпен түсіндіру, еңбекшілерді партияның саясатын жүзеге асыру ісіне жұмылдыру — әрбір коммунистке, оның ішінде әсіресе басшы коммунистке тән қасиет екенін және бұл оның аса жауапты міндеті екенін естен шығаруда.

КПСС Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. Одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері мен

бастауыш партия ұйымдарына осы қаулыда көрсетілген кемшіліктерді жою, партия насихатына басшылықты мейлінше жақсартып, партия насихатының идеялық дәрежесін арттыру және оның халық бұқарасына жасайтын ықпалын күшейту жолында күнделікті және қажырлылықпен күресу, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін бүкіл партиялық-саяси жұмыстың өзекті мәселесі етіп қою міндеттелсін.

Партия насихатының басты міндеті — марксизм-ленинизмнің идеяларын жанжақты терең түсіндіру, партияның елімізде социализм мен коммунизмнің жеңісі жолындағы күресінің барысында осы идеялардың ойдағыдай жүзеге асырылып жатқанын көрсету, партия жинақтаған теория байлығын практикалық жұмыста пайдаланып, творчестволықпен дамытып отыруға үйрету, еңбекшілерді партияның саясатын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыру, коммунизм жолындағы белсенді және табанды күрескерлерді тәрбиелеу.

«Еңбек етпеген ішіп-жемейді» деген принципті мүлтіксіз жүзеге асыру үшін, қоғамға пайдалы еңбекке қатысудан жалтаратын адамдарға қарсы күресу, еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу және еңбек етуге моральдік жағынан ынталандыруды арттыра беру — бүкіл идеология жұмысында жетекші орын алуға тиіс. Әрбір совет адамы күнделікті жұмысының орасан зор қоғамдық тарихи маңызы бар екенін жете түсініп, оны Отанымыздың күш-қуатын нығайтудың, материалдық және мәдени игіліктер молшылығын жасаудың, коммунизмнің толық жеңісінің шешуші шарты деп білетін болсын.

Партия насихатының пәрменділігі ең алдымен нақты өндірістік нәтижелерден көрінеді. Насихатта саяси даурықпаны азайтып, коммунистік құрылыс қарқынын жеделдете түсу жолындағы нақты күресті күшейту керек. Ауызша және баспасөздік насихат бұқараны жетіжылдық жоспарды және СССР-де коммунизм орнатудың бүкіл программасын ойдағыдай жүзеге асыруға жұмылдыратын болуға, халық шаруашылығында еңбек өнімділігін арттырып, техниканы ілгері дамыту, жаңа резервтерді тауып, ең жақсы тәжірибені енгізу, мемлекет қаржысы мен байлықтарын үнемдеп, берекелі пайдалану ісіне қызмет етуге, кернаулық пен кертартпалық атаулыға қарсы күреске, кемшіліктерге төзбеу рухында тәрбиелеу ісіне қызмет етуге тиіс.

Партия насихатының міндеті — өмірден алынған нақты мысалдар арқылы социалистік құрылыс пен маркстік-лениндік идеологияның артықшылықтарын, коммунистік еңбек пен тұрмыстың тамаша үлгілерін айқын көрсету, коммунистік қоғамның идеялық сенімі күшті және жанжақты жетілген адамдарын тәрбиелеу. Еңбекшілерді партия мен халықтың ісіне қалтқысыз сену рухында, коллективизм мен еңбек сүйгіштік, социалистік интернационализм мен советтік отаншылдық, жаңа қоғам моралінің қасиетті принциптері рухында тәрбиелеу керек; советтік өмір шындығында әлі де байқалып жүрген кейбір бисаясаттық, ұлтшылдық пен космополитизм көріністеріне қарсы, ескінің сарқыншақтарына қарсы: еңбекке және қоғамдық борышына немқұрайды қараушылыққа, қоғамдық меншікті талан-таражға салушылыққа, бюрократизмге, паракорлыққа, алыпсатарлыққа, жағымпаздыққа, маскүнемдікке, бұзақылыққа қарсы, біздің құрылысымызға жат басқа да құбылыстарға қарсы ымырасыз күрес жүргізу керек.

Марксизм-ленинизмге дұшпан буржуазиялық идеологияға және оның оңшыл социалистік және ревизионистік уағыздаушыларына қарсы белсене батыл күрес жүргізіп, совет адамдарының саяси қырағылығын тынбастан арттыра беру керек.

Қазіргі жағдайда Совет Одағының бейбітшіл сыртқы саясатын жете түсіндірудің ерекше зор маңызы бар. Партия насихаты бейбіт қатар өмір сүрудің лениндік принциптерін жүзеге асыру жолындағы күрестің нақты фактілері арқылы еңбекшілерді бейбітшілік пен прогресс күште-

рінің бастаушысы болып отырған өзінің ұлы Отанын мактан ететін рухта тәрбиелеп, әрбір совет адамын өзінің қажырлы еңбегімен Совет Одағының және бүкіл социалистік лагерьдің қуатын нығайтып, социализмнің капитализммен жарысындағы ұлы ісіне белсене қатыстыруға, оның бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға барынша көмектесуге ұмтылған жалынды ынта-жігерін тудыруға міндетті. «Қырғиқабақ соғысты» онан әрі жүргізе беру ниетін ұстаған империалистердің жақтаушыларын, халықаралық шиеленіс пен жанталаса қарулану жағдайын сақтап қалуға және оны ушықтыра түсуге тырысушылардың бәрін бұдан былай да батыл әшкерелеп отыру керек.

Партия насихатының негізгі мазмұны — марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, партияның XX және XXI съездерінде, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерінде, партия мен үкімет басшыларының сөйлеген сөздерінде, халықаралық коммунистік қозғалыстың аса маңызды документтерінде баяндалған теориялық проблемалар мен практикалық міндеттерді жете оқып үйреніп, кеңінен түсіндіру, КПСС тарихын, саяси экономияны, маркстік философияны оқып үйрену болуға тиіс. Марксизм-ленинизмнің теориясы коммунистік құрылыстың практикасымен біте қайнасып отырған, коммунизм орнатудың практикалық мәселелерін шешу — келелі теориялық мәселелерді де шешкендік болып отырған кәзіргі жағдайда өмірді терең зерттеп, коммунистік құрылыстың практикасын қорытып отыру қажет және осының негізінде марксизм-ленинизмді үйреніп, революциялық теориямызды дамытып, насихаттап отыру керек.

2. КПСС Орталық Комитеті партия насихаты халықтың творчествосымен, оның өмірімен, коммунистік құрылыстың практикасымен неғұрлым тығыз байланыстырылса, оның нәтижелері, пәрменділігі және тәрбиелік ролі де солғұрлым жоғары бола беретінін атап көрсетеді. Большевиктік насихатшының міндетін атқару үшін тыңдаушыларға жалпы білімдерді қорыта баяндап, оларды цитаталармен тиянақтап беру жеткілікті болады-мыс деген теріс ұғымнан біржола арылу керек. Еңбек процесінде, коммунизм жолындағы күрестің барысында тәрбиелеу — кәзіргі жағдайдағы идеологиялық жұмыс практикасында өзін толығынан ақтаған басты бағыт. Партия насихаты нақты және мақсатты жүргізілуге, еңбекшілерді мезгілі жеткен шаруашылық және саяси міндеттерді шешуге жұмылдыруға тиіс.

Бұл үшін мыналарды істеу қажет:

а) өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісінің озық тәжірибесі, коммунистік еңбектің тандаулы үлгілері кеңінен таратылсын; насихат жұмысы кәсіпорындардың, құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың күнделікті істерімен және міндеттерімен тығыз байланыстыра жүргізілсін, ол әрбір коллективте күшті саяси және еңбек өрлеуін тудыруға көмектесетін болуға тиіс; марксизм-ленинизмнің теориялық қағидалары өмірден алынған материалдар арқылы, совет халқының коммунизмнің жеңісі жолындағы қаһармандық күресінің тамаша мысалдары арқылы талдап көрсетілсін;

б) кадрлар, ең алдымен, бұқара арасында насихат жұмысын жүргізетін кадрлар күнбе-күн нақты экономикалық білімдермен қаруландырылып отырсын, әрбір насихатшының, идеология майданындағы әрбір қызметкердің экономика мәселелерінде жақсы бағдар тауып, өндірістің жетістіктерімен және озық тәжірибесімен таныс болуына, теорияның, тарихтың және партия саясатының мәселелерін маңызды практикалық міндеттермен шебер байланыстырып баяндайтын болуына күш салынсын;

в) одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттері, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері жанында үгітшілердің, насихатшылардың, интеллигенцияның кеңестері мен

жиналыстары үнемі шақырылып тұратын болсын, бұл кеңестерде партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық басшы қызметкерлерінің партияның ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды мәселелері туралы, республикаларды, облыстарды, қалаларды, аудандарды, кәсіпорындарды, құрылыстарды, колхоздар мен совхоздарды өркендетудің практикалық міндеттері мен келешегі туралы баяндамалары талқыланатын болсын.

3. Кәзіргі жағдайда марксизм-ленинизм идеяларын меңгеру, партияның саясатын жете ұғыну және оны жүзеге асыру үшін күресу тек коммунистердің ғана емес, барлық еңбекшілердің де өмірлік қажетті ісі болып табылатынын ескере отырып, насихат жұмысының шеңберін кеңейту, оны бұрынғыдан да өрістете жүргізіп, әрбір совет адамының санасына жеткізу қажет.

Бұл мақсатпен:

а) ауызша және баспасөздік насихаттағы тұрлаусыздық пен циташылдық біржолата жойылсын. Марксизм-ленинизмнің аса маңызды қағидалары көңілге қонымды және тартымды тілмен, совет халқының шұғыл міндеттері, оның тамаша жетістіктері туралы айқын, қызықты және панымды әңгіме түрінде түсіндірілсін, бұл үшін өнегелік үлгі күші шебер пайдаланылсын. Коммунизмнің идеялары еңбекшілерге жақын және ұғымды, көңілге қонымды боларлықтай етіліп насихатталып, әрбір совет адамының санасы мен жүрегіне қонатын, онда ең жарқын және ардақты ойлар мен сезімдер туғызатын болу керек;

б) саяси оқу жүйесі, лекциялар, баспасөз, радио және телевидение сияқты насихаттың сыннан өткен формалары мен құралдары мейлінше жетілдіріліп, нағыз бұқаралық сипат алатын болсын. Еріктілік принципі бұлжытпай сақталсын, саяси оқу жүйесіндегі сабақтарға партияда жоқтар, ең алдымен активистер, комсомолецтер және жастар, өндірістің озаттары мен жаңашылдары кеңінен тартылсын. Партия оқуы жүйесінде оқитындардың бұқара арасындағы үгіт-насихат жұмысымен шұғылданып, баяндамалар жасауына, әңгімелер өткізуіне, өздерінің білімін еңбекшілерге таратуына күш салынсын;

в) бұқара арасындағы насихаттың әр алуан түрлерінің: жиналыстардың, конференциялардың, сұрақ пен жауап кештерінің, ауызша журналдардың, белгілі тақырыпқа арналған кештердің, айтыстардың, мәдениет университеттерінің, техникалық прогресс университеттері мен клубтардың, жексенбілік оқудың және басқаларының идеялық дәрежесін арттыру үшін қажырлы күрес жүргізілсін. Жұмыстың бұл түрлерінің әрқайсысының жалаң мәдениетшілдікпен тындырылмай, өзіне тән әдістерімен коммунистік идеологияны шеберлікпен жеткізе насихаттауына, жаңа адамды тәрбиелеуге көмектесуіне күш салынсын;

г) насихат жұмысының тәрбиелік ролін, беделін және әсерін арттыру мақсатымен көркем әдебиет пен өнердің таңдаулы шығармаларының идеялық және сезімдік ықпалы неғұрлым тыңғылықты пайдаланылсын. Көркем әдебиет шығармаларын, спектакльдерді, кинофильмдерді талқылау үшін оқушылар мен көрушілердің конференциялары үнемі өткізіліп тұрсын; кино фестивальдар мен кино лекторийлер, көркем әдебиет, көркем сурет, мүсін өнерінің көрмелері өткізіліп тұрсын, библиография жұмысы, кітап пен музыканы насихаттау жақсартылсын;

д) мәдениет сарайлары мен үйлерінің, клубтардың, кітапханалардың, оқу үйлерінің, музейлердің, парктердің және басқа мәдени-ағарту орындарының жұмысын жақсартуға жеткілікті көңіл бөлінсін, бұлар, әсіресе селода, үгіт-насихат жұмысының шын мәнісіндегі орталығы болуға тиіс;

е) еңбекшілер арасында олардың тұрған жерінде жүргізілетін идеялық-саяси жұмыс күшейтілсін. Тәрбие жұмысының жекелік формалары кеңінен қолданылсын, әрбір совет адамымен жұмыс жүргізіліп,

оның идеялық өсуіне көмек көрсетілсін, адамдар санасындағы капитализмнің қалдықтарына қарсы нақтылы және тиянақты күрес жүргізілсін.

КПСС Орталық Комитеті кәсіподақтардың, комсомолдың, барлық бұқаралық қоғам ұйымдарының және творчестволық одақтардың совет адамдарына коммунистік тәрбие беру ісіндегі зор ролін атап көрсетеді. Егер идеялық-тәрбие жұмысы кәсіподақ, комсомол және басқа қоғам ұйымдарының жұмысында көрнекті орын алып, оған жұртшылығымыздың аса зор күштері белсеніп қатысатын болса, сонда ғана идеялық-тәрбие жұмысы біздің елімізде кең өріс алып, әрбір совет адамына ықпалын тигізеді.

4. КПСС Орталық Комитеті насихат жұмысын, халықтың әртүрлі топтарының кәсібі, жасы, білімі, ұлттық және басқа ерекшеліктерін есепке ала отырып, саралап жүргізу керектігіне партия комитеттері мен ұйымдарының назарын аударады.

Жұмысшылар мен колхозшылар арасындағы насихат жұмысында еңбекке және социалистік меншікке саналы, коммунистік тұрғыдан қарау рухында тәрбиелеуге, коллектившілдікті, жолдастық өзара көмек пен өзара силасуды, тұрмыстағы коммунистік мінез-құлық ережелерін, жаңашылдық рухын және кертартпалық пен ескінің сарқыншақтарына төзбеушілікті дамытуға ерекше көңіл бөлінсін.

Интеллигенция арасындағы насихат жұмысы қоғамның игілігін көздейтін еңбекке моральдық жағдай туғызу бағытымен жүргізіліп, ой еңбегінің қызметкерлеріне идеялық тәрбие, саяси білім беру, оларды бұқара арасындағы тәрбие жұмысына белсене қатысуға жұмылдыру басты міндет етіп алға қойылсын. Жоғары коммунистік идеялылық, коммунистік құрылыстың практикасымен және халықтың өмірімен тығыз байланыс қана интеллигенцияға өзінің совет қоғамындағы ролін неғұрлым толық көрсетуге мүмкіндік беретінін есте тұту қажет.

Жастар арасындағы идеялық-тәрбие жұмысы оған қоғамдық құбылыстарды дұрыс түсінуге, коммунистік мораль принциптерін өз бастарының қалтқысыз сеніміне айналдыруға, буржуазиялық идеологияның, бисаясаттықтың, тоғышарлықтың көріністеріне төзбейтін болып тәрбиеленуге көмектесетін болу керек. Комсомол ұйымдары жұмысының дәрежесін арттырып, жігіттер мен қыздардың саяси білім алуына, жалпы білім, кәсіп-техникалық және мәдени ой-өрісінің кеңейтілуіне, оларды советтік отаншылдық, еңбекті құрметтеу, қоғамдық дәулетке ұқыпты қарау, өздерінің күнбе-күнгі қызметінің аса зор тарихи мәні бар екенін сезе білу рухында тәрбиелеуге баса көңіл бөлу керек. Жас ұрпақты сергек, ержүрек және батыл, коммунизмнің салтанат құруына сөзсіз сенетін етіп тәрбиелеу қажет.

Жастар арасында коммунистік идеологияны насихаттау формасы мен әдістері жағынан әр алуан түрде қызықты, нақтылы, бейнелі, беделді болуға тиіс. Бұл жұмыста маркстік-лениндік теорияның, партиямыз бен еліміздің ерлік тарихының аса маңызды мәселелерін үйренуді, өткен дәуірдің қаһармандық дәстүрлерін, совет халқының коммунизм орнату жолындағы жанқиярлық күресінің мысалдары бойынша кәзіргі дәуіріміздің ерлік дәстүрлерін өрістетуді негізге алу керек.

Әйелдер арасындағы насихат жұмысы олардың идеялық тілектері мен мүдделерін арттырып, әйелдерді, әсіресе үй шаруасындағы әйелдерді, белсенді қоғамдық-саяси өмірге қамту, діни жоққа нанушылыққа қарсы, сондай-ақ мешандықтың қалдықтарына қарсы күреске қатыстыру бағытымен жүргізілсін. Әйелдерге идеялық тәрбие беру ауызша және баспасөздік насихаттың барлық түрлерінде көрнекті орын алып, айқын бейнеленіп отыруға тиіс. Әйелдерге арналған лекцияларды, әңгімелерді және басқа шараларды, олардың кәсіптік қызметін және жұмысының түрін есепке ала отырып, жиі-жиі және неғұрлым жоғары дә-

режеде өткізу керек. Әйелдерге феодалдық, байшылдық көзқарастың көріністеріне қарсы қатал күрес жүргізу керек.

Партия ұйымдары мен комитеттері насихат жұмысында еліміздің халқының әртүрлі топтарының ұлттық ерекшеліктерін толық есепке ала отырып, еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беруге, халықтардың достығын онан әрі нығайтуға, социалистік ұлттардың үнемі жақындасып, бірін-бірі жан-жақты байыта түсуіне баса көңіл бөлуге тиіс. Буржуазиялық ұлтшылдықтың көріністеріне қарсы, өткен заманның әлеуметтік қайшылықтарын дәріптеуге және бүркемелеуге қарсы, белгілі бір ұлттың және оның СССР-дегі басқа халықтармен қарым-қатынасының шын тарихын бұрмалау бағыттарына қарсы, ұлттық томаға-тұйықтықтың және ерекшеленудің жеке көріністеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізу керек.

5. Партия комитеттеріне марксизм-ленинизмді творчестволықпен үйренуді — бүкіл насихат жұмысының шешуші буыны деп біліп, **партия оқуының идеялық дәрежесін арттыру міндет етілсін.**

Еңбекшілердің дүниеге маркстік-лениндік көзқарасын қалыптастырып, оларға коммунистік тәрбие беру үшін Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихын меңгерудің зор маңызы бар екені ескеріліп, саяси оқу жүйесінде КПСС тарихын сапаланған әдістермен және әртүрлі мерзімдерде кеңінен үйрену ұйымдастырылсын. Мұнда партияның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, соғыс қарсаңындағы және соғыстан кейінгі, әсіресе партияның XX съезінен кейінгі жылдардағы қызметін оқып үйренуге баса көңіл бөлінсін.

Жергілікті партия ұйымдарының тарихынан материалдарды көп келтіре отырып, мұнымен бірге партиямыздың тарихының интернационалдық мазмұнын атап көрсету, КПСС тарихының мүшелі бір бөлегі ретінде одақтас республикалар Компартияларының тарихын зерттеп жазу керек. КПСС тарихының дүниежүзілік коммунистік қозғалыс тарихымен біте қайнасқан байланысын ашып көрсету керек.

Қазіргі жағдайда партия ұйымдары экономикалық білімдерді насихаттауға, өндірістің социалистік әдісінің даму заңдарын, әсіресе коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау және қала мен деревнядағы өндіріс қатынастарын онан әрі жетілдіру жолдарын жете үйренуге баса көңіл бөлуге тиіс. Партияның XX және XXI съездері, КПСС Орталық Комитетінің Пленумдары алға қойған социалистік экономиканы өркендетудің негізгі міндеттерін, сондай-ақ өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, құрылыстың, транспорттың және халық шаруашылығының басқа салаларының экономикасының шұғыл мәселелерін зерттеуге баса көңіл бөлінсін.

Маркстік философия мәселелерін үйрену, осы заманғы қоғамдық өмірдің маңызды процестерін, әсіресе социализмнің коммунизмге ұласу заңдылықтарын және табиғат тану ғылымының жаңа деректерін диалектикалық-материалистік тұрғыдан түсіну саяси оқу жүйесінде маңызды орын алуға тиіс. Марксизм-ленинизмнің негіздерін үйренгенде, оның құрамды бөліктерінің бәрінің біте қайнасқан бірлігі негізінде үйрену қажет. Қажетті жалпы білімі және теориялық әзірлігі жоқ коммунистер мен партияда жоқтардың саяси білім негіздерін меңгеруінде саяси мектептердің ролі арттырылсын.

6. КПСС Орталық Комитеті саяси оқуды ұйымдастыруда марксизм-ленинизмді меңгерудің практикада толық ақталған негізгі әдісі болып табылатын **өздігінен саяси білім алуға іс жүзінде баса көңіл бөлінуге тиіс** деп санайды. Қазіргі уақытта, еңбекшілердің жалпы білім дәрежесі, мәдени және саяси ой-өрісі едәуір артып, теориялық және саяси әдебиет көп тиражбен басылып отырғанда, кітаппен өздігінен жұмыс істеуге шынында да қажетті даярлығы жоқ адамдарды ғана үйірмелер мен саяси мектептерде оқыту қажет.

Өздігінен саяси білім алуда өздігінен оқудың коллективтік, семинарлық түрлеріне баса көңіл бөлінсін. КПСС тарихының бір жүйеге салынған курстарын, сондай-ақ жеке мәселелерін, саяси экономияны, философияны және басқаларды оқып, үйренетін теориялық семинарлардың кең жүйесі жер-жердің бәрінде де құрылсын. Тындаушылардың практикалық жұмысымен және мамандығы мүдделерімен байланысты теориялық мәселелерді (нақты экономика, техниканы дамыту, коммунистік тәрбие, маркстік-лениндік эстетика мәселелерін, биологияның, физиканың, химияның философиялық мәселелерін, тағы басқа мәселелерді) семинарларда оқып үйрену барынша көтермеленіп отырылсын.

КПСС теориясы мен тарихын өздігінен оқып, үйренушілерге көмек күшейтіліп, олар үшін оқылатын лекциялар мен лекция циклдары, жеке және топтық консультациялар, теориялық әңгімелесулер мен конференциялар ұйымдастырылып отырылсын. Теорияны өздігінен оқып үйренушілер нақты насихат жұмысына белсене қатыстырылатын болсын.

7. Саяси білім алуда дәйектілік, сабақтастық болуына мейлінше елеулі көңіл бөлу, әрбір коммунистің идеялық-саяси дәрежесін жылдан жылға айқын мақсатпен үнемі арттырып отыруына біртұтас ілім болып табылатын марксизм-ленинизмді меңгеруіне қажырлы күш салып отыру партия ұйымдарына міндеттелсін. Коммунистердің идеялық-саяси дәрежесін арттырумен мүлде шұғылданбайтын, немесе белгілі бір мәселелердің, әдетте, кәзіргі заманнан тым аулақ жатқан мәселелердің төңірегінде қатарынан көп жылдар бойы айналшақтай беретін фактілерін батыл жою керек.

Соңғы жылдары партияның ішінде саяси оқудың икемді жүйесі қалыптасты. Партия ұйымдары бұл жүйені жетілдіре отырып, саяси оқудың ешқандай жүйесін түпкілікті, мәңгі бұлжымайтын жүйе деп қарауға болмайтындығын еске алып отыруға тиіс. Басты міндет саяси білім алу түрлерін еркін таңдап алу принципін қатаң сақтай отырып, коммунистер мен партияда жоқтардың алуан түрлі барлық тілектері мен мүдделерін толық қанағаттандыруда болып отыр.

Партия ұйымдарындағы саяси оқудың мына төмендегі үлгі жүйесі ұсынылсын;

а) маркстік-лениндік білімнің бастауыш сатысы болып табылатын саяси мектеп;

б) КПСС тарихын оқып үйренетін үйірмелер мен теориялық семинарлар;

в) марксизм-ленинизм негіздерін оқып, үйренетін үйірмелер мен теориялық семинарлар;

г) маркстік-лениндік философияны, саяси экономияны, нақты экономиканы, атеизм, ағымдағы саясат, халықаралық жағдай, дүниежүзілік коммунистік қозғалыс мәселелерін оқып үйренетін теориялық семинарлар мен үйірмелер; экономикалық мектептер;

д) марксизм-ленинизм университеттері; марксизм-ленинизм классиктерінің жеке шығармаларын, КПСС тарихының жеке мәселелерін, саяси экономияны, диалектикалық және тарихи материализмді, этиканы, эстетиканы, атеизмді, дүниежүзілік коммунистік, жұмысшы, демократиялық және ұлт-азаттық қозғалысты, тағы басқа мәселелерді жеке жоспарлар бойынша, сондай-ақ теориялық семинарларда оқып үйрену үшін өздігінен жұмыс істеу.

Комсомолдың саяси оқу жүйесіне басшылық және көмек күшейтілсін. Комсомолдың саяси үйірмелері мен семинарларына басшылық ету үшін жастармен жұмыс істей білетін, олармен жұмыс істеуді ұнататын таңдауды коммунистер бөлінсін, насихатшы кадрларының тұрақтамаушылығы жойылып, комсомолда тұрақты насихатшы кадрлар жасалсын.

8. Партия насихатының дәрежесі әсіресе насихатшы кадрларға байланысты екенін ескере отырып, партия ұйымдарына саяси мектеп-

тердің, үйірмелердің, теориялық семинарлардың жетекшілерін, консультанттарды, лекторларды іріктеп алуды, тәрбиелеуді, теориялық және методикалық жағынан даярлауды жақсарту міндеттелсін. Осы мақсатпен:

а) насихат жұмысына партия қызметкерлері, сондай-ақ инженерлер, агрономдар және халық шаруашылығының басқа да мамандары кеңінен тартылсын. Тек марксизм-ленинизмнің аса маңызды қағидаларын өмірмен тығыз байланыстыра отырып, творчестволықпен айқын ұғындыра алатын, нақты экономика мәселелерін шебер айыра білетін, кәсіпорындардың, колхоздар мен совхоздардың нақты қажеттерін жақсы білетін, жанжақты даярланған және өз ісіне кәміл сенген адамдардың ғана марксизм-ленинизм идеяларын ойдағыдай насихаттай алатынын есте ұстау керек. Насихатшылардың ой-өрісін кеңейтіп, мәдени дәрежесін арттыруға, олардың методикалық шеберлігін жетілдіріп отыруға көбірек қамқорлық жасалсын;

б) партия комитеттері жанындағы насихатшылардың семинарлары мен курстарының жұмысын жақсартуға шаралар қолданылсын;

в) газеттерде, журналдарда, кітапшалар мен кітаптарда, радио мен телевидение арқылы насихат жұмысының тәжірибесін баяндап отыру күшейтілсін. Насихат жұмысының практикасы мен методикасына арналған кітапшалар сериясынан «Насихатшының шағын кітапханасы» басып шығарылсын;

г) насихат жұмысына жұртшылық күштері неғұрлым белсене қамтылып, насихатшылардың беделін арттыруға және оларды моральдық жағынан көтермелеп отыруға көбірек қамқорлық жасалсын. Насихатшыларға қоғамдық тапсырмаларды шамадан артық жүктеудің теріс, іске нұқсан келтіретін практикасына тыйым салынсын. Насихат жұмысы негізгі және ең маңызды партиялық тапсырма деп қаралатын болсын.

9. Партия комитеттеріне саяси оқу үйлері мен кабинеттерінің жұмысын жандандыру, насихат жұмысының таңдаулы тәжірибесін қорытып, таратуда, теорияны өздігінен оқып үйренушілер мен насихатшыларға теориялық және методикалық көмек көрсетуді ұйымдастыруда саяси оқу үйлері мен кабинеттерінің ролін арттыру міндеттелсін. Ірі бастауыш партия ұйымдары жанында қоғамдық қызмет негізінде саяси оқу кабинеттерін ұйымдастыру, сонымен бірге методикалық советтер мен топтарды құру практикасы мақұлданын.

Селодағы аудандық партия комитеттерінің саяси оқу кабинеттері мен насихатшыларына нақты көмек көрсету, насихат жұмысының жақсы тәжірибесін қорытып, тарату ісін жақсарту мақсатымен облыстық және өлкелік орталықтардағы қалалық партия комитеттерінің саяси оқу үйлері өлкелік, облыстық партия комитеттерінің және тиісті қалалық партия комитеттерінің саяси оқу үйлері болып қайта құрылсын, олар өте ысылған маман кадрлармен нығайтылсын.

10. Саяси оқудың идеялық дәрежесі мен көлемі едәуір жағдайда оқулықтардың, оқу-методикалық және көрнекі құралдардың бар-жоғына байланысты екенін ескере отырып, бұларды шығару жұмыстары онан әрі жүргізілсін. Ең алдымен марксизм-ленинизмнің біртұтас бөлімдері мен аса маңызды мәселелері жөнінде алуан түрлі, қысқаша және көпшілікке арналған оқулықтар бастыру, бұл үшін іс жүзінде ақталған ашық бәйгелер ұйымдастыру практикасын кеңінен қолдану қажет.

1960—1961 жылдары партия оқуының жүйесі үшін философия, атеизм жөнінде, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының экономикасы жөнінде, халықаралық коммунистік қозғалыстың тарихы жөнінде, Азия, Африка, Латын Америкасы халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының тарихы жөнінде көпшілікке арналған оқулықтарды, хрестоматияларды (марксизм-ленинизмнің біртұтас бөлімдерінің әрқайсысы жөнінде жеке-жеке), коммунистік тәрбие, маркстік-лениндік

этика мен эстетика мәселелері, жаратылыс танудың философиялық мәселелері жөніндегі кітаптарды, саяси оқу түрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған көрнекі құралдардың сериясын әзірлеу және бастыру қамтамасыз етілсін.

Саяси оқу үйлері мен кабинеттері көрнекі насихаттың осы замандары техникалық құралдарымен жабдықталсын. СССР Мәдениет министрлігіне документті және хроникалы тарихи-революциялық фильмдердің қорларын тегін пайдалану үшін саяси оқу үйлері мен кабинеттеріне беріп отыру, тарихи-революциялық көркем фильмдерді кемітілген баға бойынша көрсетіп отыруға рұқсат ету, қысқа метражды тарихи-революциялық, документті, ғылыми-көпшілік фильмдерді, сондай-ақ саяси оқу жүйесіне арналған диафильмдерді көбірек шығарып отыру міндеттелсін.

11. Партия комитеттеріне лекциялық насихаттың пәрменділігін күшейтіп, идеялық дәрежесін арттыру міндеттелсін. Маркстік-лениндік теория мәселелері жөніндегі лекциялардың санын азайта бастаған кейбір партия ұйымдарындағы мұндай беталыс қате деп саналсын. Лекцияларда кәзіргі қоғам дамуының аса маңызды процестеріне елеулі талдау жасаудың орнына жалпылама тұрлаусыз байымдаулармен шұғылданушылыққа, ақиқат шындықты қайта-қайта мазалап айта берушілікке немесе фактілерді үстірт тізіп шығушылыққа қарсы күрес жүргізілсін. Лекциялардың сапасы үнемі бақыланып отырылсын. Барлық елді мекендерде, кәсіпорындарда, құрылыстарда, колхоздарда, совхоздарда тыңдаушылардың ерекшеліктері ескеріліп, партия теориясының, тарихының және саясатының мәселелері жөнінде мазмұны жағынан терең мағналы, түрі жағынан жарқын және ұғымды лекциялардың ұдайы оқылып тұруы қамтамасыз етілсін.

Одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттері, өлкелік, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері жанындағы, ірі бастауыш ұйымдардың партия комитеттері жанындағы лекторлар топтары нығайтылсын. Саяси және ғылыми білімдерді тарату жөніндегі Бүкілодақтық Қоғамның жергілікті бөлімшелері мен комсомол комитеттері лекторлар топтарының жұмысы жақсартылып, олардың жұмысына жасалатын партия бақылауы күшейтілсін. Ғалымдар, әдебиет пен өнер қайраткерлері, барлық салалардың мамандары, партия, совет, кәсіподақ, комсомол және шаруашылық қызметкерлері лекциялық жұмысқа қоғамдық қызмет негізінде неғұрлым белсене қамтылып отырылсын.

12. Халыққа коммунистік тәрбие беруде **баспасөздің** ролі арттырылсын. Қазіргі жағдайда, газеттер мен журналдардың кең жүйесін құрып, кітаптарды жаппай басып шығару міндеті негізінен шешіліп отырғанда, олардың идеялық дәрежесін ұдайы арттырып, оларды коммунистік құрылыстың маңызды міндеттерін шешу үшін іскерлікпен пайдалана білу басты мәселе болып табылады. Бұл мақсатпен мына төмендегі жұмыстарды істеу қажет:

а) маңызды саяси, шаруашылық, идеологиялық және моральдық-этикалық мәселелер, ұйымдық-партиялық және партиялық-саяси жұмыстың жаңа, неғұрлым пәрменді түрлері мен әдістері мейлінше батыл қойылып, талдап шешіліп, насихатталып отырылсын. Газеттер мен журналдар шын мәнісінде халықтың жаршысы болуға, көкейтесті барлық мәселелерге жауап беріп отыруға, өмірге өте белсене араласып, коммунистік құрылыстың және еңбекшілерді тәрбиелеудің нақты міндеттерін шешуде партияға іскерлікпен көмектесіп отыруға міндетті;

б) баспасөздегі насихат материалдарының мазмұны мен сапасы түбегейлі жақсартылып, марксизм-ленинизмнің теориялық қағидалары халық бұқарасының тарихи творчествосымен тығыз байланыстыру арқылы көрсетіліп отырылсын. Баспасөздің насихат материалдарында

жалпылама байымдаушылықтан және бір нәрсені қайталап айтушылықтан сақтанып, өте дәл, жарқын деректерді және іске жұмылдыратын дәлелді қорытындыларды көбірек келтіріп, материалды басудың алуан түрлі әдістерін қолданып отыру керек (арнаулы беттерді, рецензияларды, творчестволық талқылауларды, тағы басқаларды ұйымдастырып отыру қажет). Партияның жалынды публицистикасының жанры мейлінше көбірек пайдаланылып, партия мен үкіметтің шаралары, елдің ішкі және халықаралық тұрмысының аса маңызды оқиғалары жедел түсіндіріліп, ұғындырылып отырылсын, советтік қоғамға жат идеология батыл әшкереленіп отырылсын. Әсіресе бұқараны жақсы мысалдар арқылы үйрету, совет халқының орасан зор табыстарын, қоғамымыздың өміріндегі жаңа, коммунистік істің өркендерін баспасөзде кеңінен көрсетіп отыру ерекше маңызды;

в) баспасөздік насихатқа тек авторлардың шағын тобы ғана қатысып жүрген зиянды практика жойылсын, баспасөздегі материалдарды жазуға партия және совет қызметкерлері, ғалымдар, барлық салалардың мамандары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жаңашылдары, әдебиет пен өнер қайраткерлері қамтылып отырылсын, өмірді білетін және партия, мемлекет, шаруашылық жұмысынан тәжірибесі бар адамдардың арасынан, жұмысшы және село тілшілерінің арасынан журналистер мен авторлардың жаңа кадрлары қажырлылықпен өсіріліп шығарылатын болсын. Жарқын, әсерлі материалдармен көкейтесті мәселелерге баспасөз бетінде жедел үн қоса алатын талантты публицистерді, революциялық теорияны іскерлікпен таратып отыратын насихатшыларды, әрбір газеттің, әрбір журналдың төңірегіне топтастырып отыру қажет;

г) газеттердің редакцияларындағы насихат бөлімінің ролі арттырылып, олар өз ісін білетін даярлығы мол қызметкерлермен нығайтылсын. Аудандық және қалалық газеттердің жанынан штаттан тыс насихат бөлімдерін құру жөніндегі практика, жұртшылықты баспасөз органдарының жұмысына қатыстырудың басқа да түрлері мақұлдандын;

д) газеттерде, журналдарда, кітапшаларда, кітаптарда партия ұйымдары мен таңдаулы насихатшылардың идеялық-тәрбие жұмысының тәжірибесі жете қорытылып, кеңінен таратылсын, ауызша және баспасөздік насихаттың практикасы мен методикасы туралы мәселе қойылып, талқыланып отыратын болсын;

е) миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларға арналған бұқаралық саяси әдебиет көп шығарылсын, бұл әдебиет партияның теориясы мен саясатының аса маңызды мәселелерін нақты және түсінікті түрде баяндап, коммунизм орнатудың және жаңа адамды тәрбиелеудің тәжірибесін қорытуға, кәзіргі заманның аса маңызды оқиғаларын түсіндіруге тиіс. Бұл әдебиет көлемі жағынан шағын, полиграфиялық жақсы көркемделген және бағасы арзан болуға тиіс.

13. Одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік және облыстық партия комитеттеріне, барлық партия ұйымдарына марксизм-ленинизмнің идеяларын насихаттау, еңбекшілерді коммунистік құрылыстың жоспарларып ойдағыдай жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыру мақсатымен радиохабар тарату мен телевидениені анағұрлым толық пайдалану міндеттелсін. Радио мен телевидениенің идеялық дәрежесі арттырылсын, маркстік-лениндік теорияның түбегейлі проблемаларына, партияның ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды мәселелеріне арналған, тындаушылардың ең қалың топтарының көкейіне қонып ынталандыратын мазмұнды, қысқа әңгімелер мен лекциялар үнемі беріліп отырсын. Басшы партия, совет, шаруашылық қызметкерлері радио мен телевидение арқылы үнемі лекциялар оқып, баяндамалар жасап тұруы, еңбекшілерді толғандырып

отырған мәселелер жөніндегі сұрақтарға жауап беріп отыруы белгіленсін.

14. Коммунистік тәрбие ісінде, насихат жұмысында қоғамдық ғылымдардың ролі арттырылсын. Партиялық насихат зерттеу ісінде жадықпайтын ізденгіш ойдың есебінен үздіксіз толықтырылып отырғанда ғана, оған таңдаулы ғылыми күштер тікелей және белсене қатысқанда ғана шын мәнінде терең мағыналы және пәрменді бола алады. Осымен бірге қоғамдық ғылым, егер ол коммунистік құрылыс пен идеологиялық жұмыстың практикасымен, партия насихатының ең маңызды қажеттерімен ажырамастай тығыз байланысты болса ғана өзінің міндеттерін орындап шыға алады.

Қоғамдық ғылымдардың қызметкерлері партия мен халықтың коммунизмнің жеңісі жолындағы күресінің тәжірибесін зерттеп, қорытуға, өмірге араласуға кәзіргі заманның теориялық түбегейлі мәселелерін, социализмнің коммунизмге ұласуының негізгі заңдылықтарын творчестволықпен талдап шешуге міндетті. Таяу жылдардың ішінде мынадай еңбектерді әзірлеп, басып шығару — совет ғалымдарының құрметті борышы:

а) КПСС тарихы жөніндегі көп томдық еңбек. Бұл еңбекте біздің партиямыздың алуан салалы жұмысы, оның тәжірибесінің дүниежүзілік коммунистік қозғалыс үшін бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы барлық жағынан бірдей жете баяндалуға тиіс;

б) СССР-де коммунизм орнатудың ең маңызды және аса шұғыл мәселелері жөнінде философтардың, экономистердің және тарихшылардың бірлескен зерттеулері;

в) коммунистік құрылыстың жолдары туралы, социализмнің дүниежүзілік системасының даму заңдылықтары туралы, дүниежүзілік коммунистік, жұмысшы және демократиялық қозғалыс туралы, капитализмнің жалпы дағдарысының кәзіргі заманғы кезеңі туралы, империализмнің отаршылдық системасының ыдырауы және Азия, Африка, Латын Америкасы халықтарының ұлт-азаттық күресінің дамуы туралы ғылыми еңбектер;

г) капитализмнің буржуазиялық, оңшыл социалистік ревизионистік қорғаушыларының жалған ғылыми теориясымақтарын әшкерелейтін ғылыми еңбектер.

Кәзіргі уақытта, идеологиялық жұмыстың мәні орасан зор көлемде арта түсіп отырған кезде, ауызша және баспасөздік насихаттың практикасына батыл араласып, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісіне келелі үлес қосу қоғамдық ғылымдар мен олардың кадрларының аса маңызды міндеті болып отыр. Қоғамдық ғылымдардың ғылыми қызметкерлері мен оқытушылары насихат жұмысына және оның тәжірибесін ғылыми тұрғыдан қорытуға, партия оқуы жүйесіне арналған жоспарлар мен программаларды, оқулық, методикалық және басқа құралдарды жасап беруге, марксизм-ленинизм жөнінде көпшілікке арналған еңбектер жазуға, лекциялар оқып, баяндамалар жасауға, әңгімелер өткізуге белсене қатысуға міндетті.

15. КПСС Орталық Комитеті оқыту ісін қоғамға пайдалы еңбекпен ұштастыру дүниеге маркстік-лениндік көзқарасты және оқушы жастардың коммунистік жоғары санасын қалыптастыруға ерекше қолайлы жағдайлар тудыратынын ескере отырып, жоғары және орта дәрежелі оқу орындарында идеялық тәрбие жұмысын онан әрі жақсарту қажет екендігіне партия комитеттері мен ұйымдарының ерекше назарын аударады.

Жоғары оқу орындарында маркстік-лениндік ғылымды оқытудың дәрежесі арттырылсын, қоғамдық ғылымдар кафедраларындағы жұ-

мысқа марксизм-ленинизмнің негіздерін творчестволықпен және қызықтыра баяндап, студенттерді революциялық теорияны оқып үйренуге баули алатын оқытушы кадрлар қатыстырылсын. Нағыз творчестволық, өмірмен тығыз байланысты теория болып табылатын маркстік-лениндік теорияны әрбір студенттің меңгеріп, өзінің практикалық жұмысында осы теорияның аса маңызды қағидаларын басшылыққа ала білетіндей болуына жету үшін табандылықпен күресу керек. Студент жастар қоғамдық тұрмысқа белсене қатыстырылсын, оларға насихат жұмысының нақты дағдылары үйретілсін.

Халыққа білім беру жүйесінің қайта құрылуына байланысты, коммунистік қоғамның барлық жағынан бірдей даярланған құрылысшыларын тәрбиелеуге міндетті орта мектеп пен арнаулы орта дәрежелі оқу орындарының ролі едәуір артты. Сондықтан оқушылардың және орта дәрежелі оқу орындары студенттерінің дүниеге коммунистік көзқарасын, жоғары саналылығын қалыптастыруға қамқорлық жасау ісінің маңызы кәзіргі уақытта ерекше артып отыр. Оқу пәндерін оқып үйренген кезде оқушылар мен студенттер дүниеге материалистік көзқарасты, коммунистік идеологияны меңгеріп, партияның саясатын түсіне алатын және оны жүзеге асыру үшін күресетін болулары керек.

1961 — 1962 оқу жылынан бастап орта мектептердің жоғары класстарында және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарының жоғары курстарында саяси білімдер негіздерінің көпшілікке арналған курсы оқып үйрене бастауды енгізген дұрыс деп есептелсін. Бұл курсты оқып үйрену үшін арнаулы оқулық әзірленсін.

16. КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдарынан идеологиялық жұмысқа, оның ішінде ең алдымен оның шешуші саласы — партия насихатына басшылықты күшейтуді талап етеді. Партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары партия насихатының мәселелеріне әрқашанда баса назар аударып, ол бюроларда, пленумдарда, партия активінің жиналыстарында, бастауыш партия ұйымдарында үнемі талқыланып отыруға тиіс.

КПСС Орталық Комитеті кадрларды дұрыс іріктеп алып, орналас-тыру және тәрбиелеу партия насихатына басшылықты жақсартудың бұлжымас шарты болып табылатынын атап көрсетеді. Партия комитеттерінің идеология жұмысының мәселелерімен шұғылданатын басшы қызметкерлерін іріктеп алып, тәрбиелеуді үздіксіз жақсарта беру, даярлығы бар жас кадрларды батыл жоғарылатып отырған жөн.

Партиялық насихат ісі, коммунистер мен барлық еңбекшілердің саяси оқуы және идеялық жағынан шынығуы — міне бұл істердің бәрі барлық коммунистердің, оның ішінде ең алдымен басшы партия қызметкерлерінің аса маңызды міндеті. Олардың міндеті — насихат жұмысын жете біліп, онымен күнделікті шұғылданауда және бұл жұмысқа тікелей қатысуда, өздерінің идеялық дәрежесін арттырып, марксизм-ленинизмді меңгеруде қажырлылықпен жұмыс істеуде өнеге көрсету. Барлық партия ұйымдарында идеялық жұмыстың кемеліне келіп, қыза түсетін болуы керек.

КПСС Орталық Комитеті партия ұйымдары идеология жұмысын барлық жерде бірдей күшейтуді қамтамасыз етеді, марксизм-ленинизм идеяларын насихаттау кәзіргі міндеттердің дәрежесінде болып, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінде, коммунизмнің салтанат құруы жолындағы күресте игілікті жемісін беруі үшін табандылықпен күреседі деп кәміл сенеді.

9 январь, 1960 жыл.

Ауыл шаруашылығын үздік өркендете берудің айқын программасы

Өткен жыл тарихқа өшпес із қалдырған белесті жыл болды. Ол біздің социалистік Отанда халықтардың дана көсемі — Коммунистік партияның XXI съезімен басталған еді. Еліміздегі коммунистік құрылыстың съезд белгілеген айқын программасымен қаруланған жасампаз халқымыз коммунизмнің нұрлы шыңына қарай адымдап алға басып келеді. Елімізде кең өріс алған коммунистік құрылыс шежіресіне лайықты жаңа ерлік істерге, тамаша табыстарға қол жетті. Өткен жылдың бұл жаңа табыстарын қорыта келіп, КПСС Орталық Комитеті, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы және СССР Министрлер Советі совет халқын жаңа жылмен құттықтады.

Өткен жыл еліміздің ішкі-тысқы жағдайларының барлық саласында да игі із қалдырды. Қысқасынан қайыра айтқанда, социалистік өнеркәсібіміз жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындады, ауыл шаруашылығы да дос сүйсінерлік, дұшпан күйінерлік дәрежеде болды. Үкіметіміздің басшысы Н. С. Хрущев жолдастың Америка Құрама Штаттарына сапары сәтті шығып, соңғы жылдарда халықаралық жағдайда қалыңдай түскен суық мұз ери бастады. Бүкіл дүние жүзінде тұрақты бейбітшілік орнату, өте қатерлі жаңа соғысқа мүлде жол бермеу мақсатымен совет халқы бастаған күреске бейбітшілік сүйгіш барлық халық, әсіресе әрбір елдің еңбекшілер бұқарасы жаппай үн қосты. Мұның өзі ілгері ниетті адамзаттың болашаққа сенімін күшейтеді, совет адамдарының бейбіт, жасампаз еңбектегі жігер-қайратын тасыта түседі.

Өткен жылдың ең ірі оқиғаларының тағы бірі — Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің декабрь айының аяқ шенінде өткен Пленумы. Пленум еліміздің ауыл шаруашылығын онан әрі дамыту туралы мәселе қарады. Пленумда КПСС XXI съезі мен партияның Орталық Комитетінің 1958 жылғы декабрь Пленумы белгілеген ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралардың орындалуы туралы Россия федерациясы Министрлер Советінің, Украинаның, Қазақстанның, Белоруссияның, Өзбекстанның, Тәжікстанның және Азербайжанның Коммунистік партиясы Орталық Комитеттерінің баяндамалары тыңдалды.

Пленум ауыл шаруашылығына қатысы бар көптеген мамандардың, ғалымдардың, бірсыпыра совхоз директорлары мен колхоз председателдерінің, ауыл шаруашылығының үздік шыққан озаттарының қатысуымен кең көлемде өтті. Пленум, Н. С. Хрущев жолдастың айтқанындай, партия конференциясына ұқсас болды. Мұның өзі партиямыздың Орталық Комитетінің халықпен тығыз байланысты екенін, коллективті басшылықтың лениндік принципін оның дәйектілікпен жүзеге асыратынын тағы да жарқын бейнеледі.

Партияның Орталық Комитеті соңғы кезде еліміздің халық шаруашылығының өзекті мәселелерін жиі талқылап жүр. Ауыл шаруашылығының шешуші салаларын жеке-жеке қараумен бірге Орталық Комитет өнеркәсіп пен құрылысты басқару, химия өнеркәсібін өркендету, халық шаруашылығында техниканы ілгері дамыту туралы тағы басқа маңызды мәселелерді талқылап, тиісті шаралар белгіледі. Мұның бәрі кездейсоқ нәрсе емес. Бұлар социалистік Отанымыздың дамуының жаңа тарихи дәуіріне байланысты. Бұл — елімізде коммунистік құрылыстың

кең көлемде өрістетіле жүргізілу дәуірі. Ал бұл дәуірдің ең негізгі экономикалық міндеті — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау.

Коммунизмге сай материалдық-техникалық база жасау, соның негізінде алуан түрлі материалдық игіліктердің молшылығына жету міндеті халық шаруашылығының барлық саласын, алдымен оның кенжелет келе жатқан саласын тез көтеруді талап етеді. Осы тұрғыдан партияның Орталық Комитетінің соңғы декабрь Пленумының маңызы ерекше зор. Пленум ауыл шаруашылығын бұдан бұлай да үздік дамыта берудің кезекті жаңа шараларын белгіледі. Ол Орталық Комитеттің 1958 жылғы декабрь Пленумынан кейінгі жерде ауыл шаруашылығының өркендеу жолына, оның жетістіктері мен кейбір кемістіктеріне терең талдау жасады.

Ұлы Отанымыздың ауыл шаруашылығының еңбеккерлері партияның XXI съезінің қарарларымен жігерлене түсіп, өткен шаруашылық жылды жаңа табыстармен аяқтады. Егістің жалпы көлемі 1953 жылғыдан 40 миллион гектар артты. Оның ішінде ең маңызды дақыл — жүгері егісінің көлемі 22 миллион гектарға жетті. Еліміздің бірсыпыра астықты аудандарында құрғақшылық болуына қарамастан, астық жеткілікті көлемде дайындалды. Мал шаруашылығы шапшаң қарқынмен өсіп келеді. Өткен жылдың 11 айында 1958 жылдың 11 айымен салыстырғанда колхоздар мен совхоздарда ет өндіру 32 процент, сүт алу 15 процент, жүн қырку 11 процент артты. Бұл уақытта мал басы 18 процент көбейді, оның ішінде сиыр 13 процент, шошқа 19, қой мен ешкі 5, құс 33 процент көбейді.

Мал шаруашылығының көтерілуіне, оның жемшөп қорының молаюы қолайлы жағдай туғызды, әсіресе аса маңызды жемшөптік дақыл жүгерінің егіс көлемі артып, түсімділігінің өсуі мал басының көбейіп, өнімділігі артуына күшті әсер етті.

Ауыл шаруашылығының алуан түрлі күрделі техникамен қарулану дәрежесі де арта түсті. Күрделі техниканы колхоздарға сату, олардың бұдан былай да жанжақты нығая беруінің шешуші бір шарты болды. Партияның бұл жөніндегі шешімі өзінің өмірге жанасымдылығын іс жүзінде көрсетті.

Партия колхоздар мен совхоздарды маман кадрлармен, шебер ұйымдастырушылармен нығайту жөнінде де елеулі шараларды іске асырды. Қазір еліміздің колхоздары мен совхоздарында 300 мыңнан астам жоғары білімді және арнаулы орта білімі бар маман жұмыс істеп жүр. Колхоз председателдерінің жартыдан астамының, совхоз директорларының 90 процентінің жоғары және арнаулы орта білімі бар.

Бұлар сияқты табыстар ауыл шаруашылығы еңбеккерлерін және бүкіл совет халқын Отанымыздың барлық жеңістері мен табыстарының дана ұйымдастырушысы — Коммунистік партияға деген сүйіспеншілік сезімге, зор мақтанышқа бөлейді, сонымен қатар оларды жаңа зор табыстарға жетуге жігерлендіреді.

Ауыл шаруашылығын көтеру жолындағы күресте кейбір ауданда кемшіліктер де кездеседі. Солардың бірі—Қазақстан. Орталық Комитет пленумы өзінің шешімінде Қазақстан туралы былай деп жазды: «Астық өндіруді молайту үшін зор мүмкіндіктері мен қорлары бар Қазақ республикасында биыл егіннен мол өнім өсірілді, бірақ ауыл шаруашылығына басшылық етуде елеулі кемшіліктердің орын алуы, ұйымдастыру жұмысы дәрежесінің төмен болуы салдарынан егіннің өнімі мезгілінде жиналмады. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, республиканың Министрлер Советі, Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері егін жинауға ойдағыдай әзірленуді ұйымдастырмады, колхоздар мен совхоздарды механизатор кадрлармен нығайтуды, сондай-ақ егін жи-

найтын техниканы жөндеуді қамтамасыз етпеді. Республиканың колхоздары мен совхоздарында отыз мыңнан аса комбайн мен он бір мың жатка егін жинауға қатысқан жоқ. Республикалық ұйымдар мемлекеттің биыл Қазақстанға механизатор кадрлары, егін жинау техникасы және автомобиль транспорты жөнінде көрсеткен зор көмегін дұрыс пайдалана алмады. Осылардың салдарынан егін жинау жұмыстары өте ұзаққа созылып, астықтың ысырабына жол берілді, көп егін жиналмай, қардың астында қалып қойды. Республиканың өз міндеттемелерін орындамағаны былай тұрсын, тіпті ол астық сатып алудың мемлекеттік жоспарын да орындаған жоқ».

Н. С. Хрущев жолдас пленумда сөйлеген сөзінде Қазақстан партия ұйымы мен үкіметінің жұмысындағы кемшіліктерді, әсіресе егін шаруашылығы жөніндегі кемшіліктерді орынды да өткір сынады. Ол қазақстандықтардың астық өндіру жұмыстары жөніндегі кемшіліктерінің себептеріне егжей-тегжейлі талдау жасады. Социалистік жарыста алынған міндеттемелерді орындау күресіне бүкіл жұртшылық белсенді жұмылдырылмады, ұйымдастыру жұмыстары кеңінен жүргізілмеді, астық өндіру жұмыстарына ойдағыдай басшылық жасалмады, деп көрсетті ол. Н. С. Хрущев жолдас Қазақстанда егін шаруашылығында орын алған кемшіліктер жөніндегі сын ескертпелерін аяқтай келіп, «бұдан қажетті қорытынды шығару керек» деп тұжырымдады.

Орталық Комитет Пленумы өзінің қаулысында пленумда жасалған баяндамаларда белгіленген ауыл шаруашылығын бұдан былай да дамыта беруге бағытталған шараларды мақұлдады, республика, облыс партия ұйымдарын ол шараларды мүлтіксіз жүзеге асыруға міндеттеді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығында егіншілік, оның ішінде астық өндірісі белді орын алады. Республикамыздың дихандары жетіжылдық аяғында елімізде жиналатын 10—11 миллиард пұт астыққа сүбелі үлес қосуға тиіс.

Соңғы жылдарда партияның ауыл шаруашылығын қауырт көтеру міндетіне ерекше назар аударып, аталық қамқорлық жасауы нәтижесінде бүкіл совет халқының туысқандық көмек көрсетуімен Қазақстанда 23 миллион гектардан астам тың жер игерілді. Мұның арқасында егіс көлемі еселеп артып, астық өнімі үздік молайды. Егер тың жер игерілгенге дейінгі 1950—1953 жылдарда орта есеппен жыл сайын 251,5 миллион пұт астық жиналып, оның 112 миллион пұты мемлекетке тапсырылып келген болса, соңғы төрт жыл ішінде жыл сайын 1 миллиард 148 миллион пұт астық жиналып, оның 724 миллион пұты мемлекетке тапсырылып отырды. Ал кейінгі екі жыл ішінде жыл сайын орта есеппен 810 миллион пұттан тапсырылды.

Республикада астық өнімін бұдан да молайта түсуге мүмкіндік көп. Олардың ең бастысы егіншілік жұмыстарында орын алып келген ірі кемшіліктерді жоюға байланысты. Өткен жылда Қостанай, Қөкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарының партия, шаруашылық ұйымдары көктемгі егісті өткізу, егін жинау жұмыстарында өрескел олқылықтарға жол берді. Көктемгі егіс жұмыстары өте ұзаққа созылып, кеш аяқталды. Соның салдарынан бітік шыққан егін мерзімінде піспей қалды. Ал көктемгі егіс жұмыстары техниканың толық та дұрыс пайдаланылмауынан, ұйымдастыру, басшылық жұмыстарының нашар жүргізілуінен ұзаққа созылды. Көктемгі егіс жұмыстары кезінде, Н. С. Хрущев жолдастың пленумда атап көрсеткеніндей, 18 мың трактор пайдаланылмай қалды. Өйткені олар мезгілінде жөнделмеді. Ал жөнделген тракторлар да толық өнімді пайдаланылған жоқ.

Сол сияқты егін жинау кезінде де ірі кемшіліктерге жол берілді. Егін жинау жұмыстарына да техника, адам күші тиімді пайдаланылмады: 32 мың комбайн, 21 мың десте жинағыш машина, 11 мың егін орғыш мүлде іске қосылмай қалды. Осының салдарынан егін жинау

ұзаққа созылып, 1 миллион 618 мың гектар жердің астығы орылмай және жиналмай қалды.

Егіншілік жұмыстарының басқа саласында да кемшіліктер болды. Таза пар мен зябьтің маңызы жете бағаланбайды, астық егісінің жартыға жуығына сортты тұқым себілмей жүр, тыңайтқыштар, әсіресе республикада өте мол жергілікті тыңайтқыш — көң кеңінен дұрыс қолданылмайды.

Егіншіліктегі осылар сияқты кемшіліктерді жедел жоюдың нақты шаралары әрбір колхозда, совхозда белгіленуі керек. Қысқасынан айтқанда, егіншіліктің мәдениетін жоғары көтере түсу қажет. Пленумның қаулысында және Н. С. Хрущев жолдастың сөзінде егіншілік мәдениетін жанжақты көтеру міндетіне ерекше назар аударылды. Егіншіліктің мәдениетін көтере отырып, деді Н. С. Хрущев жолдас, біз енді «Егіс көлемін ұлғайту жолымен ғана емес, сонымен қатар жақсы агротехниканы енгізу есебінен егіннің шығымдылығын арттыру жолымен де алға басуға, еңбек өнімділігін неғұрлым арттырып, өнімнің түсер құнын кемітуге тиістіміз. Бізге, көбінесе егіс көлемін ұлғайтуға негізделген мешу ауыл шаруашылығы емес, әрбір гектар жерден, жұмсалған еңбектің әрбір өлшемінен өнімді неғұрлым көп беретін жоғары мәдениетті өскелең шаруашылық керек — біздің жолымыз осы».

Республикада егіншілікте осы уақытқа дейін орын алып келген кемшіліктерге бұдан бұлай жол бермеу есебінен және егіншіліктің мәдениетін көтеру арқасында жетіжылдықта әрбір гектардан алынатын астықты 3,5—4 центнер арттыруға болады. Ал мұның өзі республикада жыл сайын кем дегенде бір жарым миллиард пұт астық жинауға жәрдемдеседі.

Егіншіліктің мәдениетін көтеріп, астық түсімін арттыруға жеткізетін нақты шешуші шараның бірі — ауыспалы егіс тәртібіне көшу. Қазақстанның колхоз, совхоздарында қолданылатын ауыспалы егісте пардың үлесі 18—25 проценттей болуға тиіс.

Астықты мол алуда жүгерінің орны өзгеше. Өткен жылда жүгері егісінің көлемі республикада 1 миллион 348 мың гектарға жетті. Биыл 2 миллион 100 мың гектарға жүгері егіледі. Жүгері өзінің өте тиімді дақыл екенін, мол ет пен сүттің қайнар бұлағы екенін іс жүзінде таныта бастады. Жүгеріні көп егіп, одан мол балғын шөп алудың арқасында Козлов жолдастың басқаруындағы Чистов совхозының (Солтүстік Қазақстан облысы) ет, сүт өндіруде зор табыстарға жеткенін Н. С. Хрущев жолдас пленумда қанағаттанғандықпен атап өтті. Партия ұйымдары жүгері егісінің көлемін арттырып, өнімділігін молайта беру күресіне бұдан былай да ерекше назар аударып отыруға міндетті.

Астық өнімін молайтудың тағы бір қайнар көзі — тары. Тары егісінің көлемін ұлғайтумен бірге оның түсімділігін де арттыра беру көзделеді. Тары биыл бір миллион гектар жерге егіледі. Тарының түсімділігін арттыру жөнінде республикада бай тәжірибе бар. Қазақстандықтар, әсіресе Ақтөбе облысының дихандары даңқты тарышы Шығанак Берсиевтің дәстүрі бойынша тарыдан мол өнім алудың кәзіргі талапқа сай үлгісін көрсету үшін жұмылуы керек.

Республикада астықты жаңа жерді игере беру есебінен де мол алуға болады. Қазақстанда әлі де болса 4—5 миллиондай гектар жаңа жер игерілмекші.

Астық өнімін молайтудың енді бір көрнекті көзі — социалистік жарыста алынған әрбір нақты міндеттеменің мүлтіксіз орындалуына жету. Арықбалық ауданының (Көкшетау облысы) дихандары биыл әрбір гектар жерден 100—120 пұттан өнім алу жолындағы жарысқа бастаушы болды. Олар өздері аудан бойынша орта есеппен әрбір гектар жерден 120 пұттан өнім аламыз деп міндеттенді. Кәзір бұл бастаманы басқа облыс, аудан еңбекшілері де қызу қуаттап отыр. Бұл игі

дікті қозғалысқа бас бола отырып, партия ұйымдары әрбір коллективтің, тіпті әрбір еңбеккердің өздеріне алған міндеттемелерін абыроймен орындауын шебер ұйымдастыра білуі керек.

Міне осы сияқты резервтер мен мүмкіндіктерді толық пайдалана отырып, биыл елімізге астықты өткен жылдағыдан анағұрлым көп беруге болады. Республикамыздың ауыл шаруашылығының еңбеккерлері биыл Отанымызға астықты мол беру үшін күресумен бірге неғұрлым арзан астық беру үшін де күреседі. Осы мақсатпен олар астық өндірушығандарын барынша азайтып, техниканы мейлінше тиімді пайдалану, еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру, осылардың негізінде астықтың түсер құнын кеміту күресіне жұмылып отыр. «Кәзіргі басты міндет, — деді Н. С. Хрущев жолдас пленумда, — еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кемітуде болып отыр. Бұл — ауыл шаруашылығы жұмыстарын механикаландыру керек деген сөз».

Қазақстан техникалық дақылдарды, картоп пен овошты, жеміс пен жидекті мол өндіру жөнінде де жаңа табыстарға жете алады. Бұған да мүмкіндіктердің бәрі бар. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті, Оңтүстік Қазақстан облыстық және аудандық партия комитеттері соңғы жылдарда мақта егісінің агротехникасын жақсарту, шит себүдің шаршы-ұялы әдісін кең қолдану, жұмыстарды, әсіресе мақта жинау жұмысын механикаландыру жөнінде бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. Осылардың нәтижесінде өткен жылда республиканың мақташылары мақта өнімін едәуір көбейтті. Олар өздерінің міндеттемелерін асыра орындап, мемлекетке 200 мың тоннадан астам мақта тапсырды.

Мақта өнімі республикада бұдан былай да арта береді. Бұл үшін суарылатын жерлерді неғұрлым тиімді пайдалану, Мырзашөлде жаңа жерді игеру, жоңышқа танапты, ауыспалы егісті кеңінен енгізу, агротехниканың озат әдістерін қолдану, барлық жұмыстарды түгел механикаландыра беру шаралары іске асырылады.

Соңғы екі жыл ішінде республикада қант қызылшасының егіс көлемі 80 процент ұлғайды. Егістің агротехникасы да едәуір жақсарды. Бұлардың арқасында, 1958 жылғымен салыстырғанда, қант қызылшасы екі еседен аса артық жиналды. Қызылша өнімі бұдан бұлайғы жерде оны Шығыс Қазақстан, Семей облыстарында егу есебінен және оны күтіп баптау, өсіру жұмыстарының дәрежесін көтеру есебінен молая береді.

Картоп, овош егістерінің де көлемі артып, түсімділігі өсіп келеді. Дегенмен олардың дәрежесі әлі талапқа сай емес. Картоп, овош өнімін үздік молайтуда, оларды өндірумен шұғылданатын арнаулы совхоздар ұйымдастырудың маңызы зор. Өткен жылда Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында ғана арнаулы 22 совхоз құрылды. Бұлар өздерінің тиімді екенін алғашқы жылдың өзінде-ақ көрсетті. Алматы, Өскемен қалаларының еңбекшілері картоп, овошпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді.

Республикамыздың партияның тарихи ХХІ съезінің және Орталық Комитеттің декабрь Пленумының (1958 жылғы) шешімдерімен жігерлене түскен малшылары мал басын көбейтіп, елімізге мал шаруашылығының өнімдерін мол беруге міндеттенген еді. Олар бұл міндеттемесін абыроймен орындады. Ет 1958 жылғыдан 1,7 есе артық тапсырылды. Мал шаруашылығының басқа өнімдері де жоспардан артық тапсырылды. Колхоздар мен совхоздар елімізге етті көп берумен бірге мал басының барлық түлік бойынша едәуір өсуіне жетті. Республикада қой мен ешкіге 2,8 миллион, сиырға 445 мың, шошқаға 253 мың, жылқыға 48 мың, құсқа 2,7 миллион өсім қосылды.

Мал төлден өседі. Өткен жылда республика бойынша әрбір 100 саулықтан 94 козы өсірілді. Алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар, озат малшылар үздік табыстарға ие болды. Оңтүстік Қазақстан облы-

сының қаракөл совхоздары 832 мың саулықтың әрбір 100-нен 118 қозыдан, оның ішінде Сүткент совхозы 136 қозыдан алды. Батыс Қазақстан облысындағы Ілбішін совхозының аға шопаны Қабыл Кәмешов жолдас әрбір 100 саулықтан 180 қозы алды. Мұндай озаттарды республика малшылары зор мақтан етеді және олардан үлгі-өнеге алып үйренеді.

Мемлекетке сатылатын еттің ішінде қой етінің үлесі зор. Сондықтан қой етін неғұрлым сапалы етіп тапсыруға ұмтылу керек. Мұның үшін қылшық жүнді, ұяң жүнді бойдақ қойды 5—8 айлық кезінде, етінің жұмсақ та дәмді кезінде өткізген жақсы. Астықты аудандардың колхоз, совхоздары қозыларды енесінен айырғаннан кейін жемдеуге қоя алады. Сөйтіп бордақыланып өткізілген тоқтылардың тірідей салмағы 40 килограмм, одан да артық болады. Олардың еті өте сапалы келеді. Бұл жағдайды колхоз, совхоздар мықтап ескеруге тиіс. Тоқты етін осылай тапсыруға колхоз, совхоздарды ынталандыру мақсатымен жас, семіз қойды сату бағасы басқа қой етінен артық болмақшы.

Қазақстанда сиыр басын көбейтіп, оның етін мол өндіруге де барлық жағдай бар. Шөлейт-далалық аудандарда сиырды жайып бағу есебінен, астықты аудандарда малды жемдеп бағатын арнаулы фермалар ұйымдастыру есебінен сиыр етін көп өндіруге болады. Солтүстік Қазақстан облысындағы «Заречный» совхозы таналарды жүгері сүрлемімен бордақылағанда тәулік сайын 1 килограмм салмақ қосып отырды. Осы тәжірибені қолданып, үстіміздегі қыста колхоз, совхоздар 280 мың ірі қараны семірту арқылы сиырдың әрқайсысының салмағын 100—120 килограмм арттыруды көздеп отыр.

Республикадағы ұлан-байтақ табиғи жайылымдықтарды дұрыс та толық пайдалану арқылы арзан ет өндіруге болады. Мәселен, өткен жылда Қызылорда облысындағы Қаракұм совхозында жайылымда бағылған қой етінің бір центнері 223 сомға түсті, яғни бұл Солтүстік Қазақстан совхоздарындағы еттің түсер құнынан 2—2,5 есе төмен. Міне бұл жағдайды партия, совет, шаруашылық ұйымдары мықтап ескеруге тиіс, жайылымдықтарды пайдалануды ұқыпты ұйымдастыруы керек.

Техникалық дақылдар өндірудің өсуімен, тамақ, қант өнеркәсібінің өркендеуімен байланысты малды өндіріс қалдықтарымен бордақылау мүмкіндігі молайды. Биыл тек қант өндірісінің қалдығымен ғана 100 мың бастан артық мал семіруге болады.

Республикада шошқа, құс етін өндіру мүмкіндіктері де көп. Шошқа етін мол өндіру мақсатымен арнаулы шошқа совхоздары, астық совхоздары мен қала маңындағы совхоздар жанындағы арнаулы фермалар көбейтіледі. Құс саны өткен жылда бір жарым еседей өсті, құс биыл да шапшаң қарқынмен өседі, бұған республикада қажетті жағдайдың бәрі бар.

Кәзір республика малшылары мал шаруашылығының өте жауапты кезеңі — мал қыстатуды өткізуде. Қыс кезінде күтпеген жерден кездейсоқ қиыншылықтардың кездесуі мүмкін. Бірақ олар қысқа тынғылықты әзірленген, мал қыстатуды жақсы ұйымдастырып отырған шаруашылықтарды ешқандай олқылыққа ұшыратпақ емес.

Республикамызда мал шаруашылығы тез көтеріліп келе жатқан кезде мал тұқымын барған сайын асылдандыра берудің, сөйтіп оның өнімділігін арттыра берудің, бұлар үшін ғылым жетістіктерін неғұрлым кең пайдаланудың маңызы зор. Кәзір малдың асыл тұқымдарын олардың өздеріне өте қолайлы аудандарда өсіру шаралары іске асырылуда. Мал тұқымын асылдандыру, малды қолдан ұрықтандыру жұмыстарымен шұғылданатын ғылыми мекемелердің желісі кеңейтілуде.

Мал шаруашылығын өркендету алдымен жемшөп қорына байланысты екені жұртқа мәлім. Жүгері егісін үздік кеңейте берумен бірге құнарлы жемшөпті, шырын тамырлы өсімдіктерді, минералды азықтар-

ды неғұрлым көп өндіру шаралары қолға алынып отыр. Екпелі жемшөптер аз аудандарда табиғи жайылымдықтарды суландыру, оларды пайдалану мәдениетін көтеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Соңғы үш жыл ішінде 20 миллион гектарға жуық жайылымдық суландырылды.

Республикада малға жеткілікті пішен әзірлеу үшін жыл сайын 40 миллион гектардан астам жердің шөбін шауып, жинау керек. Мұншама көп жердің шөбін шауып, жинау жұмысты кең көлемде механикаландыру арқылы ғана мүмкін. Сондықтан партия ұйымдары жемшөп әзірлеу жұмыстарын түгелдей механикаландыру міндетіне айрықша көңіл бөліп отыруға тиіс.

Республикамыздың малшылары мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жетіжылдық жоспарды мерзімінен екі жыл бұрын — 1963 жылда орындауға жұмылып отыр. Бұл міндеттемені абыроймен орындап шығу үшін мал шаруашылығындағы әрбір жеке коллективтің, еңбеккердің өздеріне нақты, көтеріңкі міндеттемелер алып, оларды мүлтіксіз орындауын шебер ұйымдастыруға жету керек.

Ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі үздік көтере беру үшін партия белгілеген шараларды толық жүзеге асыру жолындағы бүкілхалықтық күресте колхоздар мен совхоздарды ұйымдық және шаруашылық жағынан тынбай нығайта беру міндетінің орны өзгеше. Соңғы бес жыл ішінде Қазақстанда 539 совхоз ұйымдастырылды. Совхоздар өткен жылда республикада даярланған астықтың басым көпшілігін берді. Ал жетіжылдықтың аяғында астықтың 73 процентін, мақтаның 56, еттің 48, сүттің 49, жүннің 48 процентін бермекші. Кәзіргі уақытта ауылшаруашылық өнімдерін көп те арзан өндіріп, мемлекетке пайда келтіріп отырған озат совхоздармен бірге әлі кенжелеп келе жатқан, мемлекетке зиян келтіріп жүрген совхоздар да бар. Мұндай совхоздарды жанжақты нығайта отырып, алдыңғылар қатарына шығару үшін күресу керек.

Партия мен үкіметтің соңғы жылдарда жүзеге асырған машина-трактор станцияларын қайта құрып, техниканы колхоздарға сату, колхоздар өнімін мемлекетке сатып алу бағасын көтеру сияқты күрделі шаралары өздерінің игі нәтижелерін берді. Колхоздар ұйымдық, шаруашылық жағынан нығая түсті. Колхозшы шаруалардың тұрмыс және мәдениет дәрежесі едәуір көтерілді. Колхоздардың күш-қуатынын арта түсуінің жарқын бір бейнесі, олардың бөлінбес қоры 1953 жылғы 4 миллиард 247 миллион сомнан өткен жылда 9 миллиард 65 миллион сомға дейін өсті. Колхозшылардың әрбір еңбеккүніне берілетін азық-түлік пен ақша бұл уақытта 2,3 есе артты.

Колхоздарды бұдан былай да нығайтып, олардың байлығын арттыра беру үшін еңбекке ақы төлеуді, табыс бөлуді онан әрі жақсартып, жетілдіре беру қажет. Колхоздарды маман кадрлармен, әсіресе механизатор кадрмен нығайта беру жөнінде әлі де көп жұмыс істеу керек. Колхоздардың басшылық жұмыстарына арнаулы жоғары білімі және тәжірибесі бар мамандарды жіберу ісі де әлі ойдағыдай емес. Колхоздардың 1 425 председателі ішінде тек 474 адамның ғана жоғары және орта ауылшаруашылық білімі бар.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің нақты шаралары әрбір колхоз бен совхоз бойынша белгіленуі керек. КПСС Орталық Комитетінің Пленумы осыны талап етті. Пленум өзінің қабылдаған қаулысында былай деп көрсетті: «Одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне, өлкелік, облыстық, аудандық партия комитеттеріне, республикалардың Министрлер Советтеріне, өлкелік, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне жетіжылдықтың бірінші жылында қол жеткен нәтижелерді ескере отырып, әрбір аудан, колхоз және совхоз бойынша жетіжылдықтың тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау, астықты, қант қызылшасын, мақтаны, басқа да техникалық дақыл-

дарды, картопты, овошты, жемісті, жүзімді, өсімдік шаруашылығының басқа да өнімдерін көп өндіру жөнінде қоғамдық мал шаруашылығын өркендетіп, етті, сүтті, жүнді және жұмыртқаны көп өндіру жөнінде, еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту жөнінде шаралар белгілеу міндеттелінсін. Бұл шаралар мамандардың, өндіріс жанашылдарының, колхоз бен совхоз активтерінің кеңінен қатысуымен белгіленіп, колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының жиналыстарында, аудандық, облыстық, өлкелік партия комитеттерінің пленумдарында талқыланып, одақтас республикалар компартияларының орталық комитеттерінде қорытылып, КПСС Орталық Комитетіне табыс етілсін».

Алда тұрған нақты шараларды белгілеген кезде қолда бар резервтер мен мүмкіндіктерді неғұрлым сарқа пайдалануға ерекше назар аударылатын болу керек. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың, жеке озат адамдардың жұмыс тәжірибесін көпшілікке кең таратып, оларды дұрыс қолдану арқылы өнімді мол өндіруге жетумен бірге, оны неғұрлым арзан өндіру үшін қажырлы күрес жүргізу — ардақты міндет.

Орталық Комитеттің пленумы еліміздің барлық еңбекшілерін, колхозшы шаруаларды, совхоз жұмысшыларын, ауыл шаруашылығының барлық мамандарын, партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдарын өздерінің бүкіл творчестволық күш-жігерін жетіжылдық жоспар тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау күресіне жұмылдыруға, сөйтіп ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасауға, елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы бүкілхалықтық күреске лайықты үлес қосуға шақырды.

Республикамыздың партия ұйымдары пленумның қаулысын, Н. С. Хрущев жолдастың пленумдағы мазмұнды сөзін, пленумның тағы басқа документтерін жанжақты оқып, үйренуді ұйымдастыру, сөйтіп барлық коммунистерді, бүкіл еңбекшілер бұқарасын пленум шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асыру күресіне белсенді жұмылдыру жөнінде де бірсыпыра нақты шараларды жедел қолға алуға тиіс. Пленум документтерін оқып үйрену жұмысы алдымен ауыл шаруашылығының нақты экономикасы жөніндегі үйірмелер мен семинарларда, ағымдағы саясат жөніндегі үйірмелерде жүргізілуі керек. Газет, журналдарымыз пленум документтерін оқып, үйренушілерге, үгітшілер мен насихатшыларға көмек ретінде мақалалар жариялап отыруға тиіс.

Партияның Орталық Комитеті пленумының қаулысымен қанаттанып, жаңа ерлік істерге әзір отырған Қазақстан ауыл шаруашылығы еңбеккерлері бұл міндеттемелерін абыроймен орындайды, сөйтіп коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы бүкілхалықтық іске сүбелі үлес қосады.

Қатаң үнемділік, ұқыптылық керек

М. ЕСЕНОВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
өнеркәсіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары*

Қазақстанның өнеркәсіп қызметкерлері жетіжылдықтың тұңғышы—1959 жылы өндіргіш күштерді жанжақты өрге бастырып, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау жолындағы бүкілхалықтық күресте елеулі табысқа ие болды. Республиканың өнеркәсібі жалпы өнім шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын 14 декабрьде орындады, 1958 жылғымен салыстырғанда өнім шығару көлемі 14 процент өсіп, еңбек өнімділігі біраз арта түсті. Бүкіл Қазақстан бойынша өнеркәсіп орындары миллиондаған сомның өнімдерін жоспардан тыс берді. Ол өнімдердің ішінде болат, прокат, мырыш, қорғасын, көмір, мұнай, кір жуатын машиналар, мебель, мақта, жүн маталары, аяқ киім, азық-түлік товарлары және басқалары бар. Мұның бәрі еліміздің сан алуан салалы халық шаруашылығын ілгері бастырып, дамыту үшін еңбекшілердің тұрмысын бұрынғыдан да жақсарту үшін өте-мөте маңызды. Жалпы өнім шығару тапсырмаларын экономикалық-әкімшілік аудандардың барлығы орындады.

КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумының техниканы ілгері дамыту жөніндегі тарихи шешімдерін жүзеге асыру бағытында игілікті жұмыстар істелді. Бірқатар кәсіпорындарда жұмыстардың көпшілігі автоматпен істеуге көшірілді, жүзден астам автомат желісі іске қосылды, өнімнің жаңа түрлері игеріле бастады. Түсті металлургия қызметкерлерінің бүкілодақтық социалистік жарысының бастаушысы болған Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының коллективі қабылдаған міндеттемелерін абыроймен орындап, Отанға рапорт берді. Еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту сияқты экономикалық көрсеткіштер жөнінде комбинаттың инженер-техник қызметкерлерінің қол жеткен табыстары ел қуанарлықтай. Сондықтан оларды КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі құттықтады. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты, Ақтөбе ферросплав заводы, Лениногор полиметалл комбинаты, Алматы ауыр машина жасау заводы, Қарағанды көмір бассейні, Қазақстан мұнай бірлестігі өткен жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтады.

Партияның ХХІ съезінің тарихи шешімдеріне сәйкес өндірісті дамыту қарқынын жеделдетіп, күрделі құрылыс көлемін ұлғайту үшін, сөйтіп жетіжылдық жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау үшін ең алдымен халық шаруашылығында социалистік қор жинауды күшейту керек, сонымен бірге материалдық ресурстардың мол болуы қажет. Ал қор жинаудың негізгі қайнар бұлағы — өндірісті үздіксіз дамыту, оның өндіріс шығындарын ұдайы азайтып отыру. Ол өндірістік, технологиялық процестерге, еңбек ұйымдастыруға, шикізатты, материалды пайдалану дәрежесіне тікелей байланысты.

Өндіріс шығындарын кемітудің тетігі—социалистік шаруашылықты өркендетудің негізгі принципі — үнем тәртібін жүзеге асыру.

Владимир Ильич Ленин совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ үнемділік тәртібін, қатан есеп-қисап, бақылау, социалистік шаруашылықтың материалдық игіліктерін, қаражатын ешбір шашауратпай, ұқыпты жұмсау мәселелерін бірінші кезекке аса маңызды міндет етіп қойған болатын. В. И. Ленин салдыр-салақ басшыларға, болашақты ойламайтын тоғышарларға мейлінше қатан талап қойып, өрелі де өткір сөзбен түйреп тастап отырды. Олар, — деді В. И. Ленин, «Өздеріне берілген тиынды сақтаудың қамын жемейді және оны 2 тиын етуге тырыспайды, қайта совет ақшасының миллиард сомына, тіпті триллион сомына жоспар жасайды. Біз міне осы пәлеге қарсы күрес ашамыз» одан әрі былай делінген: «...ысырапшылдықтың қандайының болса да ізін қалдырмай жою керек...титтей де болса үнемделген жинақты өзіміздің машиналы ірі индустриямызды дамыту үшін, электрлендіруді дамыту үшін сақтауға мүмкіндік аламыз» (В. И. Ленин, Шығармалар, 33-том, 223, 504-беттері).

Кемеңгер Лениннің данышпандық нұсқау-өсиеттерін орындай отырып, біздің жеңімпаз Коммунистік партиямыз бұрын артта қалған аграрлы елімізді тарихи қысқа мерзім ішінде жанжақты дамыған индустриялы социалистік ұлы державаға айналдырды.

Үнемділік тәртібін шаруашылықтың күллі саласында қатан сақтауға зор маңыз бере отырып, Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезінде былай деп атап көрсетті: «Әңгіме шаруашылыққа несіздіктің, ысырапқорлықтың, халық мүлкіне немқұрайды қараушылықтың қандай да болсын көріністеріне қарсы шын мәнінде бүкілхалықтық жорық ұйымдастыру жайында болып отыр. Кәсіпорындардың, құрылыстардың жұмысындағы барлық сапа көрсеткіштеріне, әсіресе түсер құнды кемітуге және өнімнің сапасын арттыруға басшылардың жауапкершілігін күшейту қажет. Өнеркәсіпте, құрылыста, транспортта және ауыл шаруашылығында шаруашылық есепті одан әрі нығайта беру керек».

Республика өнеркәсібі жеке салаларының жұмысын техникалық-экономикалық жағынан талдап қарау еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға, өнімнің түсер құнын едәуір кемітуге кәсіпорындар мен құрылыстардың орасан зор мүмкіндіктері бар екенін көрсетті.

Өнеркәсіп өнімінің түсер құнында шикізатқа, отынға жұмсалатын шығын 70 проценттен асатыны, кейбір салада 90 процентке дейін жететіні мәлім. Міне сондықтан да өнеркәсіп өнімінің түсер құнын онан әрі кемітудің және өндіріс ішінде қор жинау қарқынын онан әрі үдетудің елеулі көздерінің бірі — шикізатты, отынды, электр қуатын, металды, басқа материалдарды ұқыпты да үнемдеп жұмсау. Бұл істе шикізатты комплексті түрде пайдалану, шикізат пен материалды жұмсау нормаларын кеміту, өте бағалы да тапшы заттардың орнына арзан да қолайлы бұйымдарды пайдалану өте-мөте маңызды.

Мысалы, біздің машина жасау және жөндеу заводтарының металл өндегенде оның шығынын анағұрлым азайтуларына болады. Бұл мүмкіншілік осы уақытқа дейін жөнді пайдаға аспай келеді. Машина жасау ісін тұтас алғанда металдың толық пайдаланылу мөлшері 60—70 процент екені мәлім, ал қалғандары жонқаға кетіп, шығын болады. Бұл шығынды жою және машина жасау заводтарының өнделетін өнімдерін әзірлеуге шығынды азайту ісінде металды дәл құю, ыстық, салқын қалыптау, пісіру және сол сияқты өндеудің басқа да озық тәсілдерін қолданудың шешуші маңызы бар.

Бұл жөнінен Алматы Халық шаруашылығы советіне қарасты ауыр машина жасау заводы мен басқа бірнеше завод коллективтерінің қол жеткен табыстары назар аударарлықтай. Бұлар қысым арқылы құю, дәлде-дәл құю, коккильге құю, салқын және ыстық қалыптау тәрізді озық тәсілдерді кеңінен қолдануға айрықша назар аударып келеді.

Бұл тәсілдерді қолдану еңбекті, металды, электр қуатын едәуір үнемдеуге мүмкіндік беруде.

Бірақ бұл сияқты кәсіпорындармен қатар өнім өлшеміне материалды, шикізатты, электр қуатын жұмсау нормаларының артуына жол беретін кәсіпорындар да жоқ емес. Мұндай жерлерде жайбарақаттық, өндірістің дамуына, оның экономикалық маңызды көрсеткіштерін көтеруге үнемдеудің жаңа мүмкіндіктерін ашып, пайдалануға тоғышарлық көзқарас орын алады. Мысалы, Петропавлдағы изоляция материалдарын жасайтын завод өндіріс жоспарын асыра орындағанымен, электр қуатын небәрі 58,4 процент қана пайдаланды. Сол сияқты осы облыстағы шағын двигатель заводы да электр қуатын толық пайдалануды қамтамасыз ете алмай жүр. Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советі 1959 жылы қорғасын-мырыш рудасын ашық әдіспен шығаруды едәуір ұлғайта тұрса да, электр қуатын бұрнағы жылдың дәрежесінде жұмсады. Мұндай жағдай басқа да экономикалық аудандардың бірталай кәсіпорындары мен құрылыстарында орын алып отыр.

Былтыр Қарағанды бассейнінің шахталарында көмірдің түсер құны 1958 жылғыдан асып кетуіне жол берілді. Мұның негізгі себептерінің бірі материалдарды шамадан тыс жұмсау болды. Мысалы, көмірдің әрбір мың тоннасын шығаруға 27,8 текшеметр ағаш жұмсалудың орнына (1959 жылы 10 ай ішінде ғана) 28,8 текшеметр ағаш жұмсалды. Артық жұмсалған ағашты ақшаға балағанда 6 629 мың сомнан асып түсті.

Кәзір біздің кәсіпорындарымыз бен құрылыстарымыз техникамен бұрынғыға қарағанда едәуір жақсы қаруландырылған. Міне осыған байланысты машиналарды, құрал-жабдықты пайдалану дәрежесін көтерудің маңызы бұрынғыдан да арта түседі. Дегенмен, кәсіпорындарымызда құрал-жабдықты өнімсіз пайдалану сияқты кемшіліктер бар, мұның өзі өндірістік жоспарларды орындауға нұқсан келтіреді. Қарағанды көмір комбинатының шахталарында көмір комбайндарының жартысы ғана пайдаланылады. Бірқатар шахталарда көмір комбайндарының өнімділігі шамалы. Мысалы, комбинат бойынша әрбір комбайнмен ай сайын 9 681 тонна ғана көмір шығарылады, ал озат шахталарда 12 — 15 мың тоннадан шығарылып жүр. № 7, № 4 шахталарда бұл цифр 3 700 — 5 000 тоннадан да аспайды.

Қазақ ССР Геология және кен қорғау министрлігінің мұнай барлаушылары былтыр бұрғылау техникаларын өте нашар пайдаланды. Мұның негізгі себептерінің бірі — техниканың жұмыс істемей бос қарап тұрған уақытының көп болуы. 1959 жылы бұрғылау станоктарының саны шамамен 32 — 33 процент өсе тұрса да, оларды пайдаланудың тиімділігі күрт төмендеп кетті. Жоспар бойынша әрбір станокпен ай сайын 350 метр орнына 200 метр ғана бұрғыланды. Бұл 1958 жылы 310 метр болған еді. 1959 жылы мұнай мен газды терең бұрғылау жөніндегі барлау жұмысының жоспары орындалмай қалғаны осыдан.

Республиканың халық шаруашылығы советтерінің өнеркәсіп орындары өндіріс және қор жинау жоспарларын негізінен орындап келеді, өнімнің сапасын жақсартып, оның түсер құнын кемітуде. Бірақ осы күнге дейін бірталай кәсіпорындар өндірістік жоспардың орындалуын қамтамасыз етпейді, өнімнің түсер құнын нормадағыдан едәуір арттырып жібереді. Әрине, мұндай кәсіпорындар пайда келтірудің орнына, көп шығынға ұшырайды. Бұған мынадай фактілерді келтірудің өзі жеткілікті. Кәзіргі уақытта өнеркәсіп орындарының төрттен біріндейі өндірістік жоспарды орындай алмай келеді. Сол сияқты кәсіпорындардың шамамен алғанда үштен бірі пайда келтірмей жүр. Мысалы, Семей Халық шаруашылығы советінің 12 кәсіпорны бойынша (1959 жылдың 9 айының қорытындысы) өнімнің түсер құнының 15 миллион сомға нормадағыдан артып кетуіне жол берілді. Бүкіл Халық шаруашылығы

советі бойынша 14 миллион сомның табысы кем алынды. Сонымен қатар 11 кәсіпорны қор жинау жоспарын орындамады, жұмысты 26 миллион сом шығынмен аяқтады.

Өндірістік жоспарды орындай алмайтын кәсіпорындардың көбі Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советтерінде болып отыр.

Кенже қалған кәсіпорындардың жұмысына талдау жасау, оларда ішкі мүмкіндіктердің қанағаттанғысыз іске асырылатынын, механизмдерді толық пайдалану қамтамасыз етілмейтінін, өндіріс технологиясын, еңбек ұйымдастыруды жақсартуға тиісті көңіл бөлінбейтінін, қаржыны, материалды үнемдеп жұмсау үшін қатаң күрес жүргізілмейтінін көрсетеді. Бұларда өндірістік және еңбек тәртібі ойдағыдай емес, сондай-ақ еңбектің озық әдістері әруақытта бірдей кеңінен қолданылып отырмайды.

Кәсіпорындар мен құрылыстардың пайда келтіру дәрежесін арттыру ісі күрделі қаржыны тиімді пайдалануға тікелей байланысты. Республикамыздың халық шаруашылығы үшін бай табиғат ресурстарын шаруашылық кәдесіне жарату қарқынын жеделдетудің маңызы ерекше. Осы тұрғыдан алып қарағанда Торғай боксит руднигін, Павлодар алюминий заводуын, Қарағанды металлургия заводуын, сондай-ақ қуатты жаңа бу және су электр станцияларын тезірек іске қосу, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын игеруді онан әрі жеделдете түсу, көмір және руда кендерінің жаңа қуаттарын пайдалануға беру — халық шаруашылық маңызы орасан зор міндет болып отыр.

Жергілікті партия, совет ұйымдары, халық шаруашылығы советтері өнеркәсіп орындарына, әсіресе жетіжылдықтың алып құрылыстарына күнделікті көңіл бөліп, олардың мұң-мұқтажын еске алып, барлық жағынан көмектесіп отыруға міндетті.

Өнімнің түсер құнын төмендетудегі елеулі мүмкіндіктің бірі—өндірістегі, әсіресе басқару аппаратына жұмсалатын шығынды азайту болып саналады. Бұл үшін ең алдымен басқару аппаратын жетілдіріп, оның керегі шамалы буындарын азайту керек, сөйтіп, басқару аппаратының арзан болуын қамтамасыз ету керек. Халық шаруашылығы советтерінде қажеті жоқ басқару аппаратының буындары әлі де толып жатыр. Түрлі трестер, салалық басқармалар көп, олар кәсіпорындарға басшылық етуді қиындатып жүр. Керексіз, артық буындарды жою жағын тағы да қарастырған жөн. Басқарудың ұйымдастырушылық құрылымын жақсарту, штаттағы басы артық қызмет орындарын жою, ол үшін ұсақ цехтар мен учаскелерді, бөлімшелерді, цехтарды ірілендіру, бірқатар кәсіпорындарды цехсыз жұмыс істеуге көшіру жөнінде пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер зор.

Бұл мәселелерге халық шаруашылығы советтерінің басшылары, облыстық совет атқару комитеттерінің председателдері айрықша назар аударуға тиіс. Социалистік өнеркәсіпті онан әрі өрге бастырып, халық үшін өнімдерді, бұйымдарды мейлінше көп беру, оларды неғұрлым арзанға түсіріп беру мүддесі осыны талап етеді.

Соңғы жылдары біртектес кәсіпорындарды біріктіру, комбинаттар құру, әкімшілік-басқару аппаратындағы қызметкерлердің санын ықшамдау нәтижесінде республика бойынша 622 жұмыс орны қысқартылды, олардың жылдық жалақысының қоры 5 375,3 мың сом еді. Сонымен қатар бірталай кәсіпорындарды цехсыз басқаруға көшіру және цехтарды біріктіру нәтижесінде жылдық жалақы қоры 13 774,1 мың сомдық 1 416 қызмет орны қысқартылды.

Кәзіргі уақытта республика халық шаруашылығы советтерінің құрылымын жақсарту бағытында кейбір шаралар жүзеге асырылуда. Ол шаралардың бастылары — әрелік буындарды, атап айтқанда салалық басқармаларды жою болып отыр. Мысалы, Ақтөбе, Солтүстік Қа-

зақстан, Семей, Шығыс Қазақстан Халық шаруашылығы советтерінде кейбір салалық басқармаларды ажырату ұйғарылуда. Мұның өзі өндіріс пен құрылысқа басшылықты тікелей халық шаруашылығы советтері арқылы жүзеге асырып отыруға қолайлы жағдай туғызады.

Өнеркәсіптің барша саласында резервтерді ашып, пайдаға асыруда партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарына, өнеркәсіп орындарының, транспорттың, құрылыстардың, Халық шаруашылығы советтерінің, министрліктер мен ведомстволардың жұмысшыларына, инженер-техник қызметкерлеріне КПСС Орталық Комитетінің «Халық шаруашылығында электр қуатын тиімді пайдалану туралы», «Халық шаруашылығында мысты, никельді, қалайыны, қорғасынды және басқа түсті металдарды үнемдеп жұмсау туралы» хаттарының орасан зор маңызы бар. Бұл хаттарды Қазақстанның еңбекшілері еліміздің экономикасын жедел өркендетуге даңғыл жол ашатын жауынгерлік программа және халықтың әл-ауқатын онан әрі жақсарту беруге лениндік партияның жаңа әкелік қамқорлығы деп қарсы алуда.

КПСС Орталық Комитетінің бұл хаттарын талқылау әрбір кәсіпорында, құрылыста бар елеулі резервтерді ашуға көмектесті. Бұл резервтерді толық та тиімді пайдалану жетіжылдық жоспардың алып программасын орындауға қосылатын елеулі үлес болатындығында күмән жоқ.

Алматы Халық шаруашылығы советінің кәсіпорындары мен құрылыстарының инженер-техник қызметкерлері, барлық жұмысшылары электр қуатын неғұрлым тиімді пайдалану жолындағы бүкілхалықтық жорыққа бірінші болып үн қосты. Олар 1960 жылы ысырапкерлікті, ұқыпсыздықты жою, электр құрал-жабдықтарын неғұрлым тиімді пайдалану, өндіріске озық технологияны енгізу арқылы кемінде 12 миллион киловатт-сағат электр қуатын үнемдейміз деп серт етті.

Ленингор полиметалл комбинатының коллективі өз мүмкіндіктерін есептей отырып, электр қуатын үнемдеудің қосымша резервтерін аша отырып, өздеріне зор міндеттемелер қабылдады. Ақтөбе ферросплав заводында КПСС Орталық Комитеті хаттарын талқылауға арналған өндірістік кеңесте озат жұмысшылар, инженерлер, мастерлер электр қуатын жұмсауды қысқартуға, оны ұқыпты пайдалануға, иесіздіктің қандайына болса да жол бермеуге бағытталған көптеген бағалы ұсыныстар енгізді. Завод коллективі 6 миллион киловатт-сағат электр қуатын үнемдейміз деп сөз берді. Мұны олар электр аппараттарының қуатын тиімді пайдалану, орынсыз шығындарды азайту есебінен жүзеге асырмақ.

Республиканың басқа да толып жатқан кәсіпорындары мен құрылыстарының коллективтері осындай нақты міндеттемелер қабылдады. Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, шаруашылықтың барлық саласында қаражатты, материалды тағы басқаларды үнемдеп, ұқыпты пайдалану жолындағы қозғалыс бұрынғыдан да кең өріс ала бастады.

Еңбекке коммунистік тұрғыдан қараудың жоғары түрі — еңбекшілердің жұмысты коммунистше істеп, коммунистше тұрмыс құру жолындағы жаңа да тамаша қозғалысы болып отыр. Кәсіпорындар мен құрылыстарда Валентина Гаганованың патриоттық бастамасынан үлгі алушылардың қатары барған сайын көбейе түсуде. Жетіжылдықтың алып программасын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа қосылған жүздеген бригадалар, сменалар, цехтар коммунистік еңбек коллективтері деген құрметті атақ алу үшін күресуде. Техниканы ілгері дамыту, өндіріс жұмыстарын автоматтандыру, механикаландыру жолындағы күресте жаңашылдардың, өнертапқыштардың саны да өсіп келеді. 1959 жылдың тоғыз айының мәліметіне қарағанда өндірісті жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыру мақсатын көздеген 48 мыңнан

аса жаңалық ұсыныс түсті, оның 17 мыңдайы өндірісте қолданылды, бұл жаңалық ұсыныстарды қолдану жылына кемінде 229 мың сом үнемдеуге мүмкіндік береді.

Бүкіл еліміздегі сияқты Советтік Қазақстанның экономикасы да зор өрлеу үстінде. 1960 жылға арналған халық шаруашылық жоспары республиканың экономикасын онан әрі күшті қарқынмен өркендетіп, өрге бастыруды көздейді. Биыл жалпы өнім шығару 12,1 процент, күрделі қаржы жұмсау 17,1 процент артуға тиіс. Өнеркәсіп пен құрылыста еңбек өнімділігін 6 процент арттыру белгіленген. Мұның мәнісі өнеркәсіп өнімін шығару өсімінің 60 проценттейі еңбек өнімділігін арттыру есебінен қамтамасыз етілуі керек деген сөз. Демек, өнеркәсіп пен құрылыс қызметкерлері алдына қойылып отырған міндеттер абыройлы да зор. Бұл міндеттерді жақсы орындау үшін басқа шаралармен бірге шикізатты, материалды, қаржыны жұмсауда үнемділік тәртібін, ұқыптылықты қатаң сақтау керек болады.

Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары шикізатты, материалды, отынды, электр қуатын, қаржыны жұмсауда жақсы табысқа жеткен бригадалардың, цехтардың, учаскелердің, бүтіндей кәсіпорындардың тәжірибесін зерттеп, оны таратуға, жұртшылықтың игілігіне айналдыруға баса назар аударып отырулары керек.

Үнемділік тәртібін қатаң сақтау, жұмыс уақытын толық та тиімді пайдалану, өнімнің түсер құнын кеміту, кәсіпорындардың пайда келтіру дәрежесін арттыру ісі техниканы ілгері дамыту, өндіріс жұмыстарын автоматтандыру, механикаландыру жөніндегі шараларды батыл жүзеге асырғанда ғана қамтамасыз етілетінін естен шығаруға болмайды.

Халық шаруашылығының барлық саласында үнемділік, ұқыптылық керек. Жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлердің назары осыған аударылуға тиіс. Өйткені бұл мәселе жетіжылдық жоспарды орындау және асыра орындау шарттарының бірі болып табылады.

Колхоздарда өнімнің түсер құнын кеміту мүмкіндіктері

Р. ҚУАТОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Ауыл шаруашылығын өрге бастырудың зор программасын жүзеге асыра отырып, партия мен үкіметіміз колхоздар мен совхоздарда өнімнің түсер құнын кемітуге де әрдайым ерекше маңыз беріп келеді. Елімізде соңғы жылдары ауылшаруашылық өнімдерін өндіру көлемі едәуір ұлғайтылды. Жетіжылдықта бұл қарқын бұрынғыдан да үдей түскелі отыр. Біз егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін мейлінше көп өндіріп, халықты азық-түлік молшылығына кенелтуге тиістіміз. Бұл бүкіл ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, ғалымдарының алдында тұрған түбегейлі міндет болып саналады. Жан басына шаққанда ет, сүт, май өндіру жағынан Америка Құрама Штаттарын таяудағы жылдарда қуып жету күресінде бұл мәселенің ерекше маңызы бар.

Н. С. Хрущев жолдас Украинаның батыс облыстарының бірі — Тернополь облысында колхозшылармен кездескенде былай деді: «Ауыл шаруашылығында өнімнің түсер құнын кеміту мәселесінің шешуші маңызы болып отыр. Бұл мәселеге партия ұйымдары үнемі баса көңіл бөліп отыруға тиіс».

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы (1959 ж.) шешімдерінде ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің кәзіргі кезеңінде астықтың, мақтаның, қант қызылшасының, еттің, сүттің, жүннің және басқа өнімдердің түсер құнын кеміту мәселесінің мәні орасан зор екені тағы да атап көрсетілді. Міне сондықтан да бұл мәселеге республиканың күллі партия, совет, ауылшаруашылық органдары әрдайым назар аударып отыруға міндетті. Колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығын шұғыл дамыта отырып, өнім өлшемін өндіруге еңбек пен қаржыны аз жұмсау үшін, сөйтіп өнімді неғұрлым арзанға түсіру үшін мықтап күрес жүргізулері керек.

Өнімнің түсер құны дегеніміз өнім өлшемін өндіруге жұмсалатын (ақшамен бейнеленетін) өндіріс шығындары. Түсер құн көне еңбек пен (өндіріс құралдарын жасауға бұрын жұмсалған еңбек) жаңа еңбектен (өнімді шығару үшін жұмсалған еңбек) құралады. Демек, өнімнің түсер құны және оның мөлшері колхоз жұмысының аса маңызды сапа көрсеткіші болып саналады. Түсер құн белгілі бір өнім өлшемінің (мысалы, өнімнің әрбір центнерінің) қаншаға түсетінін, шаруашылықтың түрлі саласында еңбек пен өндіріс құралын қолданудың қандай пайда келтіретінін көрсетеді.

Бірақ колхоздардың көпшілігінде соңғы кезге дейін ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны есептеп шығарылмай келді. Ғылми-зерттеу мекемелері де бұл аса маңызды мәселемен ойдағыдай шұғылданған жоқ. Тіпті кейбір экономистер колхоз өндірісінің ерекшеліктеріне қарап, өнімнің түсер құнын есептеп шығару мүмкін емес дегенді де айтып келді. Ал шынында колхоздарда өнімнің түсер құнын есептеп шығаруға болады және бұл қажетті іс. Өйткені мұның өзі бүкіл колхоз бойын-

ша, сондай-ақ барлық бригада, ферма, звено бойынша да шаруашылық есептің басты шарты болып саналады. Өнім өлшеміне жұмсалатын өндіріс шығындарын есептеп шығармайынша, шаруашылықтың пайда келтіру дәрежесін анықтамайынша бірде-бір колхоз шаруашылық есепті көңілдегідей қолдана алмайды. Өнімнің түсер құны мен оның құрылымын біле отырып, әрбір колхоздың өнімді неғұрлым арзанға түсіру, өндірістің табыстылығын көтеру жөнінде елеулі шараларды белгілеп, іс жүзіне асырып отыруына болады.

Өнімнің түсер құнын есептеу тек әрбір колхоз үшін ғана емес, сонымен бірге бүтіндей ауыл шаруашылығы үшін де маңызды. Әртүрлі табиғи жағдайларға байланысты болатын өндіріс шығындарының негізінде мемлекеттік органдар ауыл шаруашылығын әртүрлі аймақ, аудан бойынша тиімді орналастыруға мүмкіндік алады, баға белгілеу жөнінде тиісті материалдарға ие болады, ауыл шаруашылығына жоспарлы басшылық ету жөніндегі басқа да мәселелерді шешіп отырады.

Қазақстанның колхоздары 1958 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша өнімнің түсер құны жөнінде тұңғыш рет есеп берді, мұның өзі әр шаруашылық, аудан, облыс, бүтіндей республика бойынша колхоз өндірісінің экономикасына талдау жасау жұмысын жақсартуға көмектесті. Бірақ егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі көп жерде ұлғайғанымен оны арзанға түсіру мәселесі ойдағыдай болмай келеді.

Ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны кейбір жылдары ғана кемігенін байқаймыз. Бір жылы қол жеткен табыс келесі жылдары баянды етілмей, ауылшаруашылық өнімдерінің бірқатар түрінің түсер құны әлі де болса жоғары дәрежеде қалып отыр. Оны мына төмендегі кестеден аңғару қиын емес.

Өнім түрлері	Колхоз өнімінің әр центнерінің түсер құны, сом есебімен жеке жылдар бойынша					Сол жылдарда орта есеппен
	1954	1955	1956	1957	1958	
Мақта	208,83	286,8	201,42	216,37	264,73	230,03
Қант қызылшасы	13,90	13,80	12	14	14,90	13,72
Картоп	54,10	81,50	75,70	61,20	58,30	68,16
Овощь	—	—	77,90	81,10	106,47	88,49
Сүт	147,00	150,00	147,00	133,20	123,60	140,16
Ірі қара малдың қосқан салмағы	468,00	520	679,80	647,60	609,50	584,98
Шошқаның қосқан салмағы	785	1358	1301,30	1135	1119,50	1139,76
Жұмыртқа (он данасы)	—	—	15,10	10,70	12,10	12,63

Ауыл шаруашылығында өнімнің түсер құнына әсер ететін факторлар өте көп. Соның бірі — табиғи-климаттық жағдай, ол ауылшаруашылық өндірісіндегі негізгі жағдай және қажетті элемент болып табылады.

Егіншілікте бір жыл бір жылға ұқсамайды, сондықтан егін өсіруге әр жылдың табиғи-климаттық жағдайы түрліше әсер етеді. Жеке жылдар бойынша егіншілік өнімдері түсер құнының түрліше болуының да негізгі бір себебі осы.

Жоғарыда келтірілген кестеден көрінгеніндей, әр жылдары ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны түрліше. Жылдар бойынша өнімнің түсер құнының ауытқуын бүкіл республика бойынша ғана емес, сонымен бірге жеке облыстардың мысалынан да көруге болады. Мысалы, Ақмола облысында 1955 жылы астықтың әр центнерінің түсер құ-

ны 103 сом 80 тиын, ал 1958 жылы 23 сом, Көкшетау облысында 1957 жылы 118 сом 10 тиын, 1958 жылы 33 сом 70 тиын болды.

Өнімнің түсер құны жөнінде қолайлы жылдары қол жеткен табыстарды баянды ету үшін ауылшаруашылық дақылдарынан жыл сайын тұрақты мол өнім алуды қамтамасыз ету керек. Бұл әрине, әртүрлі аймақтың топырақ-ауа райы жағдайы ескерілетін жоғары агротехникалық шараларды қолдануды талап етеді.

Өнімнің түсер құнын кемітудің және ауыл шаруашылығының жеке салаларының экономикалық жағынан тиімділігін арттырудың маңызды шарты — егіншілік пен мал шаруашылығын орналастыру жайын мықтап жақсарту болып саналады. Өйткені мұның өзі өндірісті өркендетудің тиімді жүйесінің бірі. Ауыл шаруашылығының қай ауданда және қанша мөлшерде орналастырылуының маңызы бар, ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны я арзан, я қымбат болуы да осыған тікелей байланысты. Мысалы, Қазақстанның көп жерін алып жатқан шөл және шөлейт аудандарда астық өндіру бүкіл республикадағы орта мөлшермен салыстырғанда 4—5 есе қымбатқа түседі. Демек, астық өндіруде осындай аудандардың үлесі неғұрлым аз болса, республика бойынша астықтың түсер құны соғұрлым төмен болмақ. Мысалы, 1958 жылы астық өндіру 1954 жылғыдан едәуір арзанға түсті. Оның себебі республиканың астық балансында солтүстік облыстардың үлес салмағы едәуір артты, өйткені олар партияның дана саясаты арқасында соңғы жылдары зор көлемді тың және тыңайған жерлерді игерді, ал мұның өзі астықты неғұрлым арзанға түсіруге мүмкіндік берді.

Табиғи-климаттық жағдайы жөнінен алып қарағанда 1957 жыл 1955 жыл сияқты қолайсыз болды. Бірақ соған қарамастан астықтың түсер құны 1955 жылғыдан едәуір төмен болды. Мұның себебі соңғы жылдары республиканың, бүкіл елдің, астық балансында Қазақстанның негізгі астықты аудандарының үлес салмағы онан әрі арта түсті.

Республикамызда көп жылдар бойы мақта егісін орналастыруда елеулі кемшіліктер орын алып келді. Мақтаның түсер құнының бұрын қымбат болып келуінің негізгі бір себебі осы еді. Бұл кемшілікті түзету үшін тиісті шаралар жүзеге асырылды. 1959 жылы тиісті зерттеулердің нәтижесінде Оңтүстік Қазақстан облысының таулы Георгиев, Түлкібас, Қаратас аудандарында мақта өсіру қолайсыз деп табылып, бұлардан ол егіс алып тасталынды. Бұл таулы аудандарда мақтаның гектарынан жиналған өнім 4—7 центнерден аспай келген.

Мал шаруашылығында да жеке жылдар бойынша өнімнің түсер құны әртүрлі. Егіншіліктегі сияқты мұнда да өнімнің жеке түрлері бойынша өнім өлшеміне жұмсалатын өндіріс шығындары әлі де жоғары.

Мал шаруашылығында қой шаруашылығы өнімді неғұрлым арзанға беріп келеді. 1954 жылмен салыстырғанда 1958 жылы еттің, жүннің түсер құны едәуір арзандады. Сүттің түсер құны да біраз төмендеді. Бірақ солай бола тұрса да, оның мөлшері мемлекетке сатып алу бағасынан әлі де жоғары болып келеді. Сүт сатудан табысты мол алып жүрген колхоздар әзірге санаулы ғана.

Өнімді өндіруге қажетті шығындар ішінде ең алдымен жұмсалған еңбек көлемді орын алады. Мысалы, ол астықтың, мақтаның, қант қызылшасының, картоптың және басқа өнімдердің түсер құныда солай. Колхоздарда егіншілік өнімінің түсер құнындағы негізгі элемент жұмсалған еңбек болып табылады. Барлық тікелей шығындардың ішінде жұмсалған еңбектің үлесі 24-тен 64 процентке дейін болып отыр. Мұның өзі кейбір ауылшаруашылық жұмыстарының жөнді механикаландырылмағанын көрсетеді. Колхоздарда өндіріс жұмыстары түгел механикаландырылмай келеді. Астық шаруашылығы тұтас алғанда едәуір механикаландырылған, бірақ соның өзінде кейбір жұмыстар негізінен қолмен атқарылады. Мысалы, дәнді дақылдарды егу, егін

жинау жұмыстары толық механикаландырылған. Ал астықты тасымалдағанда тиеу, түсіру жұмыстары көбінесе қолмен істеледі. Комбайннан түскен астықты тазарту, тасу жұмыстарын машинамен атқарғанда, оларға жұмсалатын еңбек мөлшері 7—10 есе кемиді.

Бізде мақта жинау жұмысында да қол еңбегі басым. Мақта шитін жинау жұмыстарын механикаландыру, жұмсалатын еңбекті едәуір кемітуге зор мүмкіндік туғызады. Мысалы, Мақтаарал совхозында мақта жинайтын әрбір машина 50—60 адамның жұмысын атқарады.

Колхоздарда жемшөп дайындауға байланысты жұмыстардың барлығы нашар механикаландырылған. Егер шөп шабу, оны жинау шамамен 90 процент механикаландырылған болса, пішенді маялау жұмысының жартысы ғана машинамен істеледі. Ал пішенді тасығанда оны тиеу, түсіру жұмыстары түгелдей дерлік қолмен істеліп жүр.

Пішен дайындауда өздігінен жүретін және тіркеме шөп машиналарын, механикаландырылған тырнауыштарды, пішен тайлағыштарды, мая салғыштарды пайдаланғанда шабындықтың әрбір гектарына жұмсалатын еңбек шамамен 10 есе кемиді. Жұмыстың бәрін машинамен атқарғанда пішеннің әр тоннасын дайындауға 0,32 жұмыс күні керек, ал ішінара механикаландырғанда 0,96 жұмыс күні қажет болады. Бұл алғашқыдан үш есе артық.

Өнімнің түсер құнын кеміту үшін жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық, үстеме шығындарды азайту керек, ал бұл шығындар өндірістік шығындардың ішінде 10 проценттен аса орын алып жүр. Сол сияқты тұқым үшін жұмсалатын шығындардың үлес салмағы да зор.

Амортизация шығындарын (оның ішінде трактор паркін, автотранспортты, электр станцияларын, көлікті неғұрлым өнімді де тиімді пайдалану есебінен, азайту өнімнің түсер құнын кемітуге себепкер болады. Кәзір республиканың көптеген колхоздарының әр қайсысында 30—50 трактордан, ондаған комбайннан, автомашинадан және басқа техника бар. Өнімді ұлғайту және оның түсер құнын кеміту осы бай техниканы дұрыс тиімді пайдалануға байланысты.

Өз меншігіне техника сатып алған колхоздар егіншіліктегі жұмысты механикаландыру дәрежесін арттырумен қоса, кәзір мал шаруашылығында еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға да назар аударуда. Ал оның бержағында мал шаруашылығында осы уақытқа дейін бұл жұмыстың дәрежесі төмен болып келеді. Мысалы, сиыр қораларында малды автомат арқылы суару 4,6 процент, шошқа қораларында 6,7 процент қана. Колхоздарда сиырлардың 1,3 проценті ғана механикалық жолмен сауылады.

Мал шаруашылығындағы жұмыстардың көпшілігі қолмен атқарылатын болғандықтан мұнда адам еңбегі көп жұмсалады, егіншілікпен салыстырғанда мал шаруашылығында жұмсалатын еңбеккүннің шығыны көп. Мысалы, егіншілікте жұмыс істелген бір күн үшін 1,7 еңбеккүн есептелсе, мал шаруашылығында (оның барлық саласы бойынша) 2,03 еңбеккүн жазылады, оның ішінде сиыр фермасында 2,2, шошқа фермасында 2,29 еңбеккүн жазылады.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге жұмсалатын шығындардың түрлері де аз емес.

Малды асырау үшін жемшөп (колхоздың өзінің өндіргені және сатып алатыны) көп жұмсалады. Мысалы, шошқаның тірілей салмағын арттыруға жұмсалған тікелей шығындардың ішінде жемшөп 54,6 процент, ірі қараның салмағын арттыруға жұмсалған шығын ішінде 43,3 процент болады. Басқа өнімдер бойынша шығын ішіндегі жемшөптің үлес салмағы 28—43 процент мөлшерінде болып отырады. Сүт өндіруге жұмсалатын шығындар ішінде жемшөптің үлесі 40 проценттен асады.

Жемшөп шығындары ішінде бұзауға, торайға ішкізілетін сүттің мөлшері де көп болып жүр. Бұл да өнімнің түсер құнын қымбаттатады.

Жемшөп құнында сүттің үлес салмағы 50 процентке дейін жуықтап қалады. 1958 жылы республиканың колхоздары бойынша барлық сауылған сүттің 20 проценті өндіріс шығындарына жұмсалған. Батыс Қазақстан, Көкшетау сияқты облыстарда сүттің осындай мақсатқа жұмсалуды 24 процентке жеткен. Көптеген колхоздарда бұзауға сүт беру нормасы қатаң сақталмайды.

Жеке колхоздар өздерінде жемшөпті жеткілікті дайындаудың орнына оны сырттан сатып алуға құмар. Ал мұның өзі де өнімдердің түсер құнын едәуір қымбаттатып жібереді. 1958 жылы республикада, Көкшетау сияқты облыстарда сүттің осындай мақсатқа жұмсалған жемшөптің құны ішінде 7,5 процент жем басқа жақтан сатып алынған. Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Гурьев облыстарында сырттан жемшөп сатып алушылық фактілері көбірек орын алған.

Біз жеке колхоздардың жұмыс тәжірибесінен алынған кейбір мысалдарды ғана келтірдік. Бұл мысалдар Қазақстанның колхоздарында ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсер құнын кемітуге зор мүмкіндіктер бар екенін сыпаттайды. Бірақ бұл мүмкіндіктер әлі күнге дейін толық пайдаланылмай келеді. Соңғы жылдары біздің колхоздардың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде елеулі табыстарға жеткені мәлім. Астықтың, сүттің, еттің, жүннің және басқа өнімдердің түсер құнын арзандату мүмкіндіктерін шебер пайдаланып келе жатқан озат колхоздар бар, олар жерді, еңбекті, техниканы неғұрлым тиімді пайдалану жөнінен үлгі көрсетіп келеді. Мұндай шаруашылықтардың бірі — Акмола облысындағы Новочеркас ауданының Калинин атындағы колхозы. Бұл колхоз соңғы жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсер құнын мықтап кемітті. Мұны артельдің қоғамдық шаруашылығының негізгі саласы астық шаруашылығының мысалынан көруге болады. Мұнда 1958 жылы астықтың әр центнерінің түсер құны 19 сом болды. 1959 жылы колхозда 3 трактор-егіс бригадасы құрылған болатын. Олардың барлығы да шаруашылық есепке көшірілді. Осы үш бригада бойынша былтыр астықтың әр центнерінің түсер құны 14 сом 16 тиын болды, оның ішінде бірінші бригада бойынша 16 сом 4 тиын, екінші бригада бойынша 12 сом 67 тиын, үшінші бригада бойынша 12 сом 41 тиын.

Калинин атындағы колхозда өнімдердің түсер құнын кемітуге не себеп болды? Оның себебі, мұнда ауылшаруашылық жұмыстарының көпшілігі механикаландырылған, сол арқылы өнім өндіруге жұмсалатын еңбек пен қаржы мөлшері мықтап азайтылған. Трактор жұмыстарына жұмсалған жанармайдан 20 тонна үнемделді, егінді комбайнмен жинағанда әр гектар басы жанармайдың шығыны 1958 жылғыдан 1,5 килограмм кем болды. Шабылған шөпті бірден қыстауларға тасу (оны маяға салып әуреленіп жатпай) нәтижесінде колхоз 7 мың еңбеккүн үнемдеді. Мұның өзі ақшаға шаққанда 50 мың сомнан асады. Сол сияқты пішен тайлағышты, тырнауыштың жаңа түрлерін қолдану еңбек өнімділігін едәуір арттырды, мұнда әсіресе қол еңбегінің жұмсалуды мөлшері азайды. 1959 жылы колхоз егіннің әр гектарынан орта есеппен 10,2 центнер астық алып, жоспардан тыс 6 660 центнер астық өндірді. Зығыр өндіру жоспары да асыра орындалды. Мал шаруашылығын өркендету саласында да айтарлықтай табысқа қол жетті. Алдын ала шығарылған есепке қарағанда, колхоз 1959 жылы 7 миллион сом ақшалай табыс келтірді. Мұның басым көпшілігі мемлекетке өнім тапсырудан алынды.

Павлодар облысындағы Лозов ауданының «Маяк» колхозы 1959 жылы астықтың әрбір центнерін 14 сомға түсірді. Бұл 1958 жылғыдан 36 процент төмен. Сол сияқты мұнда мал шаруашылығы өнімдері де арзанға түсіріліп келеді.

Қазақстанның статистика органдары 1958—1959 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің түсер құны жөнінде іріктелген мәліметтер жасады. 1957 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша 1958 жылы әрбір ауданда колхоздар іріктеліп алынды. Бұл іріктеуде колхоздардың әрбір 100 гектар жерге шаққанда өндірген өнімдер мөлшері, еңбекке ақы төлеу дәрежесі, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы, мал шаруашылығының өнімділігі негізге алынды. Сөйтіп іріктеліп алынған колхоздар үш топқа бөлінді. Ол топтар алдыңғы қатарлы, орташа, артта қалған колхоздар болды. Іріктелген 402 колхоздың 126 озат, 162 орташа, 114 артта қалған колхоз болып шықты.

Зерттеудің нәтижесі көрсеткеніндей, озат колхоздарда астықтың түсер құны орташа колхоздардағыдан 20 процент, артта қалған колхоздардан 34 процент арзан екені анықталды. Бұл картоп жөнінде 14 және 43 процент, қант қызылшасы жөнінде 15 және 16 процент болды. Шошқаның бордақылауда қосқан қосымша салмағының түсер құны озат колхоздарда артта қалған колхоздардағыдан 30 процент кем екені байқалды.

Шаруашылығы кенже қалған колхоздарда дәнді дақылдардың шығымдылығы озат колхоздардағымен салыстырғанда 1,2 есе, картоп жөнінде 1,6 есе төмен болып шықты. Басқа өнімдер жөнінде де шамамен осыны айтуға болады.

Көптеген колхоздардың председателдері, есепшілері, ауыл шаруашылығының мамандары артель экономикасы мен өндіріс салаларының пайдалылығын жете зерттемейді, өнімдердің жеке түрлерін өндіруге материалдық шығынның және еңбектің көп жұмсалыу себептерін ашу үшін терең талдау жасамайды. Мұндай шаруашылықтарда еңбектің, материалдың қаржының жұмсалыуы дұрыс есептеліп отырмайды, мұның өзі өнімнің түсер құнын дәлме-дәл анықтау үшін де көп қиыншылық келтіреді.

Жеке колхоздарда өнімнің түсер құнын есептеу жұмысы өнімнің сапасын ескермей жүргізіледі. Ал бұл ауыл шаруашылығын ғылыми негізде дұрыс жүргізу талаптарымен сыйыспайтын жағдай. Міне сондықтан колхоздар өнімнің түсер құнын есептегенде оның сапасын да қатаң ескеріп отыруға тиіс. Бұл әсіресе колхоздарымызда өндірілетін ет, сүт, жүн, мақта сияқты негізгі өнімдер жөнінде ерекше ескерілу керек.

Бізде колхоз бухгалтериясының қызметкерлері өнім өлшеміне жұмсалатын еңбек пен қаржыны дұрыс есептеуге әлі де машықтана алмай келеді, сонымен қатар олар өнімнің түсер құнын жоспарлауды да әлі ойдағыдай үйреніп болған жоқ. Әрбір центнер өнімді өндіруге жұмсалатын өндіріс шығындарын дұрыс жоспарлау—еңбектің және материалдық шығынның, ақша қаражатының жұмсалыуына үнемі бақылау жасап отырудың негізі. Сонымен қатар бұл колхоздардың финанс-шаруашылық жұмыстарының жайын ай сайын, тоқсан сайын тексеріп отыруға мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жетіжылдықта Қазақстан экономикасын өркендетіп өрге бастыру жөнінде ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттер өте зор. Колхоздар бұл міндетті жүзеге асыра отырып, таяудағы жылдары өнімнің барлық түрінің түсер құнын едәуір кеміте алады. Бұған колхоздардың бәрінде де кәзір қажетті жағдай бар. Мәселе тек осы бай мүмкіншіліктерді кезінде шебер пайдалана білуде болып отыр.

Көркем сөздің асқан шебері

(А. П. Чеховтың туғанына жүз жыл толуына)

Ы. ДҮЙСЕНБАЕВ,

филология ғылымының кандидаты

Қай халықтың болмасын рухани мәдениетіне өшпейтін үлес қосып, асыл мұра қалдырған аса бір қадірлі қайраткер болады да, жылдар өтіп озған сайын сол адамның жарқын бейнесі көмескіленудің орнына жайнай түседі. Кейінгі ұрпақ ұлы тұлғаның кемеңгерлік ісі мен таңғажайып талантына ғана сұқтанып қоймайды, әрдайым оның ел қамы үшін істеген игі қызметін, адамгершілік зор қасиетін жадында сақтап ұмытпайды. Осындай асыл жанның бірі — орыс халқының ұлы жазушысы, көркем сөздің асқан шебері Антон Павлович Чеховтың туғанына 100 жыл толуын 1960 жылдың 29 январында бүкіл совет халқы, сондай-ақ алдыңғы қатарлы барлық адамзат баласы мерекелейді.

Жазушының әдеби мұрасына тоқталмас бұрын оның өмірі, шыққан ортасы, жасаған дәуірі жөнінде қысқаша шолу берсек дейміз. Топас, пасық реакцияның белең алып тұрған сол бір жылдар Россияның тарихындағы бір ауыр кезеңі болатын. Жаңа ғана бас көтерген қоғамдық қозғалыстың бір тобы — халықшылдар сәтсіздікке ұшыраса, марксизм туын көтеретін орыстың жұмысшы табы революциялық майданға шығып үлгірмеген еді. Алайда, сол 80-жылдардың өзін реакция бірыңғай мендеген деп қарауға болмайтынын, «нақ сол заманда орыстың революциялық ой-пікірі дүниеге социал-демократиялық көзқарастың негіздерін салып...» жігерлі жұмыс істегенін, демек сол кездің өзінде де қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан өзгерістерді В. И. Ленин ашып көрсетті.

Кертартпа қара күш қаншама кейінге тартып, жанды ойды өшіріп тұншықтырмақ болса да, орыс қоғамының прогресшіл көзқарасы, ой-санасы, көркем әдебиеті мен өнері осы бір бұлыңғыр шақтың өзінде де едәуір ер жетіп, есейіп дами түсті.

Россияның кең байтақ еліне тұңғыш рет марксизм идеялары тарай бастайды, жаңа туған көзқарасты жалынды сөзбен уағыздайтын философиялық еңбектер жарық көреді. Ұлы өлкенің ол бұрышы мен бұл бұрышында дүркін-дүркін болып тұратын стихиялық көтерілістер енді белгілі саяси бағытқа ие болып, патша өкіметіне қарсы күрес бірте-бірте үдей береді. Осының бәрі кейінде большевиктер бастаған революциялық ұлы қозғалысқа келіп тоғысады.

80-жылдардағы саяси өмір үстірт қарағанда ұйқылы-ояу, тұнжыр, үмітсіз көрініп, Чехов шыққан ортаның жастары саясатқа елікпей жатып, одан мүлде түніліп те үлгірген еді. А. П. Чеховтың өзі де заманындағы саяси өмірді ұсақ, мардымсыз деп таныды, жасырын жүріп, ұлы айқасқа күшін жинап жатқан революцияшыл топ, сол топты жетектейтін ұйым бар екенін аңғара алмады.

Дегенмен, жазушы білсін-білмесін, танысын-танымасын, сол заманның әуені — қарама-қарсы екі күштің арасындағы бітімсіз айқас — оның творчестволық еңбегіне әсерін тигізбей қалған жоқ. А. П. Чехов өз заманының бел баласы болды, сол кездегі көкейкесті мәселелерді қозғай да, оларға жауап іздей де білді.

Антон Павлович Чехов 1860 жылдың 17 январында (ескіше есеп бойынша) Таганрог қаласында, бір кезде приказчик, кейін ұсақ дүкен иесі болған адамның үйінде дүниеге келеді.

Болашақ жазушының әкесі Павел Егорович — үйреншікті кәсібіне ерекше бір мән бергендей компитып өзін-өзі «коммерсант» деп ата-са да, оның шын ықыласы басқада болатын. Ол бір жағынан, өз бетімен талаптанып скрипка тартуды үйренсе, екіншіден сурет салу өнерімен де әуестенетін. Бірте-бірте сауда жұмысына салақ карап, Павел Егорович акыры бар уақытын шеркеу хорын ұйымдастыру ісіне жұмсайды. Сөйтіп жүргенде ол борышқа белшесінен батады да «Москва қайдасың?» деп бір күні жасырын тартып отырады. Бұған дейін Чеховтардың үй-іші, жалғыз Антошадан басқасы, Москва қаласына көшіп те үлгірген еді.

Антон Павлович Таганрогта қалып гимназияны бітіреді, тек содан кейін ғана Москваға келіп медицина факультетіне түседі. Сол кездің өзінде-ақ жас студент күлкі-сықақ журналдарына қысқа әңгіме, фельетондар жаза бастайды, бірақ ол іргелі жазушы боламын деп өзінің алдына ірі мақсат қоймай, әдеби жұмысты қосымша табыс қана етеді.

Рас, Таганрогта тұрған уағында Антон Павлович Москва қаласында көркем әдебиетпен шұғылданып жүрген ағасы Александр Павловичке өзінің жазған ұсақ-түйек күлдіргі әңгімелерін, әзілдерін, анекдоттарын жіберіп тұратын, солардың бірен-сараны басылып та жүрді. Ал Александр қаламы төселген дарынды әдебиетші саналатын, өзінің көптеген әңгімелерін түрліше атпен жариялайтын еді. Міне сол Александр енді інісінің жіберген шығармаларын бастырумен бірге, оған ақыл айтып, қандай кітаптарды оқу керек екенін көрсетіп отыратын болады. Кейін Антон Павлович Москва қаласына келіп орналасқан соң да Александр оған қамқорлық жасап, редакциялармен, кейбір әдебиетшілермен таныстырады. Жас Чехов көбінесе өзінің шығармаларын «Антоша Чехонте» деген атпен жарыққа шығарады.

Медицина факультетінің сабағы қиын болатын, студенттер теориялық пәндерден басқа тәжірибе жұмысын өтетін. Антон Павлович оқуға күлшына кірісіп, ең ижтиһатты, ең зейінді шәкірттің бірі болады. Алайда, әдебиет жұмысынан да қол үзбей, қатар жүргізіп, үй ішіне қаражат жағынан көмегін тигізіп отырады.

Антоша Чехонтенің әңгімелерін көпшілік жұрт сүйсіне оқып, тани бастайды. Журналдардың редакторлары да даңқы өсуге айналған жас жазушыны өз жағына тартуға таласады. Сөйтіп, 19 жасар Чехов үй-ішінің бас-көзі, қамқоршысы, табыскері, тәрбиешісі бола бастайды.

Бұл жерде айта кетерлік бір жәйіт: жас Чеховтың әңгімелері басылып жүрген күлдіргі-сықақ журналдардың идеялық және көркемдік дәрежесі онша жоғары болмайтын, өйткені өздерінің негізгі оқушылары — мешандар мен тоғышарлардың талғамына сай журналдарда, көбінесе, уытсыз сықақ, жеңіл әзіл, тайыз, әлеміш әңгімесымақтар басылатын.

А. П. Чеховтың бір қасиеті, ол қалам ұстаған күнінен бастап, өзін айнала қоршаған сол мешан қауымының әсеріне қарсы тұрып қана қоймайды, бітіспес жауы ретінде онымен өмір бойы күресуге қажымайды.

Үстірт қарағандай болсақ, Чеховтың тұңғыш күлдіргі әңгімелері сол кезде басылып жүрген басқа жазушылардың осы тектес шығармаларынан ешбір айырмасы жоқ тәрізді. Бірақ бұл тек сырттай ғана ұқсастық. Үніле қарап, астарлы сөздің (подтекстің) мағнасын ашсақ, жас Чеховтың шығармаларында қызықты күлдіргі жайларды айта отырып, сонымен бірге оқушыларына сол әңгімелерде кездесетін трагедиялық халдерді де түсіндіргенін айқын көреміз ғой. Бір мысал келтірелік. «Чиновниктің өлімі» деп аталатын белгілі әңгімесінде, қарт

генералдың жалтыр басына байқамай түшкіріп қойып, кейін қапашеккен чиновник байғұстың халі, әрине, кісінің күлкісін келтіреді. Бірақ бұл тек қана күлкі емес, өйткені сол замандағы қарапайым адамның бишара халін, өзінен дәрежесі бір саты үлкен болса, соның алдында тіліп тәжім етіп, адамшылық бейнеден ада болуға дейін баратынын көрсеніз, әңгіменің әншейін күлкі емес, ар жағында үлкен зіл жатқанын аңғарасыз. Сондай-ақ, жазушының «Жуан мен жіңішке», «Женімпаздың салтанаты», «Леп белгісі» деген әңгімелері де ә дегенде өте көңілді, ойнақы болып көрінсе де, «Чиновниктің өліміне» сабақтас шығармалар екенін абайлау қиын емес.

Чехов талантының осындай жағы, оны өз заманындағы зілсіз, ойсыз, жеңіл күлкіге құрылған әңгімелер жазатын жазушылардан жеке дара қояды, сонымен бірге оның өзін орыстың сыншыл реализмінің ұлы дәстүрін дамытушылардың қатарына қосады. Бұл ретте Чехов, ең алдымен, Н. В. Гогольдің мирасқоры, ұлы сатириктің жолын қуған жазушы. Алғашқы адымының өзінде Антон Павлович әрбір әңгімесінде өз заманының белгілі жағдайлары туғызған кейіпкерлердің бейнелерін, оларға тән типтік ерекшеліктерді беруге ұмтылады. Өзінің нысана еткен осы бағытын тереңдете түсудің арқасында жас жазушы тырнақ алды еңбектерінің өзінде-ақ орыс әдебиетінің ұлы табысына үлес боп қосылуға жарайтын жиынтық, кесек бейнелер жасайды. Мысалы, «Унтер Пришибеев», «Хамелеон» тәрізді шағын көлемді әңгімелерінде А. П. Чехов патшалық Россияға сай келетін типтік көріністерді сипаттағандықтан Хамелеон мен Унтер Пришибеев те Обломов, Плюшкин, Манилов және солар сияқты жалпыға мәлім бейнелердің қатарынан орын алады.

Жазушының таланты жетіліп, кемеліне келе бастаған сайын, оның шығармалары да мазмұн жағынан тереңдеп, тіл көркемдігі құлпыра түседі. Сырт көзге бейғам, ақжарқын, күлкішіл Антоша Чехонте енді орнын өмірге мұңая қарап, терең суреттейтін, есейген Чеховқа береді.

80-жылдардың орта шенінде Антон Павлович адам өмірінің қайғылы, мұңды жақтарын баса суреттейтін әңгімелерін жазуға кіріседі. Мысалы, адам басындағы жалғыздықты шебер бейнелейтін «Қамығу» деген әңгімесін 1886 жылы жазады. Үлкен қала, зәулім үйлер, ерсілік-қарсылы сапырылысып жүріп жатқан адамдардың топыры, бірақ олардың бірде-біреуі баласынан айырылған кіреші Ионаның зор қайғысына көңіл бөлмейді, ең ақырында қайғылы қарт тілдесіп көңіл күйінішін таркатуға ешкімді таба алмай, өзінің атына жем беріп тұрып, соған бар мұң-зарын ақтарады. Осы қарсаңда жазылған «Қайғы», «Ұйқым келеді» деген шығармалары да өзінің мазмұны, өрнегі жағынан жоғарыда аталған «Қамығу» әңгімесімен үндес.

1888 жылы басылып шыққан «Дала» атты ұзақ әңгімесінде жазушы туған елінің тағдырын ойлап қатты толғанады. Шығарманың бас кейіпкері гимназияға түскелі бара жатқан Егорушка деген бала. Сондықтан бұл көбінесе жастық шақты, кіршіксіз таза сезімді, телегейтеніз тәрізді ұшы-қиыры жоқ өмірді жыр ететін, әрбір беті поэзияға толы керемет көркем шығарма.

«Дала» әңгімесінде А. П. Чехов Россияның адам қолы әлі тимей несіз жатқан мол байлығын, сол елді мекендеген батыр тұлғалы адамдардың еркіндікті, болашақтағы бақытты күнді аңсай күтетінін үлкен шабытпен шертеді.

Ұлы Россияның творчестволық күшін, шеті-шегі жоқ бай өлкенің асыл қазынасы ел игілігіне айналмай бостан босқа ысырап болып жатқанын, орыс адамының шырмаудан босанып еркін еңбекке кірісуін арман ету — орыс әдебиетінің ежелгі басты сарынының бірі еді.

90-жылдарда Россияда жағдай өзгере түседі. Өндірістің өркендеуіне байланысты жұмысшы қозғалысы да күшейіп, бүкіл қоғамдық

өмірде жаңа нышан білінеді. Сол 90-жылдардың орта шенінде, В. И. Ленин сөзімен айтқанда, Россиядағы азаттық қозғалыстың үшінші дәуірі — пролетарлық дәуірі басталады.

Осы кезде Чеховтың шығармалары мазмұн жағынан өте тереңдеп, шеберлік өнері де кемеліне келеді. Жазушы өмірде жиі ұшырайтын болмашы бір фактіні суреттегеннің өзінде, сол замандағы өмір шындығының ең басты деген жақтарын, оған тән ерекшеліктерін бұлжытпай бере біледі. Мұны біз, әсіресе «Алтыншы палата» атты ұзақ әңгімесінен айқын көреміз. Бұл шығармасында Чехов Россия империясының қиыр шетіндегі бір кішкентай қаладағы аурухананың тіршілігін, сондағы «алтыншы палатаның» күнделікті өмірін суреттейді. Бұл әңгіме «халық түрмесі» саналған полициялық Россияның ауыр тұрмысын аяусыз әшкерелеген ең күшті шығарманың бірі болды. Сондықтан да жас Ленин: «Кеше кешке осы әңгімені оқып аяқтаған кезімде маған сондай сұмдық болып көрінді, өз бөлмеде отыра алмай орнымнан тұрдым да шығып кеттім. Мен өзімді алтыншы палатаға камалғандай сезіндім» деп тегін айтпаған.

Шығарманың басты кейіпкерінің бірі доктор Андрей Ефимович Рагинді жазушы былай бейнелейді: «Андрей Ефимович ақыл мен адалдықты сүйетін кісі, сөйте тұра өз төңірегіне шынайы адал өмір орнатуға қажыр-қайраты да, табандылығы мен сенімі де жетпейтін. Ол өмір етуді, тиым салуды, өзінің дегенін істетуді атымен білмейтін кісі». Рас, алғашқы кезде доктор Рагин жұмысқа құлшына кіріседі, өзін айнала қоршаған пасықтықты, әділетсіздікті жеңгісі де келеді, бірақ онысынан ештеңе шықпай, тез жалығып, бәріне де қолды бір-ақ сілтейді де, философиялық идеяларды зерттеуге бой ұрады. Сөйтіп жүргенінде оның өзін «жынданған» деп тауып «алтыншы палатаға» апарып қамайды, ол сонда жатып өледі. Осы әңгімеде тәртіп орнатушы боп көрінетін, тұрпайы, топас, «шаш ал десең бас алатын» күзетші Никитаның кейпі шебер суреттелген. Сол кездегі оқушы жұртшылық Никитаның бейнесінен самодержавиенің содыр күшін, тұрпайы пішінін көретін еді.

Кейінгі жылдарда жазған шығармаларында да Антон Павлович өз алдына қойған негізгі творчестволық принципінен таймайды. Жылдан жылға шеберлігін жетілдіре түсіп, сол кездегі орыстың өмір шындығын кеңінен қамтиды.

Өзінің бір топ шығармаларында («Мұжыктар», «Жаңа дачада», «Сайда» т. б.) ұлы жазушы орыс деревнясының ауыр халін, мәдениеттен кейін қалғанын, құлдық пен езілуден көз ашпай келе жатқанын жаны аши отырып жазады.

Қашанда болсын А. П. Чеховтың негізгі тақырыбы өз заманындағы орыс шындығы, сол шындықты жанжақты сипаттауға қайта-қайта орала береді. Мәселен, 1898 жылы жазылған ең атақты әңгімесінің бірі «Құндақтаулы адамдағы» Беликовтың бейнесі сол шындықты айыптаудың ең бір күштісі, зілдісі деуге болады. Әрі қорқак, әрі озбыр, әрі жалақор, жоғарыдан келетін жарлықтан тыс өмірді білмейтін Беликов расында да, патшалы Россияның барлық пасық тұрпатының жиынтық кейпі.

80 — 90 жылдардың жағдайына сай сол кездегі құрылысты ақтаумен бірге, ата-бабадан келе жатқан тәртіпті өзгертпей-ақ бірте-бірте жөндеуге, жақсартуға болады деген теориясымақтар орыстың либералдық интеллигенттерінің ортасына көп тараған еді. Сөз жоқ, мұндай құнарсыз көзқарасты сол кездегі кертартпа ағымдардың өкілдері өз мүдделері үшін толығынан пайдалана білді.

«Мезонинді үй» деп аталатын ұзақ әңгімесінде Чехов сол либералдық интеллигенцияның өкілі, земство ісімен шұғылданған Лидия Волчанинованың бейнесіне өзінше еркін ойлы суретшінің образын қарама-

қарсы қояды. Алайда суретші либералдық интеллигенцияның мардымсыз әрекетін әшкерелеп сынағаны болмаса, өз тарапынан іштеңе ұсынбайды.

Өзінің «Менің өмірім» атты повесінде автор еңбекші халықтың жәбір-жапа шегіп, қанауда болып келгенін айтумен бірге үстем тап өкілдерінің өзімшілдігін, ұсқынсыз өмірін бадырайта көрсетеді. Мұны емдеу үшін либералдар ұсынған түрліше рецепттердің бірде-біреуінің жарамсыз екенін ашып айтады.

Бірақ, Антон Павлович өмірді қалай өзгертудің жолын өзі де білген жоқ. Алайда, сол өмірді тез, батыл, түбінен қопара өзгерту керек екенін жақсы түсінді, оның жаңғырып, ұлы Отанының топырағына бақыт нұры төгілетініне кәміл сенді. Сол бір болашақты аңсап, өзін қоршаған пасық өмірден безуші адамдар жазушының соңғы шығармаларында жиі-жиі кездесе бастағанын көреміз.

Бұл ретте А. П. Чеховтың қайтыс болар алдында жазған тағы бір ғажап әңгімесін келтіруге болар еді. «Қалыңдық» әңгімесіндегі Саша мен Надяның бейнелері болашақты арман етуді қанағат етпей, сол болашақ үшін күреске бел байлаған жас ұрпақты сипаттамай ма? Рас, Саша жас кезінде қайтыс болды, бірақ ол өзінің отты сөздерімен Надяның жас жанын оятып, сиықсыз сұр өмірден азат болуына себепкер болды.

Россияға төне бастаған дауыл алдындағы А. П. Чеховтың көңіл күйін білдіретін шығармалары аз емес, бұл жөнде драмалық шығармаларынан да көптеген мысалдар келтіруге болар еді.

Жазушының бай мұрасын атағанда, оның драматургиясының келелі орын алатынын ескермеуге болмайды. Өйткені өзінің тамаша пьесаларымен Чехов Россияның театр тарихының жаңа бір бетін ашқандай болды. Қазіргі даңқты театрымыз МХАТ-ты мәдени қауым Горький мен Чеховтың театры деп босқа атамаған болу керек. Драматург ондаған пьесалар мен водевильдер қалдырды («Шағала», «Иванов», «Ваня ағай», «Апалы-сінділер», «Шиелі бақ», «Аю», «Юбилей» т. б.).

Бұл мақалада біз тек екі пьесасына ғана қысқаша тоқталсақ дейміз. 1895 жылы Антон Павлович «Шағала» атты пьесасын жазуға кіріседі. Ондағы негізгі тақырып көркемөнер мен ерлік. Автор кімде-кім ерлік жасауға жараса, сол адам көркемөнерде де зор табысқа ие болады деген пікірді дәлелдейді.

Пьесаның кейіпкері Нина Заречнаяға көркемөнер зор даңққа жеткізетін жарқын жол, таңғажайып түс тәрізді көрінеді. Бірақ өмірмен бетпе-бет келгенде нәзік жанды жас әйел сан алуан жапа шегеді: жанындай сүйген адамы тастап кетіп, жас бөбегі өледі, сахна өнерін меңгеруде де ешкімнен көмек, сүйеніш көре алмайды. Жастық шағын құрбандыққа шалып, нелер азапты көріп, ауыр сыннан өткен Нина ақыр аяғында көркемөнердің шыңына шыққан кезінде өмірдегі ең қымбат нәрсе көпірме даңқ, әлеміш мақтан емес екенін жақсы түсінеді.

Сол пьесаның тағы бір қаһарманы атақты жазушы Тригориннің де өмірден тірек, тиянақ таба алмай өзінің шығармаларына Нина мен екеуінің арасындағы сүйіспеншілікке селсоқ қарауы да алдына қойған ұлы мақсаты жоқтықтың салдарынан туған торығу, тіршілікке түңіле қарау. Сондықтан көркем шығарма жазу ол үшін әншейін машық, жалынды жүректің шабытынан туған жан азығы емес.

Болашақтағы жарқын өмірге ұмтылу, Отанының күшіне, келешегіне сену сарындарын А. П. Чеховтың әйгілі пьесасы «Шиелі бақтан» да айқын аңғарамыз. Дворяндық ескі ұяның бұзылып, шие ағашына балта тигенін драматург ескі өмірдің өтіп, жаңа дәуір басталуының символы ретінде суреттейді.

Пьесаның басты кейіпкерлері Раневская мен оның ағасы Гаев жақса лепті түсінбейтін, бар өмірін ойын-сауық пен болымсыз әрекеттерге сарп еткен өлі жандар. Отан, халық, ата мекен — шиелі бақ деп көпирте сөйлегендері болмаса, олардың ешбір терең сезімге, игілікті қызметке бейімі жоқ, ұшарын жел, қонарын сай білетін жел қанбақ тәрізді біреулер. Ата қоныстың шын мирасқоры жас Аня өткен өмірдің өлі куәсі болған шиелі бақпен шаттана қоштасып, «Ескі өмір хош бол!» деп үміт көзін болашаққа тігеді. «Қалыңдық» әңгімесіндегі Саша сияқты Аняға ақылгөй, тірек-таяныш болатын студент Петя Трофимовтың жарқын бейнесін көреміз.

Антон Павлович 1904 жылдың 2 июнінде қайтыс болды.

Әйгілі жазушының творчествосына оншама қатысы жоқ болса да бір қызықты фактіге тоқтап өтсек жөн болар. А. П. Чеховтың 20 томдық толық жинағының бірінші томына қосымша ретінде, оның гимназист кезінде жазған «Қазақтар» деген шағын мақаласы берілген. Болашақ жазушы қыр халқының тұрмысын, түр-сипатын, кәсіп ерекшелігін қысқаша да болсын қонымды етіп баяндаған. Өз өмірін көбінесе, Орталық Россияда өткізгендіктен Антон Павлович бұл тақырыпқа қайта оралмаған, бірақта сол кезде қазақ сияқты алыстағы бір түкпірде жатқан «бұратана» деп аталып келген халыққа назар аударуын, сондай-ақ Сахалинге барған жолында жазған очерктерін ескерсек гуманист, демократ жазушының өрісі кең екенін аңғаруға әбден болады.

Ұлы жазушының асыл мұрасы сан елдің тіліне аударылып, бүкіл дүние жүзілік даңққа бөленді. Чеховтың бірен-саран әңгімелері революциядан бұрын қазақ тіліне аударылып жарық көрді. Мәселен, 1915 жылы «Айқап» журналының 7—8 санында «Қара қарға» деген әңгімесінің аудармасы басылып шықты. Содан бері қарай жазушының әңгімелері, пьесалары, водевилдері үзілместен аударылып, баспа жүзін көруі арқылы қазақ халқының рухани азығына айналды. Әсіресе совет жылдарында көптеген шығармалары қазақ тілінде жарық көрді. Мәселен, 1930 жыл мен 1955 жылдың арасында газет, журналдардың бетінде: «Құндақтаулы адам», «Қара қарға», «Салқам», «Әзіл», «Жылқы аттас фамилия», «Залым бала», «Гусев», «Моншада», «Жуан мен жіңішке», «Қалыңдық», «Алтыншы палата» жарияланды. Сонымен бірге бірнеше жеке жинақ шықты: «Бас бақшашының әңгімесі» (1926), әңгімелер жинағы (1932), «Аққасқа» (1937), «Қаштанка» (1945), «Дала» (1955), «Дамалар» (1955), «Оттар» (1955), «Мезонинді үй» (1955) т. б.

Соңғы кезде Қазақтың көркем әдебиет баспасы А. П. Чеховтың үш томдығын шығаруды қолға алып, соның екі томы жарық көрді, сөйтіп небәрі 100-ден аса әңгімелері мен пьесалары қазақ тіліне аударылып отыр. Жақында шығатын үшінші томына жазушының драматургиялық шығармалары («Шағала», «Иванов», «Шиелі бақ» т. б.) енген.

Орыс классиктерінің еңбектерін аударуда елеулі табыстарымыз бола тұрса да, бұл жөнде әлі де толып жатқан кемшіліктеріміз бен шалағайлықтарымыз бар. Бір аударушылар автор текстін жақсы түсініп, мазмұнына нұқсан келтірмейтін болса да, тіл өрнегін, оған тән лиризм мен юморды толық бере алмайды. Ал екінші бір топ адамдардың аудармасында қазақша тілі бір сыдырғы жақсы шыққанмен, түпнұсқаның кейбір ерекшеліктері ескерілмей нұқта тұғыр, жұпыны болып шығады, әсіресе бұл қиыншылықтарды драматургиялық шығармаларының аудармасынан жиі ұшыратамыз.

Антон Павлович Чеховтың есімі совет халқына, бүкіл дүние жүзінің ізгі ниетті адамдарына, мәдениет жұртшылығына аса қадірлі. Сондықтан ұлы жазушының кіршіксіз тұлғалы бейнесі, жарқын таланты, тамаша шығармалары мәңгі ұмытылмайды.

Лекция және консультация

Бейбіт қатар өмір сүру—өмірдің ең күшті талабы

Қ. ШӘЙМЕРДЕНОВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лекторы

Совет Одағының бейбітшіл лениндік сыртқы саясаты жаңа зор табысқа жетті. Совет үкіметінің талмай қажырлы күш жұмсауы нәтижесінде халықаралық шиеленіс бәсеңдей бастады. Жаңа соғысқа жол бермеуге болады деп сенген еңбекші бұқараның үміті нығая түсті. Дүние жүзінің ізгі ниетті барлық халықтары бейбітшілік пен достықты, әлеуметтік системасы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруін қолдайды. Өйткені кәзіргі жағдайда баянды бейбітшілікті сақтау, соғысты болдырмау бүкіл адамзат үшін ең көкейтесті өмірлік мәселе болып отыр.

Әлеуметтік системасы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі кездейсоқ мәселе емес. Ол белгілі тарихи жағдайда қоғам дамуының заңдылығына байланысты туған мәселе. Оны дәлелдеп, тұңғыш жүзеге асырған В. И. Ленин болды. Өзінің данышпандық еңбектерінде В. И. Ленин капитализмнің әркелкі даму заңын негізге ала отырып, ескі капиталистік қоғамнан социализмге барлық елдер бір мезгілде өте алмайды, социализм бір немесе бірнеше елде жеңеді, ал қалған елдер біраз уақыт буржуазиялық немесе буржуазияға дейінгі елдер күйінде қала тұрады, мұндай жағдайда «социалистік және капиталистік мемлекеттер қатарласа өмір сүретін болады» деген көрегендік қорытынды жасады. В. И. Ленин: жеңген социализм елінің әртүрлі мемлекеттер системасында өмір сүруіне тура келеді, сондықтан барлық халықтардың мүддесі үшін осы екі системаның бейбіт қатар өмір сүруіне, өзара экономикалық және мәдени байланыстарды үнемі ұлғайта беруіне тура келеді, деді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі және оның тәжірибесі бұл лениндік қағиданың өмірлік күшін жете дәлелдеп берді. Совет мемлекеті халықтар арасындағы бейбітшілік идеяларының туы астында дүниеге келді. Сондықтан да Коммунистік партия екі системаның бейбіт қатар өмір сүру мәселесіне зор маңыз береді. В. И. Ленин бастаған бірден-бір жұмысшы-шаруа үкіметінің тұңғыш қадамы бітім туралы декретке қол қоюдан басталды. Совет үкіметі империалистік соғысқа батыл қарсы шығып, әділ және баянды бейбітшілікті барлық халықтарға ұсынуды өзінің қасиетті борышы деп санады. 1917 жылғы октябрьдің 26 (ноябрьдің 8) күні Советтердің II съезінде бітім туралы жасаған баяндамасында В. И. Ленин «бітім туралы мәселе — кәзіргі кездің көкейкесті мәселесі, қысылшаң мәселесі» деп атап көрсетті. Ол түсінікті де. Совет үкіметінің дәйекті бейбітшілік саясаты, бейбіт қатар өмір сүруге ұмтылуы уақытша жағдайға, тактикалық мақсатқа байланысты емес. Бұл талап біздің мемлекетіміздің өзіне тән жаратылысынан туып отыр. Социалистік қоғамда қанау, басқа біреудің жерін басып алу мүддесін көздейтін топтар немесе әлеуметтік күштер жоқ. Өйткені социалистік мемлекетті жұмысшылар мен шаруалар, яғни қоғамның барлық материалдық және рухани байлықтарын тікелей жасаушы адамдар

басқарады. Ал еңбекшілердің миллиондаған адамды қырғынға ұшырататын, материалдық байлықты құртып, жоятын жойқын соғысқа ұмтылуы ешбір мүмкін емес. Ендеше қарапайым халыққа соғыстың тіпті керемі жоқ.

1920 жылы Американың «Нью-Йорк ивнинг джорнэл» газеті тілшісінің советтік Россия мен Америка арасындағы бейбітшіліктің негіздері қандай деген сұрауына берген жауабында В. И. Ленин былай деп мәлімдеді: «Американ капиталистері бізге тиіспейтін болсын. Біз оларға тиіспейміз». Коммунист партиясы мен Совет үкіметі өзінің сыртқы саясатында әлеуметтік системалары әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің осы лениндік принципін үнемі басшылыққа алып, жүзеге асырып келеді. Бейбіт қатар өмір сүрудің лениндік саясаты партиямыздың шешімдерінде, Н. С. Хрущев жолдастың баяндамалары мен сөздерінде, әсіресе Америка Құрама Штаттарына барған сапарында онан әрі дамытылды.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейін тарихи жағдайдың түбірлі өзгерістеріне сүйене отырып, партиямыздың XX және XXI съездері соғысты халықаралық даулы мәселелерді шешудің құралы ретінде пайдаланудан бас тартуға нақты мүмкіндіктер жасалғанын дәлелдеді. Сонымен, жер жүзінде екі система өмір сүріп тұрған тарихи дәуірде олардың ұзақ уақыт бейбіт қатар даму мүмкіндігі туып отыр.

Американың «Форин афферс» журналында жарияланған «Бейбіт қатар өмір сүру туралы» мақаласында Н. С. Хрущев жолдас бұл саясаттың мәнісін былай түсіндірді: «Ең қарапайым сөзбен айтқанда, бұл саясаттың мәнісі — даулы мәселелерді шешудің құралы деп саналып келген соғыстан бас тарту деген сөз. Бірақ бейбіт қатар өмір сүру деген ұғым тек мұнымен ғана бітпейді. Бұл ұғым бойынша, барлық мемлекеттер бір біріне тиіспеуге міндеттеме алумен қатар, бір бірінің территориясының тұтастығы мен тәуелсіздігін ешбір жағдайда да және қалай болғанда да бұзбау үшін міндеттеме алуға тиіс». Әрине, қарама-қарсы екі система арасында идеология мәселелері жөніндегі қайшылықтар сақталады. Бірақ бұл қайшылықтар соғыс болуын қажет етпейді. Американың телевидениесі арқылы 1959 жылы 27 сентябрьде сөйлеген сөзінде Н. С. Хрущев жолдас былай деді: «Сіздерде — капитализм, ал біздерде — социализм. Сонда біз не істемекпіз, осы үшін дүниежүзілік төбелеске дейін бармақпыз ба? Немесе бірқалыпты қарым-қатынас орнатып, әркім өзінше бейбітшілікте өмір сүрейік пе? Совет Одағы бейбітшілікте өмір сүруді жақтап отыр, бейбіт қатар өмір сүруді жақтап отыр».

Соңғы кезде қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруінің лениндік идеясы зор жеңіске жетті. Батыстағы мемлекет қайраткерлері де бұл идеяны қабылдап, жүзеге асыруға бейімделе бастағанын байқаймыз. Оған дәлел ретінде үкімет басшыларының жоғары дәрежедегі кеңесін батыс мемлекеттері үкіметтерінің май айының 16-ында шақыруға келіскенін айтсақта жеткілікті. Бүгінгі таңда бейбіт қатар өмір сүру біреудің өтініші немесе тілегі емес, нағыз шындықтың өзі. Бұл — дүниедегі кәзіргі жағдайдан, адамзат қоғамының кәзіргі даму кезеңінен туып отырған объективті қажеттіліктің өзі.

Дүниежүзілік екінші соғыстан кейінгі жерде халықаралық жағдайдың түбірінен өзгеруі, мемлекеттер арасында қарым-қатынастың дамуы дәл кәзір соғысты қоғам өмірінен біржолата және мәңгі-бақи жою мәселесін қойып отыр. Бұл жөнінен Н. С. Хрущев жолдас былай деп мәлімдеді: «Дүние жүзіндегі күштердің кәзіргі арасалмағы және соғыс техникасының жетіп отырған дәрежесі тұсында қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты дамытудың бейбіт қатар өмір сүруден басқаша бір жолын нақты жағдайды сезбейтін адамнан басқа ешкім де енді ұсына алмайды».

Бейбітшіліктің камалы — социалистік лагерь жаңа соғыс өртін тұтандыруға қарсы тұр. Бейбітшіл күштер кәзір адамзаттың басым көпшілігі. Тек социалистік елдердің өзінде миллиардтан астам адам тұрады. Социалистік елдер дүниедегі жер көлемінің төрттен бірін қамтиды, ал олардың шығаратын өнеркәсіп өнімі дүниежүзілік өнімнің үштен біріндей. Алдағы уақытта біздің табысымыз бұдан да зор болмақ. СССР халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын, сондай-ақ басқа да социалистік елдер жүзеге асырып жатқан жоспарларды толық және асыра орындау нәтижесінде дүниежүзілік өнімнің жартысынан көбірегі социалистік системаға кіретін мемлекеттердің үлесіне тиеді.

Бейбіт қатар өмір сүру саясатын социалистік елдермен қатар соғыстан кейін дербес ұлттық мемлекеттік даму жолына түскен Азия мен Африканың жиырмадан аса жаңа мемлекеті де, соғыс блоктарына кірмей отырған көптеген басқа мемлекеттер де батыл қолдап отыр. Бұл саясатты Азия мен Африка елдерінің Бандунг конференциясы халықаралық көлемде заң ретінде мақұлдады, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 12-ші, 13-ші, 14-ші сессиясы бірауыздан қуаттады.

Бейбітшілік саясатын бүкіл дүние жүзінің халықтары, соның ішінде капиталистік елдердің халық бұқарасы қолдауда.

Жаңа соғыс өртін тұтандыруды ойлаған империалистік топтарды тежеп, оларға әсер етіп отырған ендігі бір зор күш — социалистік мемлекеттерде аса күшті материалдық құралдардың болуы.

Міне осы жағдайдың бәрі буржуазияның көптеген өкілдеріне ой түсіріп, отпен ойнауға болмайды деген пікірді күшейтті. Сондықтан олар Совет Одағымен қатынасты жақсартуға ылажсыздан көніп, кейбір шараларды жүзеге асыра бастады.

СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдастың Америка Құрама Штаттарына барып қайтқан сапары халықаралық жағдайды жақсарту ісіне қосылған теңдесі жоқ үлес болды. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені бұл сапар бейбітшілік туы астында бейбіт қатар өмір сүру, бүкіл адамзатты жойқын апаттан аман алып қалу мәселесімен тығыз байланысты. Біздің халқымыз Совет үкіметінің басшысы арқылы Америка халқына адал ниетпен достық қолын созды. Бұған қатардағы қарапайым американдар тілектестікпен үн қосты.

Американы аралаған сапарында Н. С. Хрущев жолдас жер жүзі еңбекшілерінің үміт-сенімін үлкен жігермен ақтап шықты. Совет үкіметінің басшысы өзінің сөйлеген сөздерінде маркстік-лениндік ілімнің негізгі мәселелерін, бейбіт қатар өмір сүру қағидаларын әрі шебер, әрі жатық тілмен айтып беріп, оны американ халқының санасына жеткізуге баға жетпес еңбек сіңірді. Сапардың нәтижесінде Американың өз ішінде біздің еліміз жайындағы шындықты Совет үкіметі басшысының аузынан тұңғыш рет естіген жаңа жақтастарымыз көбейе түсті, бейбітшіл халықтардың ұстаған позициясы едәуір нығайып, күшіне күш, қуатына қуат қосылды.

Совет Одағы мен Америка Құрама Штаттары үкімет басшыларының бірлескен мазмұндамасындағы бейбіт қатар өмір сүру нышаны ілгері ниетті адамдарға зор үміт туғызды. Бұл мазмұндамада олар: ендігі жерде даулы мәселелер күш қолдану жолымен шешілмей, бейбіт, келіссөздер жүргізу жолымен шешілуге тиіс деп мәлімдеді.

Н. С. Хрущев пен Д. Эйзенхауэрдің кездесуінің ендігі бір аса маңызды нәтижесі — олардың жаппай және толық қарусыздану — кәзіргі заманның ең маңызды мәселесі деген пікірді атап көрсеткендігінде.

Шынында да қарусыздану кәзіргі заманның неғұрлым көкейтесті мәселесі болып отыр. Өйткені жер жүзіндегі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі ең алдымен осы мәселені шешуге байланысты. Сондықтан да Н. С. Хрущев жолдастың Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында жаппай және толық қарусыздану жөнінде жасаған ұсы-

нысы бүкіл әлемдегі бейбітшілікті жақтаушы адамдарды қатты сүйсіндірді. Оның сөзін тек Ассамблеяның 12 200 делегатымен, қонағымен бірге дүние жүзінің миллиондаған халықтары да радио қабылдағыш арқылы ынта қойып тындады. Шет ел газеттерінің хабарына қарағанда тындаушылардың жалпы саны бір миллиардқа жуық болған.

Дүние жүзінің халықтары қырғын соғыстың апатты қаруларын жоюды нешеме ғасыр бойы арман етіп келеді. Бірақ бұл іске асырылмай арман күйінде ғана қалып, империалистік топтар жанталаса қарулану саясатын жүргізіп отыр. Кәзірдің өзінде жер жүзіндегі адамның 100 миллионнан астамы қару-жарақ өндірісімен шұғылданып, бейбіт еңбектен қол үзуге мәжбүр болды.

Жанталаса қарулану бүкіл адам баласының тарихында кәзіргі атом, электроника және космосты игеру дәуіріндегідей ешуақытта да шапшаң жүргізілген емес және ешуақытта да кәзіргідей қауіпті болған емес. Кәзіргі уақытта су тегі қаруындай жойқын қару дүниеде жоқ. Егер адамзат қоғамының бұрын-соңды болған соғыс қаруының бәрін қосса, мұның бәрінің қуаты кәзіргі ядролық қаруы бар екі-үш ұлы мемлекеттің қаруының зәредей бір бөлегі ғана болар еді. Мұндай жағдайда соғысқа жол беру адам баласының алдында кешірілмес қылмыс, опасыздық жасаған болып шығар еді.

Оның үстіне жанталаса қарулану халықтарға үлкен ауыртпалық болып отыр. Кәзіргі уақытта барлық мемлекеттер соғыс шығынына жыл сайын шамамен 100 миллиард доллар қаржы жұмсайды. Бұл қаржыға жыл сайын 10 миллион үй, 50 мың мектеп, 10 мың аурухана салуға болар еді. Міне сондықтан да Н. С. Хрущев жолдастың жаппай және толық қарусыздану туралы Біріккен Ұлттар Ұйымына енгізген ұсыныстарына барлық елдердің адамдары шын жүректен қызу үн қосуда.

Алайда батыста жаппай және толық қарусыздану жоспарын қабылдауға қарсы күштер әлі де бар. Олар ауыз толтырып айтарлық дәлел келтіре алмаған соң совет ұсыныстарын «қиял» деп жариялап, сынап-мінегісі келеді. Мұндай адамдарға Италия социалистерінің басшысы Неннидің сөзімен жауап беруге болады: «Жүзеге асырылғанша барлығы да қиял секілденеді. Айға жету кеше ғана қиял болып көрінген жоқ па».

Совет ұсыныстарын жүзеге асыруға әбден болады. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының соңғы сессиясында делегаттардың басым көпшілігі Совет үкіметінің жаппай және толық қарусыздану идеясын қызу қолдады. Оған дәлел ретінде осы мәселе жөніндегі бірлескен совет-американ қарарының жобасына Біріккен Ұлттар Ұйымының 80 делегациясы да қосылғанын айтсақ та жеткілікті.

СССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы өзінің Үндеуінде дүние жүзіндегі барлық елдердің парламенттерін Совет үкіметінің жаппай және толық қарусыздану жөніндегі ұсынысын қолдауға, сөйтіп бүкіл әлемде мәңгі бейбітшілік орнату үшін игі күреске лайықты үлес қосуға шақырды.

Бейбіт қатар өмір сүру саясатын дәйектілікпен адал жүргізіп отырған Совет Одағы Батыс Еуропаның орталығында соғыс қаупін төндіріп отырған герман мәселесін бейбіт жолмен шешу ісіне зор мән береді. Өйткені дүниежүзілік екінші соғыстың зардабын жою және екі герман мемлекеті—Герман Демократиялық Республикасы және Германия Федеративтік Республикасымен бітім договорын жасау барлық мәселелердің түйіні екені белгілі. Шынында да, соғыстан кейін он бес жыл уақыт өтті, бірақ бітім договоры әлі күнге дейін жасалған жоқ. Германиямен арадағы жағдайды бейбіт жолмен реттеудің ұзаққа созылуы Батыс Германия кекшілдерінің белсене әрекет істеуіне кен мүмкіндік тудырды. Германия Федеративтік Республикасының жаңадан құрып жатқан армиясының саны бара-бара көбейіп келеді. Кәзірдің өзінде оның

құрамында 250 мыңдай әскер бар. Ал 1961 жылы 350 мыңға жетпек. Соғыс теңіз флоты қайта құрылып, жаңа-жаңа соғыс кемелерімен, сүңгуір кайықтармен толықтырылуда. Оның үстіне АҚШ пен Англия империалистері Батыс Германия әскерлерін ядролық қарумен жарактандырып жатыр. Олар Польша мен Чехословакияның жерін басып алуды ашықтан-ашық көксеп отыр. Демек, герман кекшілдері Шығысқа да, Батысқа да жорық жасаудан тайынбайды.

Мұның бәрі Совет үкіметінің Германиямен бітім договорын жасасу жайлы ұсынысының неміс халқының, дүние жүзі жұртшылығының мүддесіне сай келетінін айқын көрсетеді.

Совет үкіметі сонымен бірге Батыс Берлинді ешбір мемлекетке тәуелсіз еркін қалаға айналдыруды ұсынды. Берлин қаласы Герман Демократиялық Республикасының орталығында. Қаланың бір бөлегін батыс үш мемлекеттің әскерлері оккупациялап алған. Мұны пайдаланып, батыс елдері оны демократиялық Германияға, социалистік лагерь елдеріне қарсы арандатушы, шпиондық орталыққа айналдырып жіберді. Мұнда көптеген қара ниет фашистік мекемелер, бірнеше сатқын, жалдамалы радио станция ашықтан ашық, ал шпиондық ұйымдар астыртын жұмыс істейді. Сондықтан да Совет үкіметінің Батыс Берлиндегі жағдайды жөнге салып, оны еркін қалаға айналдыру, онда қала халқы тілеген қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі ұсынысы бейбітшілікті сақтау мүддесіне сай келеді. Сонда да болса батыс мемлекеттері Берлин мәселесін дұрыс шешуден жалтарып отыр.

Совет үкіметі бейбіт қатар өмір сүру идеясы негізінде барлық мемлекеттермен, оның ішінде Америкамен тығыз ынтымақ орнатып, қарым-қатынас жасауға бұрынғысынша әзір. 5 августа Москвада болған баспасөз конференциясында Н. С. Хрущев жолдас бұл пікірді былай деп тұжырымдады: «Егер совет-американ қарым-қатынастарында жақсы нышан байқалса, онда мұның өзі басқа мемлекеттермен арадағы қарым-қатынастарды жақсартуға да сөзсіз әсерін тигізеді, жер шарының басқа жерлерінде де торлаған бұлттарды сейілтуге көмектеседі. Әлбетте, біз тек Америка Құрама Штаттарымен ғана емес, сонымен қатар Америка Құрама Штаттарының достарымен де дос болуды тілейміз».

СССР мен Америка арасында бейбітшілік пен достыққа негізделген қарым-қатынас орнату үшін нақты мүмкіндіктер бар ма? Мұндай мүмкіндіктер бар деп айтуға әбден болады. Екі ел арасында, Совет өкіметінің алғашқы жылдарында болған белгілі оқиғаларды айтпағанда, ірі дау-талас болған емес. Олар біріне бірі қарсы ешқашан да соғысқан емес.

Бейбіт қатар өмір сүру саясаты мемлекеттер арасында кең, еркін, жанжақты сауда қатынасын орнатуды керек қылады. Өзара тиімді экономикалық байланысты дамытып, ұлғайта түсу үшін ешқандай идеологиялық алауыздық бөгет болмайды. Совет мемлекетінің дүниеге келген алғашқы күндерінде-ақ батыс елдері өздерінің экономикалық мүддесін бұрын ойлап, күшті идеологиялық қайшылықтарға қарамастан, совет елімен сауда қатынасын орнатты. Содан бері Совет Одағы мен капиталистік мемлекеттер арасындағы сауда негізінен жақсы дамып келеді. Алайда Америка мен Совет Одағы арасында шын мәніндегі жақсы сауда қатынасы мен іскер байланыс өз дәрежесінде болмай отыр.

Соңғы кезде екі мемлекет арасындағы мәдени және ғылыми байланыс біраз жақсара түсті. Мұндай байланыстың қарлығашы 1958 жылғы январьда Вашингтонда жасалған совет-американ келісімі болды. Бұл жөнінен біркатар жұмыс істелді. Мысалы, 1958 жылы Совет Одағынан 80 делегация мен топ Америка Құрама Штаттарына барып қайтты. Ал Совет Одағына Америкадан 64 делегация мен топ келді. Соңғы

кезде көптеген көрнекті совет артистері, еліміздің ең үлкен хореография және музыка коллективтері, құрамында 200-ден аса адамы бар Үлкен театрдың артистері Америкада болып өз өнерін көрсетіп қайтты.

1960—1961 жылдары екі ел арасындағы мәдени және ғылыми байланыс ұлғая түседі. Мұның өзі арадағы қарым-қатынасты жақсартуға, сөйтіп бейбіт қатар өмір сүру идеясының келешекте толық салтанат құруына едәуір ықпал жасайды.

Совет Одағының бейбіт қатар өмір сүру, экономикалық жарысқа түсу, қару-жарақты жанталаса шығаруға тыйым салу, халықаралық даулы мәселелерді келіссөз арқылы реттеу, іскер, мәдени байланыстарды дамыту жөніндегі ұсыныстары дүние жүзі еңбекшілерінің жүрегіне терең ұялады. Мұның өзі күш көрсету саясатының заманы өткенін айқын көрсетеді.

Батыс мемлекеттерінің басшылары да «кирғикабақ соғыс», күш көрсету саясатының күйрегенін мойындауға мәжбүр болып отыр. Алайда, капиталистік дүниеде халықаралық қатынастағы шиеленістің бәсеңдеуін жақтырмайтын соғысқұмар топтар мен қайраткерлер әлі де бар. Рокфеллер, Трумэн, Ачесон сияқты империалистік буржуазияның реакцияшыл қайраткерлері халықаралық мәселелерді бейбіт жолмен шешуге қасарыса қарсы шығып, кәзір дәурені өткен күш көрсету саясатын жаңғыртуға әрекеттеніп жүр. Бірақ батыс елдерінің халық бұқарасы мұндай әрекетке батыл тойтарыс беруде.

Батыста кейбіреулер сөз жүзінде бейбіт қатар өмір сүру саясатын жақтағансып, бірақ мұны СССР-дің қоғамдық құрылысында өзгеріс жасалғанда ғана жүзеге асыруға болады дегенді айтады. Әрине, бұл есеқ дәме, қисынсыз қиял екені айқын. Н. С. Хрущев жолдас СССР Жоғарғы Советінің соңғы сессиясында жасаған баяндамасында мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру мүддесі үшін икемге келуді социалистік құрылыстың, оның идеологиясының жаратылысына әкеліп телудің мүлде дұрыс еместігін атап көрсетті. «Егер принцип мәселелерінде, идеология мәселелерінде, — деді Н. С. Хрущев жолдас, — ымырашылдық жасалатын болса, онда мұның мәнісі — дұшпанның ұстаған позициясына жылжып түсу деген сөз болмақ. Мұның мәнісі — саясатты сапа жағынан өзгерткендік, жұмысшы табының ісіне сатқындық жасағандық болмақ. Кімде-кім мұндай жолға түсетін болса, сол адам социализм ісіне опасыздық ету жолына түседі...». Коммунистік партия бейбіт қатар өмір сүру саясатын бұлжытпай жүргізе отырып, буржуазиялық идеологияға қарсы күресті мейлінше күшейте береді.

Бейбіт қатар өмір сүру — барлық халықтардың мүддесіне сай келетін бірден бір дәйекті жол. Кәзіргі жағдайда одан бас тарту бүкіл дүние жүзін қырғын апатқа душар еткен болар еді. Бейбіт қатар өмір сүру ұраны — өмірдің ең күшті талабы.

Партия тұрмысы

Еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға күнделікті көңіл бөлінсін

К. ТРЕТЬЯКОВ,

Алматы қалалық партия комитетінің секретары

Біздің партия мен мемлекет еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға беруге күнделікті қамқорлық жасап отыруды өзінің негізгі борышы деп біледі. Елімізде совет адамдарының әл-ауқат дәрежесін көтере беру үшін барлық шаралар қолданылып жатыр. Партия халқымыздың тұрмысын дүние жүзінде ең жоғары дәрежеге жеткізу мақсатын көздеп, оны табандылықпен жүзеге асырып келеді.

Тек өткен жылдың өзінде ғана КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі көпшілікті тамақтандыру, халыққа қызмет көрсету ісін жақсарту, мәдениет-тұрмыс товарларын көп шығару және олардың сапасын жақсарту шараларын белгіледі. Бұл шаралар кең-байтақ еліміздің қалалары мен аудандарында жүзеге асырылып, өзінің игілікті нәтижесін беруде.

Партия мен үкімет биыл барлық жұмысшылар мен қызметкерлерді алты-жеті сағаттық жұмыс күніне түгелдей көшіру және жалақыны тәртіпке келтіру ісін аяқтауды белгілеп отыр. Бұл да халықтың тұрмысын жақсарту жолындағы қамқорлықтың ең бір тамаша айғағы. Қазір партия ұйымдарының негізгі міндеті үкімет пен партия белгілеген шаралардың толық орындалуын қадағалап, ұйымдастыру болу керек.

Жетіжылдықтың алғашқы жылы жоспарының шаруашылықтың барлық шешуші салаларында да табыспен орындалуы совет адамдары дәулетінің, мәдениет дәрежесінің арта түсуіне жағдай жасады. Жұмысшылар мен колхозшылардың, қызметкерлердің табысы арта түсті, күнделікті тұтынатын азық-түлік, өнеркәсіп товарлары молайды, тұрғын үй көбейді. Міне мұның бәрін әрбір семья күнделікті тұрмысында айқын сезіп отыр.

Биыл — жетіжылдықтың екінші жылында совет халқы материалдық және рухани игіліктердің молшылығын жасауға жақындай түседі. Өткен жылдарға қарағанда ет, сүт, қант, жұмыртқа, жеміс, мата, аяқ киім, мебельдер, телевизор, тоңазытқыш, жеңіл автомашина және басқа товарлар көп шығарылып, халыққа көп сатылатын болады.

Халықтың тұрмысын жақсарту беру жөніндегі шараларды толық жүзеге асырудың негізгі шарты — халық шаруашылығының барлық саласын өркендету. Партия ұйымдары халықтың тұрмыс-қажетіне күнделікті қамқорлық жасай отырып, олар бұқараны өндіріс жоспарларын орындауға және асырып орындауға, шығарылған өнімдердің сапасын арттырып, түсер құнын арзандатуға жұмылдырып отырады. Совет адамдарының тұрмысын жақсарту беру — коммунистік құрылыстың басты мақсаты, сондықтан партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық ұйымдары өндірісті өркендетумен бірге халықтың тұрмыс дәрежесін, оның мәдениетін көтере беру мәселелерімен де үнемі шұғылданып отырады.

Алматы қаласының партия ұйымдары партия мен үкіметтің халықтың материалдық және мәдени талап-тілектерін қанағаттандыру жөнінде белгілеген шараларын жүзеге асыруды ұйымдастыра отырып, бірсыпыра жұмыстар істеді. Соңғы екі жылдың өзінде ғана қалада мә-

дени-тұрмыс орындарын салуға бір миллиард сомнан астам қаржы жұмсалды, осының нәтижесінде 300 мың шаршы метрден астам тұрғын үй, 21 мектеп, емдеу орындарының қаласы пайдалануға берілді, 145 өнеркәсіп және азық-түлік товарларының магазині, 36 асхана, 20 тігін мастерскойы мен тұрмыс қажеттерін өтейтін орындар ашылды, алты мыңнан астам пәтерде газ жағылады. Сол сияқты қаланы көркейту жөнінде де бірсыпыра жұмыстар істелді: 60 километр көшеге, 44 километр тротуарға асфальт төселді, қалалық су құбыр жүйесі 70 километр ұзартылды.

Биыл республикамыз өзінің 40 жылдық мерекесін тойлайды. Бұл мерекеге дейін астанамыздың сән-сәулеті артып, көркейе түседі. Биыл тек қалалық Советтің өзі ғана көшелер мен тротуарларды асфальттауға, канализация жүргізуге, тұрғын үйлерді жөндеуге, қала транспортын молайтуға және т. б. мұқтаждарға 225 миллион сом қаржы жұмсайды. Мұның үстіне 215 мың шаршы метр тұрғын үй, драма театры, үлкен универмаг, 480 орындық қонақ үй, 9 мектеп, көптеген балалар бақшасы мен емдеу мекемелері еңбекшілердің игілігіне беріледі.

Халықты азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз ету жақсара түсті. Өткен жылы қала халқына 1955 жылға қарағанда ет 2,5 есе, мал майы 3 есе, сүт өнімдері 3 еседен астам артық сатылды. Міне мұның бәрі біздің партия мен үкіметтің еңбекшілердің тұрмысы мен мәдениетін көтеруге жасап отырған қамқорлығының жемісі.

Осыған карамай қала еңбекшілерінің мәдени-тұрмыс қажеттерін өтеуде елеулі кемшіліктер бар. Бұлар ең алдымен қаладағы партия, совет, шаруашылық ұйымдарының халыққа қызмет көрсету жұмысы тиісті дәрежеде емес екенін көрсетеді; олар бұл жөніндегі қолда бар мүмкіндіктерді түгел тауып, орынды пайдаланып, партия шешімдерін жүзеге асыруда ұйымдастыру жұмысын тиісті дәрежеде жүргізіп отырған жоқ.

Қалада тұрғын үй мәселесі әлі де шешілмей келеді. Тұрғын үйге мұқтаж еңбекшілер көп. Совет үкіметі мен Коммунистік партия тұрғын үй құрылысын жүргізудің үлкен жоспарын жасап, оны жүзеге асырып жатыр. Осының нәтижесінде тұрғын үй құрылысының қарқыны жылдан жылға артып келеді. Мысалы, соңғы төрт жылдың ішінде ғана Алматы қаласында 600 мың шаршы метр үй пайдалануға берілді. 1958 жылдың өзінде ғана тұрғын үй бүкіл бесінші бесжылдықта салынғанынан 200 мың шаршы метр артық пайдалануға берілді.

Дегенмен, тұрғын үй әлі де көп керек. Мемлекет тұрғын үй салуға қаржыны жыл сайын мол беруде. Бірақ бұл қаржы толық игерілмей келеді. Кейбір министрліктердің, құрылыс ұйымдарының басшылары тұрғын үй құрылысына мемлекет бөлген қаржыны толық игермейді, құрылыс жоспарын орындамайды. Мысалы, өткен жылы Алматыдағы № 3 құрылыс тресі (бастығы Я. Антонов жолдас), тас жолдар басқармасы (бастығы Л. Гончаров жолдас), ауыл шаруашылығы министрлігі тұрғын үй құрылысы жоспарын орындай алмады. Осы ұйымдардың өзі ғана 33 мың шаршы метр тұрғын үйді жоспардағыдан кем салды. Ал Қазақ темір жолы басқармасы 78 пәтерлік үйді пайдалануға беруге әзірленгеніне үш жыл болды. Бірақ бұл үйдің құрылысы әлі аяқталмай келеді. Жақында өткен аудандық партия конференцияларында делегаттар құрылыс ұйымдарының, партия, совет және шаруашылық ұйымдарының басшыларын бұл жөнінде орынды сынады.

Кәзір қаланың партия ұйымдары бұл сыннан тиісті қорытынды шығара отырып, тұрғын үй құрылысының қарқынын күшейтіп, үй салуға бөлінген қаржыны толық меңгеру, сөйтіп халық үшін тұрғын үйді молайту шараларын іске асырып жатыр. Үйді әрі шапшаң, әрі сапалы салу — еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға жасалған қамқорлықтың ең бір жақсы көрінісі.

Тұрғын үйді молайту үшін жалғыз құрылыс ұйымдарына ғана сөйіп отыра беруге болмайды. Сондықтан біз тұрғын үйді шаруашылық әдіспен де салу, жеке үй салып алушыларға көмектесу шараларын да кеңінен жүргізіп жатырмыз. Қалада тұрғын үй мәселесін шешуде тапқырлық жасап, бұл іске мемлекеттік тұрғыдан қарап шешіп жатқан кәсіпорындар аз емес. Олардың басшылары бұл іске коллективтің өзін жұмылдыра білді. Мысалы, «Октябрьдің XX жылдығы» атындағы завод соңғы екі жылдың ішінде тек шаруашылық әдісімен ғана 3 800 шаршы метр тұрғын үй салды.

Еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық жағдай туғызу, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде кәсіпорындардың өздері көп жұмыстар істей алады. Мұны № 1 темірбетон бұйымдарын жасайтын заводтың (директоры Л. Новак, партия ұйымының секретары К. Никитенко, кәсіподақ комитетінің председателі Г. Власенко жолдастар) тәжірибесінен айқын көруге болады. Бұл завод қала шетінде Тастақ жаққа орналасқан. Бұл жер бұдан аз ғана уақыт бұрын бос жататын жер еді, кәзір заводтың айналасында әсем құрылыстары, мәдени орындары бар сәнді поселке орнады. Завод коллективі 1957—1958 жылдары шаруашылық есеппен ғана 150 пәтер салған болса, өткен жылы 9 айдың ішінде ғана 150 пәтер салып, завод жұмысшыларын кіргізді. Кәзір завод коллективі 36 пәтерлі үйді 70 күннің ішінде салып болу үшін күресіп жатыр.

Мұнда жұмысшы поселкесінің еңбекшілеріне мәдени-тұрмыс жағынан қызмет көрсету мәселесі де жақсы ойластырып шешілген. Завод жұмысшыларының коллективі өз күшімен клуб, кітапхана, монша және азық-түлік, өнеркәсіп товарларының магазиндерін, аптека, емхана, почта, жинақ қассасының үйлерін салды. Завод поселкесінде 90 орындық жастар жатақханасы және семьясы шағын жұмысшылар үшін үш жатақхана бар. Бұлардың бәрі де жақсы жабдықталған, оларда асхана және телевизор қойылған демалыс бөлмесі бар. Семьясы аз жұмысшылар үшін салынған жатақханада балалар бөлмесі бар. Заводтың жанында балалар үшін музыка мектебінің филиалы ашылған. Онда 40-тан астам балалар оқиды, жұмысшы-жастар мектебі жабдыкталып жатыр. Жақында партия және кәсіподақ ұйымдарының бастамасы бойынша завод поселкесінде халықтың тұрмыс қажетін өтейтін комбинат жұмыс істей бастады. Ол бұрынғы мектеп үйіне орналасты. Комбинатта шаштараз, киім тігетін мастерской, телевизор ательесі, кір және киім қабылдайтын пункттер, киім тігетін, аяқ киім тігетін, мебель жөндейтін мастерскойлар бар. Кәзір завод жанынан 100 орны бар асхананың құрылысы аяқталып келеді. Асханаға ең жаңа жабдықтар орнатылады, оның қасынан түрлі дайын тағамдар сата-тын магазин ашылады. Завод стадионының құрылысы басталды.

Міне осылайша завод жұмысшыларының коллективі бұрынғы қала шетінің көркін мүлдем өзгертіп, оны орталыққа айналдыруда. Бұл мысал егер партия, совет және шаруашылық ұйымдары инициатива көрсетіп, бұқараны жұмылдыра білсе, тұрғын үй мәселесін шапшаңырақ шешіп, еңбекшілерге мәдени-тұрмыс жағдайын жасау жөніндегі міндеттерді неғұрлым жедел орындауға болатынын көрсетеді.

Еңбекшілердің тұрғын үй жөніндегі талап-тілегін қанағаттандырудың тағы бір жолы — тұрғын үйді дұрыс бөлу. Бұл жөнінде көптеген кемшіліктер, бұрмалаушылықтар бар. Олар еңбекшілердің тарапынан заңды наразылық туғызады. Соңғы кезде қалалық партия комитеті кейбір ұйымдардың тұрғын үйді дұрыс бөлмеген фактілерін қарап, кінәлі адамдарды қатты жазалады.

Қаланың бірсыпыра кәсіпорындары мен құрылыс ұйымдарында жұмысшылардың едәуір бөлігі, ең алдымен жастар жатақханаларда тұрады. Жас жұмысшылардың тұрмысына күнделікті қамқорлық жа-

сап отыру партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының, шаруашылық басшыларының аса жауапты міндеті. Осылай бола тұрса да бұл істе де келтеген кемшіліктер бар. Мысалы, вагон жөндеу зауытында (директоры Г. Галилев, партия ұйымының секретары И. Куплин жолдастар) жұмысшылар жатақханасы суық, есік-терезесі жабылмайды, төбеден тамшы ағады. Сол сияқты полиграф комбинатының, № 14 құрылыс-монтаж басқармасының партия, кәсіподақ ұйымдары, кәсіпорындардың басшылары жұмысшы жатақханаларын жабдықтауға, онда жұмысшылардың мәдениетті демалуын ұйымдастыруға көңіл бөлмеген. Мұндағы жатақханаларда ас пісіретін, кір жуатын орындар, дем алатын бөлмелер жоқ, тіпті кейбір жатақханаларға радио да орнатылмаған. Жақында қалалық партия комитеті жоғарыда аталған кәсіпорындардағы жағдайды егжей-тегжейлеп зерттеп, шаруашылық басшыларына, партия және кәсіподақ ұйымдарына жұмысшыларға мәдени-тұрмыстық жағынан жағдай жасауды міндеттеді.

Еңбекшілерге мәдени-тұрмыстық жағынан қамқорлық жасауда кәсіподақ ұйымдарының ролі зор. Осылай бола тұрса да кейбір кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға қамқорлық жасамайды, бұл жөнінде өздеріне берілген правомен пайдалана алмайды. № 2 автомобиль жөндеу зауытының кәсіподақ комитетінің (бұрынғы председателі А. Қанонов жолдас) жұмысын мысалға алайық. Зауыттың цехтарында электр жарығы жеткіліксіз болып, жұмысшылар қаракөлекке жұмыс істеп келген. Бұл кемшілікті жұмысшылар зауыт директорына, кәсіподақ комитетінің председателіне талай рет ескертті, қабырға газетіне де жазды, бірақ олар жұмысшылардың бұл тілегін жүре тындап, орындамай келді. Бұл кемшіліктер партия, совет орындарының араласуынан кейін барып түзетілді. Ал, шынында мұндай кемшіліктерді кәсіподақ ұйымдарының өзі де мезгілінде түзете алар еді. Бұл үшін оларға кең право берілген, тек кәсіподақ қызметкерлерінің табандылығы, іскерлігі керек.

Кейбір кәсіпорындардың басшылары кәсіподақ ұйымдарының талап қоймайтындықтарын пайдаланып, еңбек қорғау заңының ережелерін бұзады, жұмысшыларды заңсыз жұмыстан шығарады. Мысалы, Таастақтағы құю-механика зауытының директоры слесарь Кузнецов жолдасты кешіктің деген сылтаумен жұмыстан заңсыз шығарған. Ол бұл жөнінде кәсіподақ ұйымының пікірін сұрамаған. Кузнецов жолдас халық сотының үкімі бойынша өз орнына қайта орналасты, оған зауыт директорының кінәсінен жұмыс істемей жүрген 20 күнінің жалақысы төленді. Мұндай фактілер бірен-саран болса да қаланың кәсіпорындарында әлі кездеседі. Бұл кәсіпорындардағы кейбір партия, кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдардың жұмысшылардың тұрмыс жағдайына жеткілікті көңіл бөлмейтінін көрсетеді.

Сауда орындарының жұмысын жақсарту — еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеуге қамқорлық жасаудың аса бір шешуші шарты. Партия ұйымдары сауда, көпшілікті тамақтандыру орындарының жұмысын жақсарту жөнінде бірсыпыра шаралар қолданды. Осыған қарамай, бұл орындардың жұмысында елеулі кемшіліктер бар, заттарға үстеме баға қойып сату, асханаларда дәм-тұзы татымайтын тағамдар беру сияқты өрескелдіктер жойылып біткен жоқ. Өткен жылдың өзінде ғана қаладағы сауда орындарында 300-ден астам тәртіп бұзу фактісі болды. Қалалық партия комитеті өзінің бюро мәжілістерінде, пленумдарында сауданы жақсарту жөнінде бірнеше рет мәселе қарады. Қалалық сауда басқармасының бастығы Н. Қац, оның жауапты қызметкерлері Р. Арынғазиев, Т. Байбосынов, А. Зевриев, Н. Константинов жолдастардың жұмысындағы кемшіліктер қатаң сыналып, сауда тәртібін нығайту шаралары белгіленді. Кәзір барлық сауда ұйымдарында ашық

партия жиналыстары өтіп, онда сатып алушыларға қызмет көрсетуді жақсартудың міндеттері сөз болып жатыр.

Сауда — еңбекшілерге қамқорлық жасау жұмысының шешуші саласы, сондықтан да қаланың партия, кәсіподақ ұйымдары өзінің ең таңдаулы адамдарын сауда ұйымдарына жіберіп, онда партиялық бақылауды күшейтуге көңіл бөліп отыр. Қалада сауда ұйымдарында жұмыс істейтін 800-ден астам коммунист бар. Олар сауда, көпшілікті тамақтандыру орындарының жұмысында үлгілі тәртіп орната алады. Бұл үшін қалалық және аудандық партия комитеттері сауда орындарындағы партия ұйымдарына талапты күшейтіп, басшылықты жақсартуға тиіс. Сонда ол ұйымдар, ондағы коммунистер сауда орындарының коллективтерін кемшілікті жоюға жұмылдырып, жұмысты совет саудасының талаптарына сай ұйымдастыра алады.

Халықтың талабына сай сауда жүргізу мәдени-тұрмыс товарларын шығаратын кәсіпорындардың жұмысына да, товарлардың сапасына да байланысты. Ал Алматы Халық шаруашылығы советі мен жергілікті және кооператив өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарының жұмысы еңбекшілердің талап-тілектеріне сай емес. Олар көпшілік тұтынатын товарлардың бірсыпырасын аз да сапасыз жасайды.

Осы күнге дейін кәсіпорындарға өндірістік жоспар бергенде халықтың қай товарды қанша керек ететіні ескерілмей келеді. Міне осының салдарынан кәсіпорындар сауда ұйымдарына бір түрлі товарды шамадан тыс көп шығарады да, ол товарлар өтпей жатады, ал енді бір товарларды өте аз шығарады, ол халықтың тілегін қанағаттандырмайды. Мысалы, қаланың кәсіпорындары өткен жылы 3 миллион сомның тігулі киімдерін жоспардан кем шығарды. Сол сияқты «Мебельші» артелі, Чкалов атындағы артель де өнімді жоспардағыдан аз берді. Осының салдарынан біздің қалада магазиндерден киім, кітап және ыдыс-аяқ тұратын шкафтар, орындық, телевизордың, радио қабылдағыштың астына қоятын тумбалар және басқа үй жиһаздарын сатып алу қиын. Бұл артельдер жасаған бұйымдардың сапасы да төмен.

Кәзір қаланың партия ұйымдары бұл кемшіліктерді түзету жөнінде нақты шаралар жүргізіп жатыр. Астана халқын таяудағы уақыттың ішінде мәдени-тұрмыстық товарлармен толық қамтамасыз ету үшін биыл қала кәсіпорындарында 83 миллион сомның, келесі жылы 95 миллион сомның өнімдері шығарылады. Қалалық кәсіпшілік советінің кәсіпорындары өткен жылы 62 миллион сомның ғана өнімдерін шығарған болатын. Мәдени-тұрмыстық товарлардың түрлері көбейеді, пластмассадан жасалған сәнді заттар, мебельдер, балалар ойыншықтары, кілемдер көп шығарылады. Мысалы, электр өтегі өткен жылы 5 мың шығарылған болса, биыл 50 мың шығарылады.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің жақында қабылдаған қаулысында мәдени-тұрмыстық және үй шаруасында пайдаланылатын товарларды шығаруды арттырудың және олардың түрлерін көбейтіп, сапасын жақсартудың нақты жолдары көрсетілді. Партия ұйымдары бұл міндетті орындауда тапқырлық, өнерпаздық көрсетіп, әрбір кәсіпорында халық тұтынатын товарлардың тағыда қандай түрін жасап шығаруға болатынын анықтап, оны жүзеге асыруды ұйымдастырып отыруға тиіс. Кейбір кәсіпорындардың басшылары еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтеуге байланысты мәселелерді мемлекеттен қосымша қаржы, материал алу арқылы ғана шешкісі келеді. Партия ұйымдары мұндай сұраншақтық пиғылдарға қатаң тойтарыс беріп, кадрлардың назарын кәсіпорынның өз мүмкіндіктерін толық пайдалануға аударып отыруға тиіс.

Үкімет пен партияның бұл қаулысында тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың санын көбейту, еңбекшілерге қызмет көрсетуді жақсарту шаралары белгіленген. Таяудағы 2 — 3 жылдың ішінде барлық

жерде де халыққа тұрмыс жағынан толық қызмет көрсету міндеті алға қойылып отыр.

Бұл жөнінде де біздің алдымызда тұрған міндеттер ұшан-теңіз. Қалада, әсіресе оның шет-шетінде мәдени-тұрмыс орындары аз. Сол сияқты халықтың сан алуан түрлі талап-тілектерінің бәрі бірдей орындалып отырмайды.

Сауда, көпшілікті тамақтандыру, сол сияқты халыққа қызмет көрсететін, олардың мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтейтін орындардың жұмысындағы кемшіліктерді түзетуде, олардың жұмысын жақсартуда еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық советтері көп жұмыс істей алады. Қалада жергілікті советтердің мыңнан астам депутаттары бар. Бұл үлкен күш. Бірақ қалалық және аудандық совет атқару комитеттері еңбекшілердің мәдени-тұрмыс талаптарын орындау ісін ұйымдастыруға депутаттарды жеткілікті дәрежеде жұмылдыра алмай келеді.

Депутаттар үнемі халықтың қалың ортасында болатын, олардың талап-тілектерін жұрттың бәрінен де жақсы білетін болуы керек. Бірақ жергілікті советтердің кейбір депутаттары өздерінің бұл борыштарын күнделікті қызметінде ескеріп отырмайды. Мысалы, жергілікті советтің депутаттары Ж. Байгісиев, Ф. Мордвинов, Б. Делов, Р. Жумин жолдастар сайлау өткеннен бері бірде-бір рет сайлаушылармен кездесіп, олардың талап-тілектерін біліп, істеген жұмыстары туралы есеп берген емес. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, депутаттың қызметі оның сайлау алдындағы науқан кезінде сөйлеген сөзінен, берген уәдесінен емес нақты ісінен көрінеді.

Еңбекшілердің тұрмысына қамқорлық жасау — партия ұйымдарының төл ісі. Олар халыққа қызмет істейтін кәсіпорындар мен ұйымдардың, мекемелердің кадрларын бұл іске барынша жауапкершілікпен қарайтын, кемшіліктерді уақытында түзетіп отыратын етіп тәрбиелеуге міндетті. Соңғы кезде қалалық және аудандық партия комитеттері еңбекшілердің мәдени-тұрмыс жағдайын жақсарту ісімен көп шұғылдана бастады. Бұл мәселе партия активтерінің жиналыстарында да талқыланды. Жақында қалалық партия комитетінің пленумында халыққа мәдени-тұрмыс жағынан қызмет көрсетуді жақсарту мәселесі талқыланды. Біз пленумның алдында көп әзірлік жұмысын жүргіздік. Пленумды әзірлеуге 200-ден астам партия активі — қалалық және аудандық партия комитетінің мүшелері, партия ұйымдарының секретарьлары мен шаруашылық басшылары қатысты. Қалалық партия комитетінің мүшелері қаланың шет-шетінде, көптеген магазиндерде, асханаларда, емдеу мекемелерінде, тұрмыс қажеттерін өтейтін орындарда болып, бұл істің жағдайымен егжей-тегжейлеп танысты. Осының нәтижесінде пленум еңбекшілерге тұрмыстық жағдай жасау мәселесін қызу талқылап, кемшіліктерді батыл ашты, партия, совет, кәсіподақ ұйымдарын еңбекшілердің мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартумен күнделікті шұғылданып отыруға міндеттеді.

Партия ұйымдары еңбекшілердің талап-тілектерін қанағаттандырып отырумен, олардың тұрмыс-күйін жақсарту беру ісімен неғұрлым көп шұғылдана, олар бұқарамен солғұрлым тығыз байланыс жасап отырады, шаруашылық және мәдениет құрылысының міндеттері табысты орындалады.

Жетіжылдықты мерзімінен бұрын орындау құрметті міндет

(Батыс Қазақстан облыстық партия конференциясынан)

Бүкіл елге тән алымды қимыл, зор өрлеу Батыс Қазақстан облысында да байқалады. Партияның ауыл шаруашылығын шапшаң, жанжақты дамыту шаралары жемісті нәтижемен бірге өр талап, ұшқыр ой туғызды. Ұлы аттаныста іркілмей қимылдаған өрендер жетіжылдықтың биылғы жоспарын орындауда тапқырлық, ширақтық көрсетті. Еңбекшілердің саяси, өндірістік белсенділігінің нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы да халық шаруашылығын өркендетуде елеулі табысқа жетті.

Жақында болған облыстық XV партия конференциясында соңғы екі жылда жасалған өзгерістер, алдағы міндеттер, оралғы кемшіліктер байсалды талқыланды. Конференция партияның XXI съезі туғызған ұлы міндеттерді, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, ойдағыдай орындауды қамтамасыз ету ұранымен өтті. Шаруашылық, партиялық-саяси жұмыстың жай-жапсары білікті қозғалды.

Алдағы мәре, болашақ кәде

Баяндамашы, облыстық партия комитетінің секретары С. Б. Ниязбеков жолдас жетіжылдықтың алғашқы жылында қол жеткен табыстарды ортаға салды. Өнеркәсіп орындары жылдық жоспарды асыра орындады. 1959 жылы облыс өнеркәсібі 1958 жылғыдан 106,1 миллион сомның өнімін артық өндірді. Өнеркәсіпте еңбек өнімділігі 13,8 процент артты.

Социалистік жарысты өрістету, еңбектің жаңа әдістерін қолдану өндірістегі ілгерілеудің шарты болды. Владимиров облысы өнеркәсіпкерлерінің үлгісімен өндірістік қуатты кеңейтудің тура, тиімді жолын тапқан механикалық заводтың жұмысшылары 550 шаршы метр қосымша өндіріс алаңын меңгерді. Осы заводта автоматтандырылған жабдықтар, тасқынды желі пайдалануға берілді. Бұл заводтағы әрбір алтыншы жұмысшы өнертапқыш болуы да тегін емес. Завод өзінің негізгі өндірістік жоспарын мүлтіксіз мерзімінен бұрын орындаумен бірге тұрмысқа қажетті бұйымдар шығаруға кірісті. Қосымша өндірістік алаңды игеру арқасында завод ай сайын 5 мың электр өтек шығарады.

Өндірісте машинаны неғұрлым кең пайдалану өнімнің түсер құнын облыс бойынша 1,3 процент, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібі бойынша 2,1 процент кемітуге, сөйтіп 5 миллион 600 мың сомнан астам мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Конференцияда өнеркәсіп орындарының жұмысындағы ірі-ірі оқиқылықтар да көрсетілді: тұрмыс мәселесіне тікелей қатысы бар кәсіп-орындардың жұмысындағы сылбырлық әлі жойылмай келеді. Ұн-жарма комбинаты, нан комбинаты, мебель фабрикасы, май заводы жоспарды орындамады. Мәселен, ұн-жарма комбинаты 14 миллион сомның өнімін кем шығарды. Қалада бу электр станциясын, кірпіш заводын салу ұзаққа созылды. Ақтөбе Халық шаруашылығы советі бұл құрылыстың қарқынын тездету үшін шұғыл шара қолданбаса болмайды.

Ауыл шаруашылығын мықтап өркендету мәселесіне конференция делегаттары баса назар аударды. Баяндамашы және делегаттар ауыл-село еңбеккерлерінің жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу үшін қолданған шараларын, жұмыс бабын баяндады.

Социалистік ауыл шаруашылығында зор мүмкіндіктер бар екені тәжірибеде көрінді. 1953 жылы облыста 953 мың қой-ешкі бар-ды. Колхозшылар мен жұмысшылардың күш салуымен бес жылда қой-ешкі саны 2 миллион 120 мыңнан асты. Облыс қой-ешкі, ірі қара, шошқа, жылқы өсіру жөнінде XIII партия конференциясы белгілеген мәреден асып кетті.

Мал шаруашылығының өнімділігі артты. Биыл облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 53 мың тоннадай ет, 60 мың центнердей жүн, 70 мың қаракөл елтірісін, 7 миллиондай жұмыртқа сатты.

Делегаттар мал шаруашылығын жанжақты өркендетудің түйінді мәселелерін көтерді. Облыста шабындықты, жайылымды суландыру шындап қолға алынса, колхоз бен совхоздар тың мүмкіндікке кенелген болар еді. Амал не, Орал-Көшім жүйесі, Шаған бөгеті, Жақсыбай суландыру жүйесі баяу салынуда. Кей жерде ауыз судың өзі де тапшы. Жер қазатын, су тартатын машина мүлде жеткіліксіз. Қыруар, өсімтал малға құдықтан қолмен су алып беру аса қиын жұмыс.

Суландыру жайының қанағаттанғысыздығы XIII партия конференциясында да қатты сөз болған-ды. Бірақ, өткен екі жылда елеулі өзгеріс болмады. Жайылымдар мен шабындықтардың тең жартысы әлі суландырылмай қалып келеді. Өзі аз техника өнімді пайдаланылмай-ды, суландыру жұмыстарына бөлінген қаржы игерілмейді.

Орал-Көшім жүйесін салып болғанда 265 мың гектар жерді көлдете суаруға, 2 миллион гектар шабындық пен жайылымды суландыруға мүмкіндік туады. Бұл жерде 2,5 миллион қой өсіріп, құрылысқа кеткен шығынды екі-үш жылда толық өтеуге болар еді.

Жетіжылдықты бес жылда орындап кәзіргі қой-ешкіні үш есе, ірі қараны екі есе көбейтеміз деп бел байлаған облыста мұндай күрделі шараларды жүзеге асыруға республика да араласатын болар деп түйді делегаттар. Жетіжылдықтың қой өсіру жөніндегі тапсырмасын облыс 4 жылда орындайды. Осы мерзім ішінде шошқа саны 5,5 есе, құс 9 есе көбейеді. Тиісінше ет, жүн өндіру де күрт өседі. Облыс мәреге жеткен күнде 220 мың тонна (малдың тірідей салмағы) ет береді. Сонда әрбір 100 гектар ауылшаруашылық жеріне 10,9 центнер ет өндіріледі. 1958 жылы 100 гектар ауылшаруашылық жеріне келген ет 1,7 центнер болатын.

Делегат Бойнов жолдас мал шаруашылығының қаулап өркендеуіне орай сайлы машина көп қажет деп көрсетті. Шөп тасу, үю жұмыстарындағы сүйретпе, шөмелелегіш өте тұрпайы, ебдейсіз екенін, сиыр сауу, сүрлем салу кең механикаланбағанын қынжыла баяндады ол. Аудандағы алты мың сиырды саууға ғана 600 адам тағайындау керек. Ал, бұл жұмысты механикаландырмасақ ертең сиыр көбейгенде жұмысшы қолын қайдан аламыз, — деп Бойнов келешекке көз жіберді.

Мал шаруашылығының зор болашағына сәйкес жемшөп жайы талданғаны даусыз. Биыл облыста 80 мың гектар жүгері егілді. Бірақ оның мардымды күтімі болмады, өнімі өте аз болды. Жүгерінің шығымдылығы жөнінде Батыс Қазақстан республикада артта қалды. Жүгері егуден кашқалақтайтын орашалақтар әлі бар көрінеді облыста. Конференция ондай келте түсінетін тоғышарларға батыл тойтарыс беріп, жүгері егісінің көлемін алдағы жылы 2 есе арттыруды белгіледі. Көпжылдық, біржылдық шөп егісінің көлемін ұлғайту, пішенге арнап қара бидай егу, жемдік дақылдар егу, шабындықтарды жақсарту өскелең мал шаруашылығының қамы.

Басшылықтың өзекті түйіні

Конференцияда сөйлегендердің көбі озат тәжірибеге үлкен ынта білдірді. Мұның өзі аса бір сүйсінерлік жай болды.

Делегаттар А. Малышев, Т. Ишмаков, С. Казанцев жолдастар колхозда еңбекке тікелей ақша төлеуге көшу әдісін қолданудағы қиыншылықтарды әңгімеледі. Облыстағы 103 колхоздың 10 еңбекке тікелей ақша төлейді. Жаңа жылдан бастап тағы 7 колхоз осы әдісті қолданады. Бірақ, колхозды қаржыландырудың бұрынғы тәртібі өзгермесе еңбекке тікелей ақша төлеу мүмкін болмайды. Делегаттар бұл мәселеге назар аударып, тиімді әдісті пәрменді қолданудың жөнін айтты. Тікелей ақша төлеуге көшу еңбек тәртібін нығайтады, колхоздың қоғамдық байлығын күшейтуге ынтаны молайтады.

Облыста озат тәжірибені насихаттау жайы мәз емес екені қынжыла баяндалды. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бұл істе мұрындық бола алмай келеді.

Облыстың № 500 совхозында (бас зоотехнигі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ж. Мұқамбетжанов жолдас) биязылау жүнді қойдың жаңа тұқымы өсірілді. Жүні қалың осы қойдың әр қайсысынан биыл орта есеппен 4,7 килограмнан сапалы жүн қырқылды. Ал, облыс бойынша әр қойдан алынған жүн 2,5 килограмм ғана болды.

Қарт коммунист А. С. Борисов жолдас басқарған «Пятимар» совхозында да қойдың тұқымын жақсарту жөнінде бай тәжірибе қорытылды. Жергілікті жағдайға бейім, берік, төзімді қой өсірілді.

Осы совхоздардың тәжірибесін мысқалдап жинап, тарату қандай құрметті жұмыс. Шопандардың, мал шаруашылығы мамандарының сапарын, лекция, баяндамасын ұйымдастыру, Рязань облысының П. Н. Коврова, К. К. Петрова, А. Ф. Ивкина сияқты өрендеріне, А. В. Гиталов пен Н. Ф. Мануковскийге қол созу қандай абырой! Бірақ, делегаттар айтқандай, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы келелі мәселе қоядан қалып барады. Қағазбастылық, кеңсешілдік мендеп тұр. Мысалы, 1959 жылғы ноябрьде облыстық басқарма Зеленов аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясына 48 нұсқау жіберді. Соның біреуі 15 беттік сұрақ еді.

Рязань облыстық партия ұйымының тамаша үлгісімен әйел еңбеккерлер арасындағы жұмысты жақсарту абзал. Әйелдер арасындағы жұмыс жөнінде конференцияда мәселе көтерілмеді. Бұл мәселе, алдымен баяндамада ұмыт қалды. Облыстық XIII, XV конференция делегаты Б. Сағатова биыл обком мүшесі болып сайланды. Ол қарамағындағы әр сиырдан үш мың литрден астам сүт сауды. Ақбұлақ совхозының сауыншысы З. А. Стадная жолдас та ерен табыс иесі. Облыста еңбекші әйел кенде емес. Оларды қолдап, тәрбиелеп отырса П. Н. Коврова сияқты ұйымдастырушылар дәрежесіне көтеруге болар еді. Амал не, әйел кадрларға қамқорлық жасау, оларды мәпелеп өсіру жайы қағажу қалды. Ферма басқарушы әйел облыста кәзір жоқ. Колхоз, совхоз, аудан басында да әйел кадр тым сирек. Әйелдер советінің жұмысын мұқият ескеріп, көңіл бөлсе артық емес.

Басшылық ету дегеніміз қаулы қабылдап, баяндама жасаумен ғана шектелмейді. Озат тәжірибе тарата білу, жұртты жаңаның төңірегіне жұмылдыру басшылықтың өзекті түйіні.

Батыс Қазақстан облысы арзан ет, сүт, жүн, жұмыртқа өндірудің өңірі бола алады. Бұл өлке партияның декабрь Пленумының (1959 ж.) қарарларын, жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындау нәтижесінде нағыз ет фабрикасына айналады. 1959 жылы қой етінің бір центнері совхоздарда 264 сом, сиыр етінің бір центнері 527 сом болды. Етті мол, арзан өндірудің жолындағы алғашқы нәтиже осындай.

Батыс Қазақстан облысының аудандары, колхоздары, совхоздары жердің, ауа райының, шаруашылықтың жағдайына қарай үш аймаққа бөлінді. Шаруашылықты мамандандыру жақсы нәтиже беріп келеді. Солтүстік аймақ егіншілікпен айналысады. Орта аймақта етті мал, биязы жүнді қой өсіріледі. Ал, оңтүстіктегі аудандар биязылау жүнді қой, қаракөл қой өсіретін болады.

Егін шығымдылығын арттыру тұрақты нысана

Баяндамашы және делегаттар астық өндіруді арттыру, әсіресе, егіннің шығымдылығын көтеру мәселесіне көп көңіл бөлді. Мұның өзі түсінікті де. Тың және тыңайған жерді игеру нәтижесінде облыста егіс көлемі күрт ұлғайды, 1958 жылы Батыс Қазақстан Отан қоймасына 50 миллион пұттан астам астық құйды, облысқа Ленин ордені тапсырылды. Биыл облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 26 миллион пұт астық сатты. Демек, XIII және XV облыстық партия конференциялары аралығында мемлекетке өткізілген астық 1956 — 1957 жылдарда тапсырылған астықтан 30 миллион пұт артық болды. Бұл тың, тыңайған жер игеру туралы дана саясаттың айқын жемісі.

Бірақ облыста егіннің шығымдылығы ала-құла, құбылмалы келеді. Егіннің әрбір гектарынан бірқалыпты тұрақты өнім алып жүрген колхоз-совхозбен қатар өнімді мүлде аз жинайтын шаруашылықтар да бар. Мысалы, Приурал ауданы 1958 жылы дәнді дақылдың гектарынан 14,2 центнерден, 1959 жылы 9,1 центнерден өнім алды. Ал, Камен ауданында тиісінше гектарынан 8,6 центнер және 3,1 центнер ғана астық жиналды. Жер жағдайы бірдей көршілес екі совхозда да егіннің шығымдылығы әркелкі болды. Мәселен, «Правда» газеті атындағы совхоз әр гектар егістік жерден 8 центнерден, ал «Трудовик» совхозы 4,7 центнерден өнім жинады. Бұл егіншілік мәдениетінің төмен екенін дәлелдейді, егіннен тұрақты, мол өнім алу міндеті облыс көлемінде ойдағыдай шешілмегенін көрсетеді. Астық сату міндеттемесінің 1959 жылы орындалмай қалуының бір себебі осында жатыр.

Кәзір облыс партия ұйымы пар мен зябьті мейлінше көбейтуді қамтамасыз етті. 1960 жылғы егістің 93,5 проценті әзір тұр. Алдағы жылғы егіске арналған тұқымның 92 проценті сортты тұқым. Дәнді дақылдар себуді неғұрлым қысқа мерзімде өткізу шарасы қолданылды. Егін шығымдылығын арттырудағы келелі шараның бірі ауыспалы егіс болмақ. Дұрыс ауыспалы егісті енгізу басталды. Кәзір 23 совхоз бен 46 колхозда ауыспалы егіс енгізілді. Енгізілген ауыспалы егісте дәнді дақылдар 60 — 70 процент, пар 18 — 20 процент орын алады.

Овощ және картоп егісінің шығымдылығы облыста тым төмен. Сондықтан да облыс овощ және картоп жөніндегі өз мұқтажын да қамтамасыз ете алмай отыр. Конференция овощ және картоп егісін ұлғайтып, оның шығымдылығын арттыру, бұл жөніндегі мұқтажды толық өтеу шұғыл міндет деп ұйғарды.

Егін шығымдылығын арттыру жолындағы қысқы шаралар: картоктату, көң төгу, қи пайдалану ескерусіз қалмайды. Облыстың партия, совет ұйымдары механизатор кадрларды даярлап алуға шұғыл кірісті. Болашақ механизаторлар оқитын мектептің алтауы ашылып, іске кірісті. Кадрға мұнан былай дымгер болмау үшін қолданылған бұл шара нәтижесіз болмайды.

Делегаттар астық тазарту, астық тиеу, астық келтіру жұмыстарын механикаландыру дәрежесі әлі де артта қалып отырғанына көп тоқталды. Егіннің шығымдылығын гектарына 9,5 — 10 центнерге жеткізіп, таяудағы жылдарда жыл сайын кемінде 65 — 70 миллион пұт астық жинайтын облыста астық тазартатын, тиейтін машиналардың әлі же-

тілмегеніне ренжу, талап қою заңды ғой. Павлодар жаңашылы Острожконың машиналарындай өнімді, қуатты машина мұнда да керек-ақ.

Трактор мен комбайнды, басқа да ауылшаруашылық машиналарын колхоздардың сатып алуы қолайлы болды. Машинаны пайдалану жақсарды. Бірақ, техниканы күту жайы ойдағыдай емес. Жөндеу техника станцияларына колхоздарды жабдықтауды жүктеу едәуір қиыншылық туғызды. Колхоздарда түрлі станоктардың жоқтығынан жөндеу сапасына нұқсан келеді.

Конференция колхозаралық электр станцияларын, жөндеу мастерскойларын салу, колхозаралық құрылыс ұйымдарын құру мәселесіне де көңіл бөлді. Колхоз қаржысын ұтымды пайдаланып, ауыл-селода материалдық-техникалық базаны нығайтуды көздейтін бұл шараның үлкен келешегі бар.

Адам тұрмысын жақсарту беру — ортақ мақсат

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің үздіксіз қамқорлығы нәтижесінде Батыс Қазақстан облысы еңбекшілерінің де әл-ауқаты жақсара түсті. Тұрғын үй құрылысына бөлінген қаржының мөлшері жыл сайын көбейіп келеді. Соның арқасында салынған тұрғын үй көлемі де едәуір өсті. 1956 — 1957 жылдары 60 мың дерлік шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген-ді. Соңғы екі жылда іске қосылған тұрғын үй көлемі 114 мың шаршы метрден асып түсті. Былтыр тұрғын үй құрылысына 63 миллион сом қаржы жұмсалды.

Облыста халыққа ет, шұжық, қант, сүт, мақта-мата, киім бұрынғыдан едәуір көп сатылды, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету бірсыпыра жақсарды.

Бірақ, сауда, тамақ, медицина орындарының жұмысында әлі де көп кемшіліктер бар. Кейбір шаруашылық мекемелердің басшыларының оралымсыздығынан, олардың халықтың қажетін зерттеп, ескермейтіндігінен және бойкүйездігінен сауда, тамақ ұйымдастыруда көп кемшілікке жол беріледі. Қоймада бар товардың өзі кейде дүкенде бола қоймайды. Бұл өрескел кемшілік Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюросында талқыланып, облыс басшылары С. Ниязбеков, А. М. Гроздов, П. П. Волошко жолдастарға кезінде ескерту жасалды.

Содан бергі уақытта бұл жөнінде бірсыпыра шара қолданылды. Дегенмен, халықтың тұрмысын жақсартуға селқос қарайтын тасбауыр жайбарақат адамдар әлі бар. «Березовский», «Красноярский», «Тасқұдық», «Таловский» совхоздарында еңбекшілердің мұқтажына ат үсті қарау етек жайды. Конференция, әсіресе, малшылардың тұрмысына көп көңіл бөлді. Қаратөбе ауданының малшылары тұрмысқа өте қажетті стол, орындық, киім, сандық сияқты өнеркәсіп товарларына өте ділгер. Облыстық тұтынушылар одағы мұндай бұйымдарды алыстағы аудандарға көп апарып сатпайды. Жаңақала сияқты ауданда малшының әлі күнге қолайсыз, ылғал үйде тұратыны делегаттарға қатты батты. Колхоз, совхозда үй салуды өрістетіп, бұл өрескел кемшілікті тез жою жөнінде талап қойылды.

Конференция еңбекшілердің тұрмыстық қажетін өтеу ісінде сылбырлық, оралымсыздық, жайбарақаттық жасау төзгісіз деп тапты, сауда, тамақ, құрылыс, шаруашылық орындары басшыларына халықтың тілегіне мейлінше сергек қарауды тапсырды.

Заманына сай адамы

Ұлы шактын өргелен тілек талабына орай саяси-партиялық жұмыс жаңа адамды қалыптастыру міндетін көздейді. Саналы, қоғамшыл, коллектившіл, интернационалист, патриот тәрбиелеу ұзын ырғақты саяси жұмыстың өзекті міндеті.

Осы абыройлы міндетті өмірдің өзі алға қойып отыр. Өмірден, халықпен ажыраспас байланыстан үнемі нәр алатын, заман туғызған жаңалықты батыл қолдайтын, өрбітетін партиямыздың тарихи ХХІ съезі қарсаңында бүрк етіп, көп талапкердің жүрегіне ұялаған қозғалыс коммунистік еңбек жолындағы аттауыс болды. Батыс Қазақстан облысында москвалықтардың бұл игі бастамасына үш мыңнан астам жастар ұласты. 12 бригадаға коммунистік еңбек бригадасы атағы берілді. Валентина Гаганованың бастамасы да Батыс Қазақстанда қолдау тапты. Қаратөбе аудандық комсомол комитетінің секретары Қожаниязов, агроном Әубәкіров сияқты жолдастар артта қалған фермаға, бригадаға барды.

Мәдениет университеті, халық театры сияқты өскелең өмір жаңалықтары да Жайық бойының топырағында жайлы қоныс тапты. Тоғыз мәдениет университеті 700-ге жуық адам тартты. Лекция оқуға жергілікті ғалымдар, көркемөнер қайраткерлері жұмылдырылды. Фурманов ауданында халық театры бар. Көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысы едәуір жанданды, оған қатысушылар көбейді. Кітап саудасы жақсарды. Жаңақала ауданы шопандарының тілегі, бастамасы бойынша әрбір шопанның кітапханасын ұйымдастыру игілікті іс болды. 1959 жылғы 8 айда 4 миллион 400 мың сомның кітабы сатылды. Июньде кітап тарту айлығы өтіп, 1 миллион 345 мың сомның кітабы сатылды.

Тайпақ ауданы Орал қаракөл совхозының Құмқұдықтағы жайылымында мәдени-шаруашылық орталығы салынып үлкен істің басы болды. Мұнда 8 пәтерлі құрастырмалы үйлер, дүкен, медицина пункті, монша, клуб, кітапхана, электр станция бар. Осы орталыққа 10—15 километр жердегі отардың малшылары айына бір-екі рет жиналады, кино көреді, көркемөнерпаздардың өнерін тамашалайды. Жуырда бұл орталықта мектеп, балалар бақшасы салынады. Облыста кәзір 102 мәдени шаруашылық орталық жұмыс істейді.

Конференцияда партиялық оқудың, лекциялық насихаттың дәрежесі артқаны айтылды. Партиялық оқудың, үгіт-көпшілік жұмыстарының әдісі, ықпалы, пәрменділігі, түрі байыды және артты. Үстіміздегі оқу жылында партия оқуы жүйесінде 21 мың адам оқиды.

Делегаттар Г. М. Загорулько, Л. М. Карчевников жолдастар партиялық-саяси жұмыстың кемшіліктерін атап көрсетті. Ауыл мен селода көрнекі үгіт ойдағыдай емес. Ұрандар, плакаттар тартымды жасалмайды. Көктемгі егіс, егін орағы тұсында жанданатын үгіт жұмысы да бұл кезде толастап қалды. Баяндамашылар мен лекторлар да көрінбейді. Карчевников жолдас былай деді: Шыңғырлау ауданында болғанда облыстық партия комитеті секретарының немесе бөлім менеджерінің бірде-бірі лекция, баяндама жасап көрген жоқ. Міне, бұған екі жыл болды. Ол ауданда үгіт жұмысын күшейту мақсатында қолданылған шараны, қалыптасқан тәжірибені ортаға салды.

Облыста елді қонысты радиоландыру мықтап қолға алынбай келеді. 30-дан астам үйі бар 226 қоныс әлі радиоланбаған, оның үшеуі колхоз орталығы. Облыста мектеп салу, мектеп жасындағы балаларды оқуға тарту жайы да нашар. Мектеп салуға бөлінген қаржы жыл сайын пайдаланылмай қалады.

ҚПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысының еңбекшілері арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын басшылыққа алып, конференция идеологиялық жұмысты күшейте түсуге бағытталған нақты шаралар белгіледі.

* * *

Облыстағы 16 600-ден астам коммунистің өкілі болып келіп, саяси жұмыстың, шаруашылық және мәдени құрылыстың жайын, болашағын ақыл-ойға салған 600-ге жуық делегаттың үштен бірі облыстық партия

конференциясына тұңғыш қатысып отырды. Бұл қарт және жас кадрдың тәжірибесін ұштастырудың, коммунистерді партиялық басшылыққа тартудың айқын белгісі. Делегаттардың 48 проценті өнеркәсіп, транспорт, ауыл шаруашылығы озаттары. Коммунистердің халық шаруашылығындағы жетекшілік ролі осыдан да сезіледі. Партия мүшелерінің өндірістегі авангардтық ролін, әсіресе, Фурманов аудандық партия ұйымының тәжірибесінен айқын көруге болады. Аудандағы 517 коммунистің 441 тікелей өндірісте істейді, оның жүзге жуығы шопан-коммунистер. Қазталов ауданындағы коммунистердің 51 проценті мал шаруашылығының әр саласына орналасқан.

Коммунистердің өндірістегі авангардтық ролін күшейту шаруашылыққа қолайлы әсер ететінін баяндамашы мынадай фактімен дәлелдеді: «Пятимар» совхозындағы коммунистердің 70 проценттен астамы тікелей өндірісте істейді. Олардың дені еңбек озаты. Осы партия ұйымы биыл қабылдаған 23 адамның 90 проценті жұмысшылар. Осыған орай «Пятимар» совхозы облыстағы озат шаруашылыққа айналды.

Аудандық партия, совет ұйымдары қолынан іс келетін шебер жас кадрлармен толықтырылды. Басшы қызметке мамандарды жіберу жөнінде едәуір жұмыс істелді. Қазіргі аудандық партия комитеті секретарьларының үштен екісінің, аудандық атқару комитеті председателдерінің тең жартысының мамандығы бар. Енді облыс партия ұйымы колхоз, совхоз, бригада, бөлімше басына мамандар жіберуді қолға алды. Аудандық буынды, колхоз бен совхозды маман жас кадрмен нығайту ойдағыдай нәтиже беретіні сөзсіз.

Конференция партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайту, кадрлардың тапсырылған іске жауаптылығын күшейту, істің орындалуын тексеруді жақсарту мәселелеріне ойдағыдай көңіл бөлді. Делегаттар А. А. Брыжин, Е. Ғабдуллин, Қ. Ильясов жолдастар облыстық ауыл шаруашылығы басқармасын, тұтынушылар одағы басқармасын, облыстық партия комитеті мен атқару комитетік қатты сынады. Алынған тәп-тәуір қаулы орындалмай қалады, өйткені бақылау жоқ. Ильясов жолдас Жақсыбай суландыру жүйесін, «Қоскөл» совхозында жөндеу мастерскойын салу туралы облыстық партия комитетінің қаулысы аяқсыз қалғанын айтты. Қазталов ауданында құрылысты жақсарту шараларын белгілеген облыстық атқару комитетінің қаулысы да құр қағаз жүзінде қалды. Мұндай мысалдар конференцияда аз келтірілген жоқ. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болсын» дегендей сөз сөйлегендердің көбі-ақ мәселенің бір шетін істің орындалуын тексеру дәрежесіне әкеп тіреді. Облыстық партия комитетінің бюросы бұл сыннан тиісті қорытынды шығаруға тиіс.

Сыннан және өзара сыннан сабақ алу, қорытынды жасау большевиктерге тән қасиет. Батыс Қазақстанда да орынды сынды түсініп, құп көретін, дұрыс қабылдайтын кадрлар кенде емес. Амал не, сынды теріс ұғатын, оны түрлі себеппен тойтаратын бірен-саран адамдар да бар. Конференцияда мынандай факт келтірілді: тұрмыс жағдайын тұғызбайды деп шағым жасаған О. С. Емельянова жолдасты Камен ауданының басшылары қуғынға салды. Мұндай жағдай конференция делегаттарын қатты қынжылтты.

Облыстық партия конференциясы жоғарғы идеялық дәрежеде өтті. Конференция облыс партия ұйымының КПСС Орталық Комитетінің төңірегіне берік топтасқандығының айғағы болды. Конференция партия мен үкіметтің ішкі және сыртқы саясатын толық мақұлдады. Конференция обкомның, тексеру комиссиясының жаңа құрамын, Қазақстан Компартиясының X съезіне делегаттар сайлады.

С. ХАЙДАРОВ.

Бұқаралық саяси жұмыс нақты, пәрменді болсын

Партияның ХХІ съезінің еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу туралы шешімдері мен КПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын жүзеге асыра отырып, Қазақстанның партия ұйымдары бұқарамен байланысты нығайта беру, еңбекшілер арасында саяси жұмыстың бұрынғыдан да нақты, нысаналы, пәрменді болуына жету жөнінде бірсыпыра жұмыс жүргізіп келеді.

КПСС ХХІ съезінің халық бұқарасы неғұрлым саналы болса, коммунистік құрылыс жоспарлары соғұрлым ойдағыдай орындалады деген нұсқауын басшылыққа алып, республиканың партия ұйымдары саяси жұмыстың сан алуан түрін: баспасөзді, радионы, киноны, саяси-ағарту мекемелерін, ауызекі және көрнекі үгітті пайдалануда.

Республика партия ұйымдарының жүргізген ұйымдастыру және саяси жұмыстары өз жемісін берді. Өткен жылдың 14 декабрінде республика өнеркәсібі жалпы өнім және аса маңызды бұйымдардың көбін шығару жөнінен жетіжылдық жоспардың бірінші жылының тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. 1958 жылмен салыстырғанда өндіріс көлемі 14 процент артты.

Республика ауыл шаруашылығының еңбекшілері де кейбір табысқа жетті.

Бұқара арасындағы саяси жұмыстың табысты болуы ең алдымен үгітшілерге, еңбекшілермен бірге жүріп, біте қайнасқан, оларға партияның саясатын күнделікті түсіндіріп жүрген адамдарға байланысты. Сондықтан да үгіт-бұқаралық жұмысты партияның ХХІ съезінің талаптары және КПСС Орталық Комитетінің Сталин облысындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы туралы қаулысы негізінде қайта құра отырып, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары ең алдымен үгітшілерді мұқият іріктеп алуға, саяси даярлығы күшті, арнаулы білімі бар адамдарды үгіт жұмысына тартуға ұмтылды. Соның нәтижесінде республиканың партия ұйымдарында үгітшілердің саны көбеюмен бірге, олардың жұмысының сапасы да жақсара түсті. Қазір республикада 178 мың коммунист, комсомол мүшесі, партияда жоқ актив үгітші болып істейді. Үгітшілердің ішінде 25 мыңдай инженер-техник қызметкерлері, 30 мыңнан астам ауыл шаруашылығы мамандары, көптеген интеллигенция өкілдері, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің озаттары бар.

КПСС Орталық Комитетінің Сталин облысындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы туралы қаулысынан кейін саяси-бұқаралық жұмыс мәселелері партия комитеттерінің пленумдарында, партия активінің және бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында жиі-жиі талқыланатын болды. Мұның өзі үгітшілерді іріктеп алу ісін жақсартумен бірге, үгіт коллективтері мен үгітшілерге басшылық ету дәрежесін едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұқара арасындағы саяси жұмыстың түрі мен әдістері сан алуан бола бастады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өткен жылдың март айында республика идеология қызметкерлерінің кеңесін, ірі кәсіпорындар мен құрылыстар партия ұйымдарының секретарьлары қатысқан, қалалық партия комитеттері секретарьларының кеңесін өткізді.

Декабрь айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімі бұқаралық-саяси жұмысты жақсартуға арналған республикалық кеңес ұйымдастырды. Кеңеске көптеген үгітшілер, лекторлар, үгіт коллективтерінің жетекшілері, тұрақты жұмыс істейтін үгіт пункттерінің меңгерушілері, радио-сәулелі газеттердің редакторлары, автоклубтар мен үгіт машиналарының жетекшілері, тағы басқалары қатысты. Міне бұл да бұқара арасындағы саяси жұмысты бұрынғыдан өрістетіп, оны өмірмен тығыз ұштастыра жүргізуге көмектесті.

Соңғы кезде еңбекшілер арасында лекция оқып, баяндама жасау, әңгіме өткізу, дауыстап газет оқып беру әдістерімен қатар саяси хабар ұйымдастыру, сұрау және жауап кештерін, күн тәртібі белгіленбеген жиналыс өткізу, «барлығын білгім келеді» деген ауызекі журналдар шығару, еңбек даңқы кештері, шопандар күні, демалыс күндері бірігіп газет, журнал оқу сияқты шаралар жиі-жиі іске асырыла бастады. Партия ұйымдары саяси жұмыста көшпелі үгіт пункттерін, үгіт машиналарын, радио-сурет-сәуле газеттерін, әуесқойлар киносын, жетіжылдықтың календарын және басқаларын кең пайдаланатын болды. Кейбір партия ұйымдары революция және еңбек ардагерлерімен кездесу ұйымдастырып, жастарды революциялық және еңбек дәстүріне тәрбиелеуге белсене ат салысып жүр. Мұндай кездесулерде еңбек ардагерлері, совет өкіметін орнату жолындағы шайқасқа қатысқан адамдар, өндіріс озаттары жастар алдында баяндама жасап, тікелей өндіріс орнында әңгіме өткізіп, аталық кеңес береді.

Республикада кәзіргі уақытта 3 мыңнан астам тұрақты үгіт пункті бар. Көптеген тұрақты үгіт пункттері өздерінің жұмысын қызғылықты ұйымдастырады. Алайда тұрақты үгіт пункті жаңалық емес. Ол көптен бері жұмыс істеп келеді. Бірақ олардың жұмысында кейбір жаңалық туды. Мәселен, үгіт пунктінің кеңесі құрылды. Мұның мынадай себебі бар. Пунктің меңгерушісі барлық жұмысты бір өзі ойдағыдай атқара алмайды. Мұны ескеріп, Алматы облысының Еңбекшіқазақ аудандық партия комитеті Ленин атындағы колхоздың үгіт пункті жанынан кеңес құрды. Кеңестің құрамына дайындығы неғұрлым мол, шебер үгітшілер енді. Кеңес жыл сайын қайта сайланып тұрады. Үгіт пунктінің кеңесі ауылшаруашылық науқандарына байланысты үгіт-бұқаралық жұмыстың нақты жоспарын жасайды, семинар өткізіп, тәжірибе алмасуды ұйымдастырады. Сондай-ақ сұрау және жауап кешін, кітап оқушылардың конференциясын өткізеді. Совет жақында коммунистік еңбек бригадаларының мүшесіне арналған кеш, діншілдер мен атеистердің айтыс жиналысын ұйымдастырды; бұлар өте қызықты болып өтті.

Еңбекшілер арасында саяси жұмысты жақсарту ісінде ірі-ірі кәсіпорындарда, колхоздар мен совхоздарда радио газетін, әуесқойлар киностудиясын құрудың зор маңызы болды. Мысалы, Ақмола ауданының «Родина» колхозында радиогазет пен киностудия құрылды. Оған колхоздың электрiгі коммунист И. Клюк жолдас басшылық етеді. Радиогазет апта сайын колхоздың шаруашылық жұмыстары, озаттардың тәжірибесі туралы хабар таратып тұрады, оның сықақ бөлімі де бар. Бұл бөлімде жалқаулар, жатып ішерлер, маскүнемдер, бұзақылар қатаң сынға алынады. Сонымен бірге колхозда сәулелі газет те шығарылып тұрады. Колхоз үгітшілері өздерінің киностудиясын құрып, тұңғыш фильм жасап шығарды. Фильм барлық бригадалар мен фермаларда, мал отарларында көрсетілді. Колхозшылар оны қызыға көрді. Үгітшілер мұнан соң киностудия жасаған киножурналдың екінші номерін көрді. Киножурналда артель салып жатқан үлкен құрылыстың жайы, озат малшылардың тәжірибесі баяндалды.

Егін орағы кезінде Павлодар аудандық партия комитеті диханшыларға үгіт автопоезын жіберу әдісін қолданды. Мысалы, А. Прокошкин жолдас басқарған үгіт поезының бірі үш автомашинадан құралды. Машинаның біреуіне киноаппарат, көшпелі стендтер орнатылды, газеттер мен журналдар, ұрандар мен плакаттар қойылды. Екіншісіне жылжымалы электр станция, радиоаппарат, үшіншісіне дүкен орналастырылды. Мұндай автопоезда лектор, газет қызметкері, киномеханик, дәрігер, сатушы, шаштараз, етікші бар. Бұлардың әрқайсысының өздеріне жүктелген міндеті бар. Автопоезд аз уақыттың ішінде ондаған бригада да болып көптеген кинофильм көрсетті, 40-тан астам «жауынгерлік листок» пен молния шығарды. Оннан астам сурет витринасын ұйымдастырды, 800 кітап сатты, 4 мыңнан астам хат пен телеграмма жинап жөнелтті.

Еңбекшілер арасында саяси жұмысты жақсарту жөнінде Шығыс Қазақстан облысының партия ұйымдарында да құнды тәжірибе бар. Саяси бұқаралық жұмыс жөнінен мұнда демалыс күндері өткізіліп тұратын жексенбілік оқуларды атап айтуға болады. Өскемен, Зырян, Лениногор қалаларында, жеке аудан орталықтарында, кейбір колхоздар мен совхоздарда бұл жұмыс жақсы ұйымдастырылған. Мысалы, Өскемен қаласындағы металлургтердің мәдениет сарайында осындай оқуға 600—700 адамнан жиналады. Бұларда ғылым, өнеркәсіп қызметкерлері лекция оқып, баяндама жасайды; соңынан көпшілік арасына көп тараған, хроникалды және документалды кинофильмдер көрсетіледі.

Гурьев облысының партия ұйымдары да соңғы уақытта малшылар арасындағы саяси жұмысты жақсартта түсті. Облыстың аудандарында «Шопандар күні», «Шопандардың юбилейі» үнемі өткізіліп тұрады. Еспол және Бақсай аудандарының колхоздарында алдыңғы қатарлы қойшылардың тәжірибесін насихаттайтын отау ұйымдастырылды. Бұларда ауыл шаруашылығының мамандары, атақты шопандар лекция оқып, баяндама жасайды, әңгіме өткізеді, қоғамдық мал шаруашылығының қойды қолдан ұрықтандыру, ерте қоздату, жас төлді күтіп-бағу сияқты жекке мәселелері жөнінен зоотехникалық конференциялар ұйымдастырылады.

Маңғыстау аудандық партия комитеті малшылар арасында бұқаралық-саяси жұмыс жүргізу жөнінен өнегелі іс істеді. Бұл ауданда 427 үгітші жұмыс істейді, олардың көпшілігінің жоғары және орта дәрежелі білімі бар. 100-ден астам үгітші—малшы. Маңғыстаулықтар ауданда бірнеше үгітшілер мектебін ұйымдастырды. Мектепте сабақ айына екі рет өткізіледі. Сабақ үстінде әңгімені тартымды, көкейге қонымды етіп өткізу тәсілдері сөз болады. Басшы қызметкерлер сабақта облыстың, ауданның, колхоздың экономикасы туралы цифрлар мен фактілерді, мәліметтерді айтып береді. Мысалы, сабақтың бірінде үгітшілерге мынадай мәлімет берілді: жүнді шығынға ұшыратпай соның есесіне әрбір қойдан 100 грамм жүн артық алынса, ол аудан көлемінде 352 центнер болып, ауданның колхоздары 880 мың сомдай қосымша табыс келтіреді; 1959 жылы ауданның колхоздары мемлекетке ет үшін 115 мың қой өткізеді, әрбір қойдың орташа салмағын 1 килограмм арттырса, яғни әрбір қойды орта есеппен 55 килограмның орнына 56 килограмнан өткізсе, аудан көлемінде 115 мың тонна ет немесе 2900 қой, яки 600 мың сомнан астам ақша үнемделеді.

Тағы бір мысал келтірейік. Еспол аудандық партия комитеті үгітшілердің, лекторлардың күшімен қойды ерте қоздату жолымен төл санын көбейту жөніндегі озат әдісті кең таратып, насихаттай бастады. Бұл әдіс тұңғыш рет 1954 жылы «Передовик» колхозындағы М. Сәрсенғалиевтің отарында колхоз председателі, зоотехник С. Құбашев жолдастың басшылығымен жүргізілді. Нәтиже өте жақсы болып шықты. Шопан Мұқамбет Сәрсенғалиев жолдас әрбір 100 саулықтан 117 қозы алып, аман өсірді, ал колхоз бойынша әрбір 100 саулықтан 99, аудан

бойынша—78 козы алынды. Аудандық партия комитеті бұл инициативаны және М. Сәрсенғалиев жолдастың тәжірибесін қолдап, қорытып, 600 дана плакат шығарды, малшылар арасына таратты. Плакаттың пайдасы зор болды. Социалистік жарыстың барысында өткен жылы аудандағы 200 шопан бригадасының 162-сі социалистік міндеттемесін артығымен орындап, оның ішінде 33 шопан бригадасы әрбір 100 саулықтан 125—163 козы алды. Ал Сәрсенғалиев жолдастың еңбегін жоғары бағалап, үкімет оған Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ берді.

Республиканың партия ұйымдары малшылар арасындағы үгітшілердің жұмысына күнбе-күн басшылық етумен қатар шаруашылықтың басқа салаларындағы партия жұмысына да ерекше көңіл бөліп келеді. Партия ұйымдары өнеркәсіп саласында үгітшілерді техниканы ілгері дамыту жолындағы күреске жұмылдырып, өнеркәсіп пен құрылыста істейтін жастар арасында, түнгі сменаларда, жатақханаларда, тұрғын үйлерде бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту ісімен ұдайы шұғылданып жүр. Бұл жөнінен Семей, Лениногор қалаларының, Алматы облысы Қаскелең ауданының партия ұйымдары жақсы нәтижеге жетті. Алайда КПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын орындау ісінде бірқатар партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Көптеген үгітшілер үгіт жұмысын жалпылама жүргізіп, оны ауданның, колхоздың өмірімен тығыз ұштастырмайды. Әрбір жұмысшының, колхозшының алдында қандай міндеттер тұрғанын атап көрсетпейді. Үгітшінің жұмысы мен сөзінде алшақтық болмауы үшін олардың өздері басқаға үлгі-өнеге көрсетуге тиіс. Бірақ іс жүзінде бұлай болмай келеді. Бірқатар партия ұйымдары үгітшілерге тікелей басшылық етіп, көмектесу былай тұрсын, тіпті олардың жұмысына бақылау да жасамайды. Мұндай партия ұйымдары үгіт жұмысын мүмкіндігі болмағандықтан ақсатып отырған жоқ, оған селқос, ат үсті карағандықтан бетімен жіберіп отыр. Сондықтан да үгіт жұмысы көп ретте бүгінгі күннің өскелең талабынан кенже қалып отыр. Бұл жөнінен Алматы облысының Нарынқол, Іле аудандарында, Гурьев облысының Шевченко ауданында, басқа да аудандарда көптеген кемшілік бар. Мысалға Алматы облысының Іле ауданын алайық. Бұл ауданның мүмкіншілігі мол, онда төрт арнаулы мектеп жұмыс істейді. Ауданда 1 300 мұғалім, 108 дәрігер, 270 ауыл шаруашылығы маманы, 150 мәдениет қызметкері бар. Алайда бұлардың көпшілігі үгіт-бұқаралық жұмысқа тартылмаған. Ауданның бастауыш партия ұйымдарындағы 2 584 үгітшінің 25 проценттен астамының ғана бастауыш және ортадан төмен білімі бар. Әрине, мұндай жағдайда, аудандық партия комитеті мен партия ұйымдарының тікелей көмегінсіз үгітшілердің өз міндетін ойдағыдай атқара алмайтындығы сөзсіз. Жоғарыда айтылған үгітшілердің ішінде коммунистер аз.

Аудандық партия комитеті үгітшілердің мектебін ұйымдастыруды бетімен жіберген. Аудандағы 108 үгіт коллективінің біреуінде ғана («Алматы» колхозында) бір үгітшілер мектебі ұйымдастырылған. Бұл мектепте небәрі 37 адам оқиды. Көптеген партия ұйымдары үгітшілерге нұсқау беріп отырмайды, үгітшілердің семинары мен кеңесін өткізбейді. Ол ол ма, кейбір партия ұйымдарында бұрын құрылған үгіт коллективтерінің өзі тарап кеткен, кейбіреулері мүлде жұмыс істемей жүр. Мысалы, «Қызыл қайрат» колхозының (партия ұйымының секретары Мұсаев жолдас), Талғардағы аудандық кәсіпшілік комбинатының (партия бюросының секретары Қонақов жолдас) партия ұйымдарында үгітшілердің тізімі қағаз бетінде бар да, іс жүзінде ешқандай жұмыс жүргізілмейді. Үгітшілердің құрамы 1957 жылдан бері қайта қаралмаған, тіпті олардың көпшілігі үгітші екенін ұмытқан.

«Қызыл қайрат» колхозында саяси-ағарту жұмысы да қанағаттанғысыз. Қызыл мүйіз пен кітапхана жөнделіп жатыр деген сылтаумен жарты айдан бері, жабық тұр. Ал колхоз клубында тек кинофильмдер көрсетіледі, үгіт жұмысы мүлде жүргізілмейді, көркемөнерпаздар үйірмесі ұйымдастырылмаған. Лекциялық насихат жайы да нашар. Өткен жылы клубта, сол сияқты бригадалар мен фермаларда лекция өте аз оқылған. Жыл басында колхоздың партия бюросы лекторлардың құрамын бекітті. Оған 5 адам: партия бюросының секретары Мұсаев, колхоз председателі Тазабеков, агроном Мәліков, зоотехник Даржиев, бас бухгалтер Байкенов жолдастар кірді. Бұлардың екеуі жұмыстан шығып кеткенде, қалған үшеуі бірде-бір лекция оқып, саяси баяндама жасамаған. Аудандық партия комитетінің есебінде «Қызыл қайрат» колхозында үгіт пункті бар деп көрсетілген, ал шындығында мұнда үгіт пункті де, оның меңгерушісі де жоқ. Бұл кемшіліктердің бәрі аудандық партия комитетіне әбден мәлім. Сонда да аудан басшылары ешқандай шара қолданбай келеді. Аудандық партия комитетінің бюросы өткен жылғы декабрь айында бұл колхоздағы тұрақты жұмыс істейтін үгіт пунктінің жұмысы туралы арнаулы қаулы қабылдады. Бірақ ешқандай бақылау болмағандықтан қаулы орындалмай қалды. Аудақ басшылары колхозда жиі болғанымен, көрінеу ақсап жатқан саяси жұмысқа мән бермейді. Былтыр аудан басшыларының бірде-біреуі колхоз мүшелерінің алдында лекция оқып, баяндама жасамаған.

Мұндай кемшіліктер республиканың кейбір басқа аудандарына да тән. Демек, партия ұйымдары кемшіліктерді тезінен жойып, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісін бүгінгі күннің талабына сай қайта құрғаны жөн. Партия ұйымдары коммунистік қоғам құрылысын өрістете жүргізіп жатқан кезеңде бұқараны коммунистік рухта тәрбиелеу, бұқаралық-саяси жұмыс мәселелері аса зор міндет екенін естен шығармауы қажет.

Партия үгітшілерге, баяндамашыларға, лекторларға үлкен талап қояды. Олар ең алдымен шаруашылық және қоғамдық өмірдің, халықаралық жағдайдың аса күрделі мәселелерін талдап шеше білуге міндетті. Тек сонда ғана олардың өткізген әңгімелері, оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары қызғылықты, мазмұнды болады, тыңдаушылардың көкейіне қонады. Ал партия ұйымдары болса, олардың білімін көтеруге, саяси жұмысты жүргізудің әдістері мен тәсілдерін жетілдіре түсуге үнемі көмектескені абзал. Үгітшілердің семинары мен кеңесін өткізіп, әрбір кәсіпорын мен шаруашылықтың жұмысы туралы үгітшілерге мәлімет беріп отыру, олармен жеке-жеке әңгімелесіп, есебін тыңдап отыру партия ұйымдарының борышы болсын.

Сөйтіп, саяси-үгіт жұмысының барлық түрі мен әдісі негізгі мақсатқа: партияның лениндік сара жолын, совет елінің теңдесі жоқ ерен табыстарының маңызын жұртшылыққа жете түсіндіру, коммунизм құрылысының ұлы артықшылықтарын, оның мән-жайын ашып көрсету, еңбекшілерді партияның ХХІ съезінің тарихи қаулы-қарарларын ойдағыдай іске асыруға жігерлендіру, жетіжылдық жоспардың екінші жылының нақты тапсырмаларын толық және асыра орындауға жұмылдыру мақсатына бағындырылуға тиіс екенін партия ұйымдары әрдайым естен шығармауы керек.

Жетіжылдықтың бірінші жылы табыспен аяқталды. Республика еңбекшілері жетіжылдықтың екінші жылының зор тапсырмасын орындауға аттанды. Ал совет халқының алдында тұрған міндеттер үлкен. Коммунистік партия бастаған совет халқы бұл міндетті де абыроймен орындап шығатыны даусыз.

М. НҮРҒОЖАЕВ.

Хат және корреспонденция

Алдыңғы шепте

(Рязань партия ұйымдары тәжірибесінен)

Рязань облысының еңбекшілері өткен жылдың басында бүкіл елімізге үндеу таратып, ет өндіру жөнінде көтеріңкі міндеттемелер қабылдағаны баршаға мәлім. Олар ет өндіруді 3,8 есе арттыруға, ауыл шаруашылығы жерінің әрбір жүз гектарына шаққанда 53 центнерден ет өндіріп, мемлекетке 150 мың тонна, яғни 1958 жылғыдан үш есе көп ет сатуға міндеттенген еді.

Рязаньдықтардың бұл патриоттық бастамасын партия мен үкімет жоғары бағалады. «Сіздердің істеген істеріңіз алғыс айтуға лайық, — деді Н. С. Хрущев жолдас Рязань әйелдерінің делегациясын Кремльде қабылдағанда, — рязаньдық жолдастар, сіздердің, ерлік еңбектеріңізді партияның Орталық Комитеті мен Үкімет аса жоғары бағалайды. Егер қабылдаған міндеттемелеріңізді толық орындап шықсаңыздар, онда мұның маңызын айтып жеткізу қиын. Сіздер колхоздар мен совхоздарда қандай сарқылмас резервтер мен мүмкіндіктер бар екенін, біздің адамдарымыздың қаншалықты қабілетті екенін көрсеттіңіздер».

Облыс малшылары Отан алдындағы бұл сертін 14 декабрьде абыроймен орындап, еліміздің еңбекшілерін тағы да бір тамаша табыстарымен қуантты.

Рязаньдықтардың өз міндеттемесін абыроймен орындауы Америка Құрама Штаттарын жан басына ет, сүт және май өндіруде қуып жету жөніндегі бүкілхалықтық социалистік жарыстың тағы бір үлкен жемісі.

Біз осы зор табысқа қолы жеткен Рязань малшыларында, ет өндіруге тікелей басшылық еткен кейбір партия ұйымдарында болып, олардың бай тәжірибелерімен танысқан едік.

Партия ұйымдары әсіресе әйелдер мен жастардың арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты күшейтуге, олардың еңбектегі белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлген. Өйткені мал шаруашылығында істейтіндердің басым көпшілігі әйелдер мен жастар. Мысалы, бүкіл облыста мал шаруашылығында істейтіндердің 80 проценті әйелдер.

Партия ұйымдары шаруашылық басшыларың, мамандарды, деревня еңбекшілерін алда тұрған ұлы міндетті — ет өндіруді арттыру міндетін орындауға бағыттай білді, саяси жұмыстың саналуан түрлері арқылы жұртшылыққа алынған міндеттеменің маңызын, бұл күресте әркім өз орнында болып, лайықты үлес қосуы керек екенін түсіндірді.

Алынған міндеттемені орындау жолындағы күресте коммунистердің авангардтық ролін арттыруға аса назар аударылған. Коммунистер ең алдымен өздері инициатива көрсетіп, тікелей мал шаруашылығында істеуге тілек білдірді. Кәзір облыстың мал шаруашылығында жеті мыңнан астам коммунист жұмыс істейді.

Мал фермаларында жұмыс істеу бастамасын бірінші болып Шилов ауданы «Фундамент социализма» колхозының бастауыш партия ұйымы көтерген. Ұйымдары 12 коммунист бұрынғы 24 коммунистің үстіне мал бағуға баруға тілек білдірген. Сөйтіп, мұнда мал шаруашылығындағы шешуші жұмыстар бүтіндей дерлік коммунистердің қолына көшкен.

Шилов ауданы коммунистерінің бұл бастамасын бүкіл облыс партия ұйымы түгелдей қостады. Соның нәтижесінде мал фермаларында коммунистер мен комсомолецтер ұйтқысы күшейе бастады. Ал, Сасов ауданы Киров атындағы колхоздың комсомолецтері құс шаруашылығын өз қолдарына алуға тілек білдіріп, бүкіл облыс комсомолецтерін өздерінен үлгі алуға шақырды. Бұл бастама да кең қолдау тапты. Қазір облыста елу мыңнан аса комсомолецтер мен жастар мал шаруашылығында жұмыс істейді, олардың он мыңнан астамы орта мектепті бітіріп барғандар. Мысалы, Рязань ауданының өзінде ғана 800 ден аса жастар мал фермаларында істейді екен. Соның ішінде сауыншы болып 350 қыз, бақташы болып 120 жас жігіт жұмыс істейді. Бұлардың 35 проценті Ленин комсомолының мүшелері.

Осы ауданның «Вперед», «Красное знамя» колхоздарындағы коммунистердің басым көпшілігі мал шаруашылығында жұмыс істеп, авангардтық роль атқарып жүр. Мысалы, коммунистер М. Кузнецова, А. Чернышева, З. Афанасьева, А. Медведева мал бағуға баруға бірінші болып тілек білдіргендер. Олар қазір үлгілі еңбек етіп, ерекше көзге түсуде. Осындай коммунистер ұйтқысы күшті жерде еңбек те жемісті болатыны сөзсіз. Бұл колхоздар ауданда бірінші болып мемлекетке ет тапсырудың 3,5 жылдық жоспарын орындап шықты.

Аудан колхоздарының мал фермаларына коммунистер мен комсомолецтердің көп баруымен байланысты фермаларда партия, комсомол топтарының саны артқан. Қазір 13 партия, 25 комсомол топтары жұмыс істейді. Бұл топтар барлық мал шаруашылығы қызметкерлерін алынған міндеттемелерді абыроймен орындауға жұмылдырып, бақташылардың, сауыншылардың арасындағы саяси жұмыстарды өрістетуге ықпал жасауда.

Мал фермаларындағы партия топтарының жұмысы жақсы нәтижелер беруде. Мысалы «Красное знамя» колхозы фермасындағы партия тобын алайық. Бұл топта төрт коммунист бар. Партия ұйымдастырушысы болып РСФСР-ге еңбегі сіңген зоотехник Екатерина Сергеевна Бодрова бекітілген. Партия тобындағы коммунистер жиі-жиі кеңесіп, кейде кемшіліктер кездесіп қалғанда, оларды жоюдың нақтылы шараларын қолма-қол белгілеп отырады.

Бұл жөнінде мынадай бір мысал келтіруге болады. 1959 жылғы сентябрь айының бас кезінде фермада, сүт сауу мөлшері кенет кеміп кеткені байқалады. Бұл неліктен? Қалайда оның себебін тез ашуға партия тобы араласады. Тексере келгенде кейбір бақташылардың өз міндеттеріне немқұрайды қарап жүргенін анықтайды. Сөйтіп бұл кемшілікті жоюға партия тобы жедел шара қолданады. Соның нәтижесінде сүт сауу бірқалыпқа келтіріледі.

Немесе осы партия тобы туралы тағы бір мысал келтірелік: малды жайып бағудың өзі малдың тез семіруін, сиырдың сүттілігін арттыруын қамтамасыз ете алмады. Мұны кезінде сезген партия тобы колхоз басқармасы алдына қосымша шырынды жемшөп беру туралы мәселе қойды. Бұл ұсыныс қабыл алынып, жүзеге асырылды.

Партия тобындағы коммунистер жиі-жиі бас қосып, жарыс қорытындыларын шығарып, көрсеткіш тактаға жазып қояды. Партия тобы қабырға газетін, жауынгерлік листогін шығарып, бақташылар мен сауыншылар арасында әңгіме өткізіп отырады. Партия тобының өздігінен жүргізген өзекті жұмыстары толып жатыр. Партия тобының ұйымдастырушысы Е. Бодрова малшылар арасында зоотехникалық оқуды басқарып, озат тәжірибелерді кеңінен насихаттап отырады.

Коммунистер өздерінің өнегелі еңбегімен басқаларға үлгі көрсетуде. Мысалы, коммунист-сауыншылар В. Ф. Филина мен А. И. Шувалованы алайық. Олар өздері жоғары көрсеткіштерге жетумен бірге, басқаларға да көмектесіп, өз тәжірибелерін үйретіп отырады. В. Филина

1958 жылы әр сиырдан 6641 килограмм, А. Шувалова — 6549 килограмнан сүт сауған болса, 1959 жылы әрқайсысы сиыр басына 7 мың килограмнан сүт сауып отыр. Мұндай озаттар көп.

Шацкі ауданы партия ұйымдарының жұмысында да өнеге алуға тұрарлық жайлар бар екенін көрдік. Бұл аудан облыстағы озат аудандардың бірі болып есептеледі. 1959 жылы мемлекетке 10.492 тонна ет сатты, бұл алдыңғы жылғыдан 3,3 есе көп. Ауылшаруашылық жерінің әрбір жүз гектарынан 60 центнерден ет өндірді. Бұл ауданның қоғамдық мал шаруашылығында төрт жүзден аса коммунист, 1300-ден аса комсомол-жастар жұмыс істейді. Бұл 1958 жылғыдан екі есе дерлік көп.

Аудандық партия комитеті мен партия ұйымдары мал шаруашылығын басқаруға озат әйелдерді батыл жоғарылатып, оларды шебер басшы дәрежесіне жеткізіп, тәрбиелей білген. Осы ауданның «Россия» колхозының шошқа фермасы көп уақыт бойы артта қалып келген. Ферма меңгерушісі жиі-жиі ауыса берді. Осы кезде енді кімді белгілейміз деген дағдарыс болған кезде, аудандық партия комитетінің ұсынуымен осы ферманың қатардағы шошқа өсірушісі, коммунист Анна Васильевна Юрчихинаны белгілеуге тура келді. Аудандық комитеттің үміті ақталды. А. В. Юрчихина жолдас ферманын жұмысын жолға қойды. Анна Юрчихина басқарған комсомол-жастар фермасы жетіжылдықтың алғашқы жылында-ақ зор табысқа ие болды. Әрбір мегежіннен 17—18 торап өсіріп, әр шошқаның тәуліктік салмақ қосуын 780—800 граммға жеткізді.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ең алдымен берік жемшөп қорын жасап алуға байланысты. Мұны жақсы ұғынған Рязань облысының партия ұйымдарының ең бағалы жемшөптік дақыл—жүгеріні көп өсіруге баса көңіл аударғаны сүйсінерлік іс. Бұл жөнінде Старожилов ауданы коммунистерінің мынадай істерін атап өтуге болады.

Бұл ауданның партия ұйымдары мен коммунистері қоғамдық малды құнарлы әрі арзан жемшөппен қамтамасыз етуге жорық жасап, жаппай кіріскен. Жүгеріні көп егудің керектігін, оның пайдалы дақыл екенін насихаттаудан басталған игі іс жемісті еңбекпен аяқталған. 1957—1958 жылы ауданда жүгері өсіретін механизаторлардың 24 звеносы ұйымдастырылған, олардың құрамының көпшілігі коммунистер мен комсомолецтер еді. Бұл звенолар өткен жылы жүгері егісін жақсы баптап, онан мол өнім жинады. Мысалы «Россия» колхозы жүгеріні бітік өсірудің нәтижесінде онан 1200 тонна сүрлем яғни сиыр басы 20 тоннадан, шошқа басы 3 тоннадан сүрлем салды. Бұл әрине колхоз коммунистерінің қажырлы еңбегі, авангардтық ролі арқасында орындалған іс.

Облыста мал шаруашылығының тамаша шеберлері өсіп жетілген. Рязаньдықтар өздерінің арасынан шыққан Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған сауыншы П. Н. Коврова мен бұзаушы К. К. Петухованы орынды мақтан етеді. Бұлармен бірге партия өсіріп тәрбиелеген тамаша адамдардың қатары күн санап өсуде. Мысалға «Крестьянский труд» колхозының председателі агроном Мария Ефимовна Кузнецованы алайық. Ол қысқа мерзім ішінде артель шаруашылығын жоғары сатыға көтерді. Жетіжылдықтың алғашқы жылында колхоз ауылшаруашылық жерінің әрбір жүз гектарына 112 центнерден ет, 391 центнерден сүт өндіріп отыр. Колхоз мемлекетке ет сатудың үшжылдық жоспарын орындап, өткен жылғымен салыстырғанда етті 5,8 есе көп сатты. Кузнецова жолдас қатардағы колхозшылармен тығыз байланыс жасап, олармен кеңесіп отырады. Ол колхозшылардың, әсіресе әйелдердің үй шаруасындағы жұмысын жеңілдетуге көбірек көңіл бөледі. Колхозда жақсы жабдықталған балалар яслиі, клуб, су құбыры бар. Көпшілікті тамақтандыру орнының жұмысы жолға қойылған. Қір жуатын орын салынып жатыр. Колхозшылардың көпшілігі жаңа үй салып алған.

Рязаньдықтардың осындай табысқа жетуінің бір сыры — социалистік жарыстың дұрыс ұйымдастырылуында. Алынған міндеттемелердің орындалуы тексеріліп, қорытындысы жиі-жиі шығарылып отырады. Облыста социалистік жарыста алынған міндеттеменің орындалуын бақылап отыратын арнаулы қоғамдық комиссия құрылған. Бұл комиссияның құрамында колхоз, совхоз өндірісінің озаттары, ауыл шаруашылығының мамандары, партия, совет қызметкерлері бар. Бұл комиссия көп жұмыс атқарады. Комиссияның мүшелері жеке аудандарда, колхоздарда болып істің жайын жете тексереді, артта қалып қойғандарға іс жүзінде көмек көрсетеді.

Облыстың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығының ең жауапты учаскелерінде істейтіндерге, мысалы, бұзау, шошқа күтушілерге, малды жайып семіртетін бақташыларға, оларды ынталандыру мақсатымен қосымша ақы төленеді. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттыруға, көрсеткіштерді жақсартуға көбірек көмектеседі. Малшылардың арасында біріне бірі барып жақсы істі ортаға салып, танысуы әдетке айналған. Еңбек озаттары өздерінің тәжірибесін ортаға салып, лекция, баяндама жасап отырады. Осындай шаралардың бәрі озат тәжірибені көпшіліктің игілігіне айналдыруға көмегін тигізіп келеді.

Көзге ерекше көрінетін бір жай — мұнда село мәдениеті жоғары. Рязань деревнясының қайсысына барсаңыз да зәулім мектеп үйлерін клубтар мен оқу үйлерін, моншаны кездестіресіз. Соңғы төрт жылдың ішінде ғана колхоздардың өз қаржысымен 239 клуб, 64 кітапхана, 150 мектеп, 127 медицина пункті, 578 балалар бақшасы мен балалар яслиі, 432 қоғамдық монша салынғаны сүйсінерлік іс. Қазір колхоздардың көбінде кір жуатын орындар, асханалар салынып жатыр. Облыс колхоздарының бәрі дерлік радиоландырылған. 20 ауданның колхозшылары Москва арқылы телевизор көретін болды. Міне осының бәрі село мәдениетінің қарыштап алға басқанын көрсетеді.

Рязаньдықтардың алған міндеттемесін абыроймен орындағандығы КПСС Орталық Комитетінің жақында болып өткен декабрь Пленумында, Н. С. Хрущев жолдастың сөзінде аса зор бағаланды. Рязань облысының партия ұйымдары мұндай үлкен жеңіске партиялық-ұйымдастыру жұмыстарын шебер жүргізе білгеннің арқасында жетті. Рязаньдықтардың аса бір үлгі аларлық ісі—олардың алған міндеттемені орындауға бір кісідей жұмылып, ар-намыспен түгел аттанғандығында болып отыр.

Облыс еңбекшілері қазір КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы шешімдерін ойдағыдай орындауға жұмыла отырып, жетіжылдықтың екінші жылына жаңа міндеттеме қабылдады. 1960 жылы ауылшаруашылық жерінің әрбір жүз гектарынан 72 центнерден (малдың тірідей салмағымен) ет өндіріп, мемлекетке 200 мың тонна ет сатуды көздеп отыр. Сөйтіп облыс еңбекшілері мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің жетіжылдық жоспарын үш жылда орындауға жұмылды.

Рязань облысының малшылары мемлекетке етті өткен жылғыдан үш есе көп сатты. Мұнымен бірге олар колхоздар мен совхоздарда малдың барлық түлігін, құсты онан әрі көбейтті. Мұның өзі олардың көздеген мақсатқа жетудегі бұрын болып көрмеген тамаша қажырлылық пен табандылық көрсеткенін дәлелдейді.

Рязаньдықтардың табысы — іске коммунистік тұрғыдан қарап, ерекше ынта-жігермен қажырлы еңбек етудің жемісі, жақсы ұйымдастырылған коммунистік жарыстың неге жеткізетінінің жарқын көрінісі.

Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВ

Сын және библиография

Марксистік философия негіздері туралы кітап қазақ тілінде

Сәулетті коммунистік қоғам орнатып жатқан біздің совет адамдарының кәзіргі өмір талабына, заманымыздың рухына сай диалектикалық және тарихи материализмді, марксистік-лениндік философияны, оның негізгі қағидаларын оқып үйренуінің мәні ерекше. Осы тұрғыдан Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институты таяуда қазақ тіліне аударып басып шығарған «Марксистік философия негіздері»¹ деген оқу құралының пайдасы зор.

Марксистік философия оқу құралын еліміздің бір топ таңдаулы философ ғалымдары жазған. Кітаптың жалпы редакциясын қараған профессор Ф. В. Константинов. Жаңа оқулықты марксистік философияның көптеген ғылыми қызметкерлері қолжазба күйінде оқып шығып, ол СССР Ғылым академиясының философия институтында, көптеген жоғары оқу орнының философия кафедраларында талқыланған. Марксистік философияның негізгі мәселелерін баяндайтын бұл кітапты бүкіл жұртшылық ұната қарсы алды. Орыс тілінде 1958 жылы 500 мың дана болып шығарылған осы оқу құралы аз уақыт ішінде тарап кетті. 1959 жылы қосымша тағы да 250 мың данасы басылды. Бұл оқу құралы неміс, чех, болгар, румын және басқа шет тілдерге аударылды.

Материализм ғылым ретінде бұдан екі жарым мың жыл бұрын ең алғаш Қытайда, содан кейін Индияда, Грецияда пайда болған еді. Ол үздіксіз дамып келеді. Материализмнің ең жоғарғы даму сатысы—кәзіргі қоғамның ең озық, ең революцияшыл табы — пролетариаттың ұлы көсемдері К. Маркс пен Ф. Энгельс жасап, В. И. Ленин дамытқан диалектикалық және тарихи материализм. Маркс пен Энгельстің ілімі философиялық ой-пікірдің ұзақ жылғы дамуының қорытындысы. Олар философия ілімінде нағыз төңкеріс жасады. Мына кітапта көрсетілгендей, марксистік философия бос жерде пайда болған жоқ, ол өткен замандағы философияның дамуының заңды нәтижесі, оның пайда болуы сапа жағынан жаңа, философияның дамуындағы ең жоғарғы сатысы. Өз дәуірінің аса үздік, ілгері қоғамдық және жаратылыс тану білімдерін тамаша меңгерген Маркс пен Энгельс философиялық ой-пікірдің олардан бұрынғы дамуының не бір асыл, бағалы қағидаларын сұрыптап алып, творчестволықпен өңдеп, материализмнің жаңа формасын жасап шығарды. Марксистік философиялық ілімде материализм диалектикамен жанды байланыста, тығыз бірлікте қаралды. Ол мұның өзінде озық ғылым табыстарына, жаратылыс тану ғылымы саласындағы жаңалықтарға сүйенді.

К. Маркс пен Ф. Энгельс қоғамдық өмірді материализм тұрғысынан түсінуді тұңғыш рет ұсынды, сөйтіп олар қоғамдық дамудың материалдық қозғаушы күштері мен заңдарын ашып, дербес ғылымға айналдырды. Осының арқасында марксизмнің негізін салушылар материалистік философиялық ілімді жалаң теория қалпынан қоғамды өзгер-

¹ Марксистік философияның негіздері. Қазақ мемлекет баспасы, Алматы, 1959 ж. 710 бет.

туші күш ретінде жұмысшы табының қолына тамаша идеологиялық қару етіп берді. Бұл күндері марксистік философиялық ілімді бүкіл дүние жүзі елдерінің еңбекшілері кеңінен қолдап отыр.

Марксистік философия негіздерін оқып, үйрену өмір заңдылықтарын түсіну үшін, қалың бұқараны марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеу үшін қажет. Қоғам дамуында туып отыратын некилы сұрақтарға жауапты да марксистік философия негіздерінен табуға болады. Марксистік философия діни нанымдарға, өмірдің әр кезеңінде бой көрсетіп қалатын өткен заманның пасық идеологиясына қарсы күресте өткір құрал. Марксистік-лениндік философия ғана ешқандай жоққа сенушілікпен, діни мистикамен сыйыспайтын дүниеге нағыз ғылыми көзқарас.

Марксизм-ленинизм теориясының негізі—диалектикалық материализм. Дүниеге бұл көзқарасты өткендегі, кәзіргі және болашақтағы дәуірге қолдануға болады. Ал идеалистік бағыттағы философияны алатын болсақ, ол ғылымға жат, теория жағынан негізсіз. Диалектикалық материализм жұмысшы табын, оның партиясын табиғат, қоғам, адам ойы дамуының жалпы заңдарымен қаруландырады. Дүниеге маркстік-лениндік көзқарастың негізінде ғана айналамыздағы дүниені, табиғат құбылыстарын дұрыс танып, оларды өзгертуге болады. Марксистік-лениндік философия пролетариатқа рухани құлдықтан құтылу жолын көрсетті, ол дүниенің үздіксіз дамып, өзгеріп, жанарып отыратынын дәлелдеп берді.

Философия оқу құралының авторлар коллективі бұл кітапты жазарда оның түсінікті, әрі ұғымды болып шығуын ойластырғаны байқалады. Кітаптағы материалдар қарапайым оқушының өзіне философия пәнінен тұжырымды, әрі жүйелі білім берерліктей етіп жазылған. Оқушы кітаптың I-тарауына түскенде марксизм деген не, оның құрамды бөліктері қандай, марксистік философияның зерттейтіні немене деген сұрақтарға жауап табады, сонымен бірге марксизмнің өзге ғылымдармен және қоғамдық сананың түрліше формаларымен қандай қатынаста екені жөнінде мағлұмат алады.

«Марксистік философия — адамзаттың алдыңғы қатарлы философиялық және ғылыми ой-пікірінің бүкіл бұдан бұрынғы дамуының заңды нәтижесі; марксистік философия солардың табыстарына сүйенеді, сонымен бірге философияның дамуындағы сапа жағынан жаңа, жоғарғы сатысы» (9-бет) делінген кітапта.

Бұдан кейін оқу құралы марксистік философияның өзге философиялық ағымдардан айырмасының неде екенін, диалектикалық және тарихи материализмнің тууының неліктен философия саласындағы революциялық төңкеріс болғанын түсіну үшін ең алдымен марксизмнен бұрынғы философияның қандай мәселелерді шешкенін анықтау керектігін аңғартады. Әрі қарай оқушы философия деген не, философия предметінің сипаты қандай, философияның негізгі мәселесі, ондағы негізгі бағыттар, марксизмнен бұрынғы замандағы философияның даму кезеңдері, марксистік философияның, диалектикалық және тарихи материализм негіздерінің түбегейлі мәселелері туралы түсінік алады. Философияның дұрыс анықтамасын түсіну үшін, — дейді кітап, — оның негізгі ерекшелігін біліп алу керек. «Философияның негізгі ерекшелігі сонда: ол өзінің пайда болғанынан бастап азды-көпті біртұтас көзқарас болды, яғни айналадағы дүниеге жұрттың жалпы көзқарасын белгілеп берді, дүние деген немене, ол мәңгі жасап келе ме, әлде белгілі бір жолмен пайда болды ма, дүниеде адамның алатын орны қандай, біздің санамыздың өзі немене, оның дүниеге қатынасы қандай деген сұрақтарға жауап беріп отырды» (10-бет).

Сондай-ақ дүниеге көзқарасты дін де өзінше белгілеген болады. Бірақ ол құр қиял, жалған көзқарас. Дін дүниені құдай жаратты,

адам өзінің барлық іс-әрекеттерінде құдайдың бұйрығына бағынады, адамның өмірі «о дүниелік» өмірдің табалдырығы ғана дейді.

Дүниеге көзқарастың негізгі мәселесі ойдың болмысқа, рухтың табиғатқа қатысы жөніндегі мәселе. Ой мен болмыстың, рух пен табиғаттың алғашқысы, түпкісі қайсысы, соңғысы, туындысы қайсысы? Басқаша айтқанда, қайсысы қайсысынан бұрын болды: материя, табиғат, болмыс санадан бұрын болды ма, әлде, мұның керісінше, сана, рух материядан бұрын болды ма? Осы мәселе философияның әрқашан басты мәселесі болды делінген кітаптың бірінші тарауында.

Дін өз догматтарын жұрттың ойланып-толғанбастан, тексеріп қарамастан қабылдауын талап ететін болса, философия өзінің қорытындыларын фактілер мен ойға салып қарау, логикалық ой түйіндеріне келу негізінде жасайды, ал егер ол ғылыми философия болатын болса, онда жұрттың дүние жөніндегі шынайы білімдерін қорытады, ғылымға, практикалық тәжірибеге сүйенеді.

Дүние құбылыстары заңдылығының өмір сүруі мен сипаты туралы мәселенің шешілуі материя мен сананың дүниедегі орнына байланысты. Материалистер дүниені адам санасынан тәуелсіз өмір сүреді деп біледі. Ал бұл мәселені идеалистер керісінше түсінеді. Олар идеяны, рухты, адам санасын бәрінен бұрын жасалған деп есептеп, дүниені табиғаттан тыс тұрған күш, абсолюттік идея жаратты деп уағыздайды. Бұл философиядағы өмір бойы күресіп келе жатқан негізгі екі бағыт. Осы екі бағыттың алдына қойған мақсаты, ғылыми негізі де екі бөлек. Мәселен, идеалистерге қосылып сананы, рухты, идеяны ең алғашқы дербес, тәуелсіз нәрсе деп танитын болсақ, онда еңбекшілердің таптық қоғамдарда, әсіресе капитализм тұсында қатты жапа шегетін әлеуметтік апаттарының (қалың еңбекшілердің құлдыққа, жоқшылыққа ұшырауының, соғыстардың және т. б.) қайнар көзін адамның материалдық тұрмысының жағдайларынан, қоғамның экономикалық құрылымынан, оның таптық құрылысынан іздемей, рухани өмірінің жағдайларынан, адамның адасуынан, олардың адамгершілігінің кемдігінен іздеуге тура келер еді. Мұндай көзқарас қоғамдық өмірдің өзгерістерінің шын жолдарын анықтауға мүмкіндік бермейді. Ол еңбекшілерге кәзіргі заманның басты мәселелерін: жана соғысты болғызбау, бейбітшілікті баянды ету жолдарын, отаршылдық саясатын, ұлттық және таптық езушілікті жою мәселелерін шешудің жолдарын көрсете алмайды.

Ерте замандардан бастап біздің заманға дейінгі философияның тарихы — материализм мен идеализм күресінің тарихы дей келіп, кітап дінді мойындаушылардың да философиялық ағымдары болатынын, сол сияқты идеалистік мектептердің әр түрлі болып, олардың көзқарастарында өзгешелік болғанмен оның барлығы адамның түйсіктері, түсініктері, идеялары дегеніміз заттардың бейнесі екенін танудан бас тартатынын әшкерелейді. Марксистік философияның негіздері осындай тұжырымдар, сипаттамалар арқылы, ең алдымен, дін атаулыдан, түрлі кертартпа идеалистік философиялық ағымдардан өз іргесін осылайша ашып алады.

Марксистік философия мәселелерін талдағанда оның бітіспес жауы идеалистік философияға соқпай өту мүмкін емес. Бұрын-соңды шыққан оқулықтарда, құралдарда буржуазиялық философияны сынау көбінесе өткен заманның идеалистік системаларын әшкерелеумен ғана шектелуші еді. Марксизм-ленинизм классиктері әлдеқашан күйрете соққы берген бұл системалар философия мәселелерін байымдауда диалектикалық материализмге үнемі қарсы қойылып отыратын-ды. Ал, жана оқу құралының авторлары реакцияшыл буржуазиялық философияны, марксизмнің бүгінгі таңдағы жауларын сынауға арнайы көп орын берген. Кәзіргі жаратылыс тану ілімінің даму қиыншылықтарына сүйеніп түрлі теориясымақтар жасаушы идеалистік бағыттар батыл және нақ-

ты ашкереленген. Сонымен бірге бұрын-соңды шыққан философия оқулықтары кемшіліксіз де болмады. Ол кітаптардың көпшілігінде философиялық қағидалар өмір тәжірибесімен тығыз байланыстырыла баяндалмай, көбінесе құрғақ теория қалпында ұсынылушы еді. Жаңа оқулықта бұл кемшіліктердің барлығы дерлік түзетілген. Философиялық мәселелер жалаң схема, абстрақтық топшылау түрінде емес, кәзіргі жаратылыс тану ілімінің проблемаларымен, сол сияқты коммунистік құрылыс пен халықаралық революциялық қозғалыстың теориялық проблемаларымен тығыз байланыста қаралған.

Кітапта лениндік философиялық мұраға баса назар аударылған. Сонымен қатар В. И. Лениннің марксистік философияны жаңа тарихи жағдайларға байланысты одан әрі творчестволықпен дамытудағы ролі кең түрде айқын бейнеленген. Бұл авторлар коллективінің елеулі ісі.

Ғылыми коммунизмнің негізін салушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін тұтасынан алғанда марксизм және оның философиялық негізі болып табылатын диалектикалық және тарихи материализм В. И. Лениннің еңбектерінде творчестволықпен тамаша дамытылды. Оқу құралында былай делінген: «Жаңа тарихи дәуірдегі экономикалық және саяси жағдайлар да, жаратылыс тану ғылымының жаңа жетістіктері де марксизм мен марксистік философияны онан әрі творчестволықпен дамытуды керек қылды. Бұл жұмыс Ленин мен оның шәкірттерінің үлесіне тиді. Ленин марксизмнің құрамды үш бөлімінің үшеуін де—философияны, саяси экономияны, ғылыми социализмді дамытты, оларды ең жоғары сатыға көтерді, сөйтіп жаңа заманда пайда болған өте зәру, көкейтесті мәселелерге жауап берді» (114-бет).

«Марксистік философия негіздерінің» жақсы жақтарының бірі авторлар коллективі табиғат, қоғам, ой-пікір құбылыстарын талдауда олардың арасындағы бірлік принципін қатаң сақтаған. Диалектикалық методтың негізгі шарттарының бірі—қандай болмасын құбылысты оның дамуында нақтылы қарап, ондағы қарама-қарсы тенденцияларды ашу, қайшылықтардың пайда болу және өрістеу процестерін зерттеу. Авторлар негізгі тақырыптарды талдауға осы тұрғыдан келген. Олар материалистік диалектиканың негізгі шарттарын тізіп қана өте шықпай, оларды философиялық проблемаларды нақты талдау үстінде ашуға тырысады. Кітаптың IV—V тарауларына дейін марксистік философияның предметі анықталып, осы философияның қалайша тарихи жағынан әзірленгені, қалайша туып дамығаны көрсетілсе, осы тарауларда марксистік философияның, диалектикалық материализмнің негіздері, алдымен, оның сүйеніші—мәңгі қозғалуда және дамуда болатын материяның не екені, оның өмір сүру формаларының қандай болатыны жүйелі баяндалады.

Шындық құбылыстарының жалпы және өзара байланысы тақырыбына оқу құралының VI тарауы арналған. Оқушы бұл тараудан құбылыстардың өзара байланысы, себеп және салдар, заң-құбылыстар байланысының формасы, даралық, ерекшелік және жаппайлық, қажеттік пен кездейсоқтық, мүмкіншілік пен шындық мәселелерінен көп мағлұмат алатыны даусыз.

Кітаптың VII, VIII, IX тарауларында диалектиканың негізгі заңдары түсіндірілген. Авторлар дамудың диалектикалық теориясы заңдарын талдағанда оның алғы шарттарын жақсы көрсете алған. Диалектика заңдары жөніндегі тараулар теориялық жағынан терең, әрі түсінікті жазылған.

Кітаптың тарихи материализмге арналған екінші бөлімінде авторлар диалектикалық және тарихи материализм арасындағы ішкі байланысты түсіндіруде жемісті еңбек еткен. Әңгіме өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың өзара қатынасы, қоғамның базисі мен қондырмасы, болмыс пен қоғамдық сана, таптар, тап күресі, тіпті әлеуметтік

революция мен мемлекет жөнінде болсын барлығында бірдей қоғамдық өмірдің дамуына тән жалпы диалектикалық заңдылықтардың қызмет ететінін авторлар жарқын мысалдармен сипаттайды. Сондықтан да қоғамдық құбылыстарды диалектикалық материализм тұрғысынан талдау тарихи материализмге алып келетінін оңай түсінуге болады. Тарихи материализмнің предметіне жеке тарау арналған. Кітаптың қорытындысында кәзіргі замандағы буржуазиялық философия мен социологияның негізгі мәселелері сөз болады.

«Марксистік философия негіздерінің» біз тоқталып өткен жетістіктерімен қатар кейбір кемшіліктері де бар. Бұл кемшіліктер кезінде орталық газет, журналдарда атап көрсетілген болатын. Жуық арада осы оқу құралы орыс тілінде екінші рет басылып шықты. Авторлар коллективі кітаптың екінші басылуын даярлау кезінде аталған кемшіліктерді негізінен түзеткен деуге болады. Кітаптың тиісті тарауларында Н. С. Хрущев жолдастың КПСС XXI съезінде жасаған баяндамасында, съезд делегаттарының сөйлеген сөздерінде және съездің шешімдерінде қойылған кейбір теориялық аса маңызды мәселелер — диалектикалық және тарихи материализмге тікелей қатысты мәселелер талданған. Совет Одағы Коммунистік партиясының XXI съезі біздің елдің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінің коммунистік және жұмысшы қозғалысының дамуындағы маңызды белес болды. Съездің тарихи шешімдерінде, Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасында маркстік-лениндік теорияның кейбір мәселелері дамытылды. Н. С. Хрущев жолдас коммунистік қоғамның екі сатысы туралы маркстік-лениндік ілімді баяндай келіп, коммунистік қоғамның бірінші сатысы — социализм Совет Одағында толық және түпкілікті жеңіп шықты деген қорытынды жасады. Съезд біздің елімізде коммунистік қоғам құрылысын кең өрістетуге программасын белгілеп берді.

Енді біраз сөз оқулықтың қазақ тіліндегі аудармасы жайында. Алдымен кітаптың тілі жатық, әрі түсінікті шыққан. Бұрын-соңды қазақ тілінде философиялық оқулықтардың болмауы және философиялық терминіміздің әбден қалыптасып жетпегені бұл кітапты аударуды біршама қиындатқаны рас. Әйтсе де Партия тарихы институтының аудармашылар коллективі хал-қадерінше еңбек еткен.

Сонымен бірге кітаптың аудармасында жеке кемшіліктер де бар. Алдымен айтарымыз аудармаға бірнеше адамның қолы тигендігі аңғарылады. Яғни аударма барлық жерде бірдей жатық, барлық жерде бірдей түсінікті болып шықпаған. Кейбір сөйлемдер мәні жағынан дұрыс берілмей, түсініксіз, сөзбе-сөз, кейде тіпті теріс аударылған. Мәселен, кітаптың орысша басылуының 99-бетіндегі: «По их взглядам, стоило только отказать от ложных воззрений и правильно объяснить мир, правильно понять естественную и вечную, с их точки зрения, природу человека, чтобы положение в обществе можно было изменить» деген сөйлем қазақша былай аударылыпты: «Олардың көзқарасынша, алдамшы көзқарастардан безіп, дүниені дұрыс түсіндірсе, адамның табиғи және олардың көзқарасынша, мәңгілік тегін дұрыс түсінсе болғаны, сонда қоғамдағы жағдайды өзгертуге болатын сияқты» (105-бет). Осы сөйлемнен не ұғуға болады? Біздіңше бұл сөйлем формальді түрде аударылған. Бұл сөйлемді былай аударса, біздіңше, мәні жағынан да, аударылуы жағынан да дұрыс болып шығар еді: «Олардың ойынша, қоғамдағы жағдайды өзгерту үшін тек қана жалған көзқарастардан безіп, дүниені дұрыс түсіндіру, табиғи және мәңгі шындықты, олардың ойынша, адамның табиғатын дұрыс түсіну жеткілікті».

Сөйлемнің аударылуын бұзып, түсінуді қиындатып тұрған екінші бір жағдай мынадай: орыс тіліндегі «взгляд», «воззрение», «точка зрения» деген үш сөз мағынасына қарай емес, формальді түрде қазақ ті-

ліндегі «көзқарас» деген бір-ақ сөзбен берілген. Осы тәрізді сөздерді формальді түрде қолдану басқа жерде де кездеседі.

Кітаптың орысша басылуының 12—13 беттеріндегі: «Он не может указать трудящимся пути решения коренных проблем современности: обеспечения мира, предотвращения империалистических войн, уничтожения колониализма, национального и классового гнета» деген оңай сөйлем қазақша (13-бетте) «Ол еңбекшілерге кәзіргі заманның негізгі проблемаларын: бейбітшілікті қамтамасыз ету, империалистік соғыстарды болғызбау, отарлау саясатын, ұлтты, (?) таптық езушілікті жою проблемаларын шешудің жолдарын көрсете алмайды» деп аударылыпты. Бұл жерде «...Ұлттық және таптық езушілікті...» деген «ұлтты, таптық езушілікті» делініп дөрекі қате жіберілген. Кітаптың 169-бетінде «Сана—ең кемелді қалыпқа келген материяның қасиеті» деп тақырып берілген, орысшасы — «Сознание — свойство высокоорганизованной материи» (159-бет). Мұны «Сана—ең жоғары қалыптасқан материяның қасиеті» деп аударған дұрыс болар ма еді.

Сол сияқты кітапта кейбір жеке сөздердің қате аударылғаны байқалады. Мәселен, «зародыш» деген қазақша (41-бет) «ұшығы», «совокупность»—«шоғыры» (дұрысы «жиынтығы» 42-бет), «Галактика» деген қазақша «құс жолы» (?) (151-бет) деп қате аударылған.

Диалектиканың негізгі заңдарының бірі «Закон отрицания отрицания» қазақша «Бекерге шығаруды бекерге шығару заңы» делінген (300-бет). Біздіңше, бұл аударма мәселенің дұрыс мазмұнын бере алмай тұр. Сондықтан осындай, тағы басқа да философиялық терминдерді аударғанда әлі де ойласу керек сияқты.

Кітаптан тағы да біз байқаған кемшіліктердің бірі кейбір терминдік сөздердің тұрақсыздығы. Мәселен 123-бетте бірде «марксистік философия» бірде «маркстік философия» деп, «бесконечность» кейде «шетсіздік», кейде «шексіздік» (151-бет), «обусловленность» бірде шарттылық, енді бірде байланыстылық (205-бет), «естествознание» бірде табиғат тану (79-бет), бірде жаратылыс тану болып кеткен. Мұндай ала-құлалық кітаптан әр жерде кездесіп отырады. Сонымен бірге кітапта грамматикалық қателер көп. Мәселен, 95-беттегі «өткен» деген сөз «өйткен», 382-беттегі «дегеніміз» — «дегеніңіз», 710-беттегі «стратификация» — «стративикация», 709-беттегі «дамуында»—«дауында», «қайшылықтардың» — «қайшылықтарың», 710-беттегі «тарихты жасаушы» — «тарихтағы жасаушы» болып кеткен.

Аудармадағы осындай кемшіліктеріне қарамастан бұл оқу құралы—марксистік-лениндік философияны оқып, үйренушілерге зор көмек.

М. БУРАБАЕВ,
Д. КІШІБЕКОВ,
Т. СҰЛТАНБЕКОВ.

Партия турмысының хабарлары

МАҚТАШЫЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ БАСТАМАСЫ

Жақында Ильяч ауданындағы Мақтарал совхозының Мақашев жолдас басқаратын бригадасының, Мақтарал ауданындағы Ворошилов атындағы колхоздың Жәніенов жолдас басқаратын бригадасының коллективтері жетіжылдықтың екінші жылына арналған жаңа көтеріңкі міндеттеме қабылдады. Бұл бригадалардың коллективтері мақтаның шығымдылығын арттыру жөніндегі бай мүмкіндіктерді пайдалана отырып, оның гектарынан 50 центнерге дейін өнім алуға, мақта өсіруде кетпенді мүлде пайдаланбай, бұл жұмыстарды түгелдей техниканың күшімен атқаруға міндеттеме алды. Осы арқылы бұл коллективтердің әрбір мүшесі 9—10 гектар жердің егісін күтіп, баптамақшы, мақтаны түгелдей машинамен жинап, әрбір центнер мақтаның түсер құнын 95—100 сомнан келтіруге міндеттеніп отыр.

Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті бұл бригадалардың бастамасын ерекше маңызы бар патриоттық іс деп бағалап, оны кеңінен таратуды аудандық партия, комсомол комитеттеріне, колхоздар мен совхоздардың басшыларына, бастауыш партия ұйымдарына тапсырды.

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНА БАСШЫЛЫҚ

Балқаш қалалық партия комитетінің бюросында Қоңырат кені бастауыш партия ұйымының секретары Қырғызов жолдастың әкімшіліктің қызметін бақылайтын партия комиссияларына басшылық жұмысы жөніндегі баяндамасы тыңдалды. Бұл комиссиялар 30-дан астам ұсыныс енгізген, олардың 23-і өндіріске енгізілді. Партия бюросы ай сайын комиссияның председателдерімен кеңесіп, олардың жұмысымен танысып отырады.

Осымен бірге комиссияларға басшылық жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Комиссияның жұмысшы активтері аз. Комиссия жасаған ұсыныстар есепке алынып, олар ашқан кемшіліктер жиналыстарда талқыланып отырмайды. Комиссиялар үнемдеу тәртібіне, шағын механизмдерді пайдалану ісіне көңіл бөлмейді.

Қалалық партия комитетінің бюросы комиссиялардың жұмысындағы осы кемшіліктерді көрсете келіп, Қоңырат кені партия бюросына комиссиялардың жұмысына басшылықты жақсартуды, комиссияның мүшелерімен нұсқау-кеңестер өткізіп отыруды, комиссиялардың есебін тыңдап отыруды тапсырды.

ПАРТИЯЛЫҚ ТӘРТІПКЕ ЖАТ ӘРЕКЕТТЕРГЕ ТОЙТАРЫС БЕРІЛДІ

Қызылорда облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде Қармақшы ауданындағы Ленин атындағы совхоздың басшылары арасындағы партиялық тәртіпке жатпайтын кіргілжін туралы мәселе қаралды. Совхоз бастауыш партия ұйымының секретары Қуанбаев, кәсіподақ комитетінің председателі Наметчаев жолдастар совхоз директоры Ыскаков жолдастың жұмысына орынсыз килігіп, оның бұйрықтары мен нұсқауларының жүзеге асырылуына кедергі жасап келген. Ал Қармақшы аудандық партия комитеті және оның бірінші секретары Қаракөзов жолдас Қуанбаев және Наметчаев жолдастардың теріс қылықтарына тыйым салудың орнына оларды қолдаған. Аудандық партия комитеті Қуанбаев жолдасты облыстық партия комитетімен келіспей-ақ Ақжар совхозына партия ұйымының секретары етіп ұсынған.

Облыстық партия комитетінің бюросы Қаракөзов жолдасқа совхоз басшылары арасындағы кіргілжін қылықтарды дұрыс ашыл, жауапты адамдарды жазаламағаны үшін, номенклатурадағы қызметкерлерді ауыстыру тәртібін бұзғаны үшін қатты ескертті. Қуанбаев жолдасты совхоз директорының ішкі жұмысына қол сұғып, оның беделін түсіруге тырысқаны үшін партия ұйымының секретарлығынан босатты.

* * *

Жақында Гурьев облысындағы Забурун кой совхозы бастауыш партия ұйымының есеп беру-сайлау жиналысы болып өтті. Жиналыста совхоз коммунистері совхоз шаруашылығын өркендетудің бай мүмкіндіктерін көрсетумен бірге совхоз директоры Қонарбаев жолдастың ұйымдастыру жұмысындағы кемшіліктерін сынады.

Қонарбаев жолдас коммунистердің бұл сынын мойындап, онан тиісті қорытынды шығарудың орнына, жиналыста өзін сынаған адамдарға дүрсе қоя беріп, сынға қысым жасауға тырысқан. Коммунистер оның бұл теріс қылығына тойтарыс берген уақытта ол жиналысты тастап, шығып кеткен.

Жақында Гурьев облыстық партия комитеті Қонарбаев жолдастың коммунистікке жатпайтын теріс қылығы туралы мәселе қарап, оны қатты айыптады. Бюро мәжілісінде Қонарбаев жолдас өз кінәсін мойындап, коммунистердің сынынан дұрыс қорытынды шығаруға уәде берді. Осыны ескеріп, облыстық партия комитетінің бюросы Қонарбаев жолдасқа қатаң сөгіс жариялады.

Үгітші, дәптеріңе назым ал!



ТЕХНИКАНЫ ЖЕДЕЛ ІЛГЕРІ ДАМУ ЖЕТІЖЫЛДЫҒЫ

* Жетіжылдықта еңбек өнімділігін арттыру жөнінде белгіленген тапсырманың жартысынан астамы өндіріске жаңа техниканы енгізу есебінен жүзеге асырылуға тиіс. Жеті жыл ішінде еліміздің заводтарында кемінде 1 300 автомат желісі орнатылады.

Автоматтарды қара металлургия мен химия өнеркәсібінде қолдану өнімді бұрынғыдан 10 — 15 процент артық шығаруға мүмкіндік береді. Автоматтандыру өнімнің түсер құнын электр станцияларында 20—25 процент, металлургияда — 20 процент, химия өнеркәсібінде 10 — 15 процент кемітеді.

* Жеңіл автомобиль жасап шығаруға 300-дей ірі, 900 орта, 2 мың ұсақ штамп қолданылады; бұлардың бәрін болаттан жасауға 1,5 жылдай уақыт кетеді. Кәзір мұндай штамптарды пластмассадан жасайды. Соның арқасында оларды жасауға жұмсалатын уақыт 10 — 15 есе қысқарды, ал штамптардың салмағы 4 — 5 есе кеміді. Бұл жаңа маркалы автомобильдерді тез әрі көп жасап шығару үшін өте маңызды.

* Елімізде тез қайта құрастырылатын жартылай автомат және автомат желілері қолданыла бастады. Бұлар белгілі бір өнімді өндіргеннен кейін өнімнің екінші бір түрін өндіру үшін солардың өзінен тағы да қайта құрастырылады. Осындай 72 станокты қолдану нәтижесінде жылына 2 миллионнан астам сом үнемделеді, еңбек шығыны 3,3 есе кемиді.

* Бетонға керекті қиыршық тас әзірлейтін автоматтандырылған завод тәулігіне 10 мың текшеметрден астам тасты

ұсақтайды. Онда 30-дай ғана адам жұмыс істейді. Автоматтандырылған өндіріс қол еңбегімен шұғылданатын 80 мың адамның жұмысын істейді.

* Совет Одағының өнеркәсібі мен транспортында 4 миллиондай адам жұмыс істейтін тиіп-түсіру жұмысымен айналысады. Бұл жұмыстарды механикаландыру және автоматтандыру нәтижесінде жұмысшілердің санын тек бір процент азайту есебінен ғана 40 мың адамды басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік туады.

* Қажетті тетіктерді қалыпқа құйып шығару әдісінің металл өндеудің басқа әдістеріне қарағанда едәуір артықшылығы бар: ол тетіктің сапасы мен төзімділігін, еңбек өнімділігін күрт арттырады. Бір сағаттың ішінде:

маман токарь кәдімгі токарьлық станокта белгілі бір көлемдегі 6 — 7 болт өңдеп, кесе алады;

жартылай автоматты револьверлі станокта осындай 20 болт жасап шығаруға болады;

арнаулы болт кесетін автомат станокта 80 болт әзірлейді;

ал, қалыптау әдісімен 5 мың тоннадай болт жасауға болады.

* Еңбек өнімділігін арттыру есебінен 1965 жылы өнеркәсіп өнімі өсімінің төрттен үші алынады.

* Жетіжылдық ішінде өнеркәсіпте еңбек өнімділігі жұмыс істейтін бір адамға есептегенде 45 — 50 процент, құрылыста — 60—65 процент, темір жол транспортында — 34—37 процент, совхоздарда — 60—65 процент, колхоздарда — шамамен екі есе артуға тиіс.

* СССР кәзіргі уақытта өнеркәсіптегі еңбек өнімділігінің дәрежесі жөнінен Европаның дамыған капиталистік елдерінен асып түсті.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев К., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секретарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 23-03, 24-95.

15/1-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108^{1/16}—2,5 к.—6,85 авт. т.

УГО1103. Тираж 20.650. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 1036

1141248

ЖАҢА КІТАПТАР

Н. С. Хрушев. Халықаралық жағдай мен Совет Одағының сыртқы саясаты туралы. Қазақ тілінде. 40 бет. Бағасы 40 тиын.

Кітапшада Н. С. Хрушев жолдастың 1959 жылғы 31 октябрьде болып өткен СССР Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында жасаған баяндамасы бар.

А. Б. Аристов. Ұлы Октябрь социалистік революциясының қырық екі жылдығы. Қазақ тілінде. 18 бет. Бағасы 20 тиын.

Кітапшада А. Б. Аристов жолдастың 1959 жылғы 6 ноябрьде Москва Советінің салтанатты мәжілісінде жасаған баяндамасы бар.

Қазақ ССР бесінші сайланған Жоғарғы Советінің мәжілістері (екінші сессия). Қазақ, орыс тілдерінде. 395 бет. Бағасы 7 сом.

Кітапқа Қазақ ССР Жоғарғы Советі екінші сессиясының мәжілісінде сөйлеген депутаттардың сөздері енгізілген. Сондай-ақ мұнда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында қабылданған Заңдар мен қаулылар бар.

Ф. Ларцев. Коммунизм орнатудың ең маңызды, ең басты шарты. Қазақ тілінде. 93 бет. Бағасы 1 сом 10 тиын.

Автор коммунизм орнатудың ең бір маңызды, басты шартының бірі — еңбек өнімділігін арттыру жайын сөз етеді.

Н. Ахмедова. Қазақстанда өндіргіш күштерінің дамуы. Орыс тілінде. 123 бет. Бағасы 1 сом 60 тиын.

Автор бұл кітабында өнеркәсіптегі қара металлургияның, түсті металлургияның, машина жасау мен химия, көмір өнеркәсіптерінің, мұнай мен газдың, жеңіл өнеркәсіптің және электрофикацияның үздіксіз өсіп отырғаны жайлы сөз етеді.

Қазақстанның көрікті жерлері. Қазақ, орыс тілдерінде. 23 баспа табақ, Бағасы 8 сом.

Бір топ авторлар жазған бұл кітапта Қазақстанның көрікті жерлері, тарихи ескерткіштері, музейлері, қазақ жерінің аса сұлу табиғаты жайлы сөз болады.

Ә. Жиреншин. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. Қазақ тілінде. 266 бет. Бағасы 5 сом 10 тиын.

Автор қазақ әдебиетінің классигі Абайдың орыстың ұлы демократ жазушыларынан алған үлгі-өнегесі жайлы айтады.

М. М. Сужиков. Қазақстандағы Октябрь социалистік революциясының ерекшеліктері. Орыс тілінде. 95 бет. Бағасы 1 сом 20 тиын.

Автор Ұлы Октябрь социалистік революциясы кезіндегі Қазақстандағы жағдайды, әлеуметтік қайшылықтарды, қазақ еңбекшілерінің социалистік революция үшін жүргізген күресі туралы баяндайды.

Саяси сөздік. Қазақ тілінде, 722 бет. Бағасы 22 сом 50 тиын.

Бастауыш партия ұйымының секретарьларына көмек. Қазақ, орыс тілдерінде. Бағасы 5 сом 25 тиын.

Кітапхана шағын-шағын 13 кітапшадан құралады. Бұл кітапшаларда республика бастауыш партия ұйымдарының бұқара арасындағы саяси ұйымдастыру жұмыстары, коммунистердің еңбектегі авангардтық ролі туралы, партия жиналыстарын мезгілінде жанжақты дайындықпен өткізудің маңыздылығы жайлы сөз болады.

Д. Құдабаев, Ш. Жанғозин. Ерте қартаймау жолдары. Қазақ тілінде. Бағасы 85 тиын.

Кітапшада адамның мезгілінен бұрын қартаймауы үшін өзін өзі күту жолдары көрсетілген. Көп жасаған адамдар жайлы нақты мысалдар келтірілген.

Бағасы 2 сом.